

Тұрсын Жұманбай

ҮЙСІНБАЙ



Шымкент, 2025 жыл

УДК 821.512.122**ББК 84 (5 каз)****T86**

Тұрсын Жұманбай «Үйсінбай кітабы», - Жебе баспасы, Шымкент қаласы.134 бет

Бұл Дағандел, Бақанас өлкесінен шыққан би Үйсінбай Жанұзақұлы хақында құрастырылып жазылған кітап. Тың толықтырылған еңбекте болыс Әлдеке Күсенұлы, Дағанделі болысының басшылары мен билерімен қатар Әбдірахман Әлімханұлы Жүнісов сынды айтулы тұлғалар жайлы әңгіме қозғалған. Олардың ел алдындағы еңбектері, билік, кесім – шешімдері, халық аузында қалған қанатты сөздері мен өмір жолдары, ата – тек шежіресі қамтылған. Сонымен қатар мұрағат деректеріндегі мәліметтер келтірілген.

Кітапқа есімі енген ерлердің заманы, үзеңгілес серіктері туралы жазылған кей мақалалар, жыр – дастандар, үзінділер енген.

Кітап қалың оқырман қауымға арналған.

ISBN 978-601-822275-8-5

ISBN 978-601-822275-8-5



©Тұрсын Жұманбай
2025жыл



سراج ایلونسی یو حمانباي
جوانموز (۱۵۱۵) اوغلی

Алғы сөз

Қазақтың сайын даласы кеше мен бүгінді байланыстырған тарихи оқиғалар мен оларға қатысы бар тұлғалармен ерекшеленеді. Олардың әрбірі тылсым күшке толы, ашылмаған жұмбағы көп замандар шежіресі. Атадан балаға жеткен тағылымды сөзді тергеу, теру көзі қырағы, ойы тұнық, қазақ тарихына бей – жай қарамайтын, нағыз мамандардың еншісінде....

Құрметті, тегін тергеп жүретін, көзі қырағы оқырман! Өсіп – өнген үлкен атаның шежіресі іспетті тарихи кітап сәті түсіп қолыңызға тиіп отыр. Кітапта әйгілі адамдардың өмірі мен қоғамға, халқына сіңірген еңбегі жайлы көптеген тың мәліметтер мен оқиғалар тізбектеле өрілген. Қойнауы шежіреге тұнған Дағандел, Бақанас өлкесі жайлы тарихи деректер келтіруден басталған «Автордан» атауымен бірілген кіріспе бөлімі әп дегеннен оқырманды қызықтырып әкетеді. Ары қарай Қарқаралы округіне қараған Керей болысын басқарған, Жанұзақұлы Үйсінбай туралы сөз болған. Ел басқарған Үйсінбай жалғыз Шұбартау еліне қатысты емес, арысы Қарқаралы, Аягөз, Абай өңірлеріне танымал болған би туралы тың деректер мен құнды мәліметтер қамтылған.

1 – тараудың «Тегін білу – тектілік» бөлімінде автор Үйсінбай бидің әкесі жайлы әңгіме шертіп, одан тараған ұрпақтар жайлы деректер беріле отырып, аталарды қуа тарату әдісімен жазған.

«Ел билеудің жаңа кезеңінде» Бақанас пен Дағанды өзеніне қоныстанған елді «Керей» болысы деп атап, оны сұлтандық атағы болмаса да ел құрметтісі, сол кездері «төбе би» болған Жанұзақов Үйсінбайдың басқарғаны баса айтылған. Үйсінбай Абайдың әкесі Құнанбаймен сыйлас, қызметтес болғаны, Құнанбай 1849 жылға дейін «кішік – тобықты» болысының управителі болғанда, Үйсінбай 1857

жылға дейін «керей» болысының управителі болғаны жайлы қызықты баяндалған. Бұл ақпараттардың ұлы Абай атамызға қатысы болғасын, оқырманның қызыға оқитынына бек сенімдімін.

«Үйсінбай билігі» бөлімінде 1824 жылы «Керей» болысы алғаш құрылғанда «Төбе би» атанған Үйсінбай Жанұзақов шешен, сөзге жорға кісі болғаны, оның билік айтудағы әділдігі мен тапқырлығы жайлы сөз болған.

«Болыс сайлауы» бөлімінде керей елінде болыс сайлауы өтіп, онда халық Үйсінбай Жанұзақұлын болыстыққа сайлағанын және оның адалдығымен, әділдігімен танымал болғаны жайлы сөз болған. Үйсінбай бидің жүйрік ойлы, алғыр, шешен тілді халықшылдығымен елінің құрметіне бөленген, беделді көреген адам болғанына таңдай қаққан ел – жұртының қошеметі зор болғанын аңғаруға болады.

Одан кейін Адольф Янушкевичтің күнделіктер мен хаттар жинақталған «Путешествие в казахскую степь» кітапбынан тың да, қызықты деректер алынып берілсе, «Аталар рухына тағзым» бөлімінде Үйсінбайға арналған жергілікті ақындардың толғаулары, өлең жолдары мен мақалалары жинақталып ұсынылған.

Қосай, Рысбетек, одан Есіркепұлы Нұралы батырдың шөбересі Күсенұлы Әлдеке болыс жайлы 2 – тарауда «Әлдеке (қажы) Күсенұлы» бөлімінде Әлдеке жайлы толық ақпараттар берсе, 3 – тарауда халқының саны жағынан 10361 адамды құраған Дағанделі болысы жайлы «Дағанделі болысының басшылары мен билері 1871 – 1916 жылдар» атты бөлімде баяндалған.

Өзі шешен, өзі көсем, әрі тапқыр, Керейдің ел аралық болған жер дауы, жесір дауы т.б оқиғаларды жағымды шешуге қатынасып отырған, Ұлы Абай мен қатынаста болып сөз жүгіртіскен кім?

Пышағым бар жетесіз,
Туғаным жоқ некесіз.
Өзі туып, өзі толған,
Ердің түбін сұрап не етесіз?!

– деп Абайды сөзбен қағытқан, ерекше тіл біткен Мырзахан шешен жайлы «Мырзахан (қажы) Шегіріұлы» бөлімінде тың деректер келтірілген.

Бұл тараудың «Нұралы Мырзахан ауылында болған кезінде Әлихан Бөкейханұлының Шұбартау елінің тарихы жөнінде жазған қолжазбаларынан» бөлімі мен «Абай мен Мырзахан» бөлімдері тіпті қызық. Абайдың өзін өзінің тапқырлығымен тәнті еткен, Тобықты мен Керей арасындағы дауды ұтқыр шешкен Мырзахан жайлы өте қызықты әңгімелеген.

Дағанды еліне 14 жыл болыс болған. Бай, ауқатты елге қайырымды, шарапаты мол, кең болған, елге сыйлы Нұралы, Кененбайдың жеті ұлының бірі Шағыманның баласы Шолтанай жайлы да «Шолтанай (қажы) Шағыманұлы» бөлімінде баяндаған. «Томан би атамыз айтқан екен» деген екен дейтіндей өлмейтін, өшпейтін өсиет қалдырыпты.

«Қойгелді болыс» бөлімінде Мәмбетейұлы, руы Жастабан Керей, Бегімбет, Қосай – Құткелді (Құтыке) – Төлек, Сарыбай табынан. Дағанды еліне 1908 жылы бір сайлау болыс болған Қойгелді Мәмбетейұлы жайлы мәліметтер жинақталған.

Діні ислам, нәсілі қазақ, ұрығы Керей, Бегімбеттің екі баласы Бекназар һәм, Қосай абыз 1760 – інші жылы шамасында атақты Жобалай би жайлы «Жобалай бидің кесенесіне қойылған құлпытастағы шағатай жазуының аудармасы» бөлімінде жазылған.

4 – тараудың «Тарих қасымызда. Әбдірахман Әлімхан (Зорбас) ұлы Жүнісов» бөлімінде Революциялық идеяны жүзеге асыру мен интернационалдық достық

жолында қыршын жасында құрбан болған, Ресей коммунистік большевиктер партиясының мүшесі болған, революция солдаты Абдрахман Әлімханұлы Жүнісов жайлы мәліметтермен қамтылған.

«Қанды оқиға» бөлімінде Әбдірахманның ең үлкен ағасы еңбек ардагері Мұқаш жайлы болса, «Қарқаралы сапары қаһында» Еңбек ардагері Самхан Жұманбаевтың Әбдірахман Жүнісов туралы деректер іздеп Қарқаралыға сапары жайында қызықты баяндаған.

«Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды», «Халық игілігіне қызмет еткен күрескер» бөлімдерінде небары 24 жасында қапылыста қаза болып қыршынынан қиылған асыл ер Әбдірахман Жүнісов жайлы толық мәліметтер келтіре әңгімелеген.

Мұндай еңбек оқырманды елітіп қана қоймай, өткеннен өнеге алуға, тарихыңды тануға сеп береді, тазалыққа, даналыққа тәрбиелейді.

Жалпы қазақ даласы тұнған шежіре. Оның тылсымын да, қасиетін де иісі қазақ баласы сезінеді деп білемін. Тарихтың әлі де ашылмаған жұмбағы мен айтылмаған сырлары қаншама?! Қорыта келе автор Тұрсын Самханұлына тамырымызды тануға, тұлғаларымызды түгендеуге атсалысып жүргені үшін ризашылығымды білдіремін!

Тұрсын Самханұлының қоржынындағы 2018 жылы жарық көрген «Нұралы батыр» атты кітабының жалғасы іспетті су жаңа «Үйсінбай» кітабының оқырманға жол тартқан қадамы оң болсын!

*Жанымхан Ошан,
ҚР ҒБМ Ғылым Комитеті Ш.Ш. Уалиханов
атындағы тарих және этнология институтының
жетекші ғылыми қызметкері, т.ғ.к.*

Автордан

Кең байтақ қазақ жерінің бір бөлігі Дағандел – Бақанас өлкесі Жетісу, Қарқаралы, Абыралы, Балқаш, Аягөз, Шыңғыстаудың ортасындағы сары жоңға орналасқан, өзіндік тұнып тұрған тарих – шежіресі бар аймақ. Ұлан – ғайыр жерді алып жатқан, жерінде табиғаттың барлық ғажайыптары бар бұл жер ежелгі заманнан бері көшпелі мәдениеттің бір ошағы. Ұлыларды дүниеге әкелген бұл дала – көне тарих қана емес, сонымен қатар кара қылды қақ жарған, елін жаудан қорғаған, жұртына қалқан болған батырлар мен билердің, ақындар, абыздар мен елін сүйген, есті болыстардың отаны. Бегімбеттің елі. Нұралы, Шақантай батырлар. Күй атасы Байжігіт, Жобалай би, Томан би, Байқотан (Бабаң) билердің қонысы. Кешегі тарихта өткен Үйсінбай, Шүршіт, Бодау жырау, Әлдеке болыс, Бегеш, Мырзахан шешендер, Ер Самалдық, Шолтанай, Тышқанбай, Бейсенбай, Демесін, Мырзаш батыр, Мұқатай болыс, Уәйс Шондыбаев, Төлеу Көбдіков сияқты алыптар – осы өлкенің түлектері.

Шұбартау – Дағандел ұрпақтары Керейдің Жастабан ұрпақтары және Төлеңгіттер. Өз елінде керей – төлеңгіт, ал сырт аймақта шұбартаулықтар деген атпен белгілі. Шұбартау төлеңгіттері қазақ, қырғыз, қалмақтан таралған.

Дағандел керейлері Жастабанның бір тармағы Бегімбеттің Бекназар, Қосай балалары. Шұбартау жерінде Найман – Төлеңгіт, Орыс – Медет, Қожа ұрпақтары да бар.

Дағанды өңірінің тарихы күні бүгінге дейін іргелес жатқан Қарқаралы аймағы мен тікелей байланысты болып келеді. 1822 жылғы «Сібір қазақтарының жарғысы» негізінде 1824 жылы құрылып, 1870 жылға дейін Қарқаралы сыртқы округтік Приказы деп аталды. Оның

құрамында 20 болыстың иелігіндегі қыс қыстауы мен жаз жайлауының жер атаулары және оларды басқарған болыстардың аты – жөні көрсетілген. Сонда Керей болысы, кейін Дағанды және Бақанас болыстары жөнінде Омбы архиві мен Қазақстанның Орталық мемілекеттік архивінде сақталған құжаттар бар. 1888 жылы қазақ елін басқару Дала Генерал – губернаторлығы қолына көшеді. Оның құрамында 16 уезд болған. Оның біреуі Қарқаралы уезі. Бұл уезге 21 болыс кіреді. Бұлардың ішінде Дағандел, Бақанас, Шұбартау болыстары бір кездегі Шұбартау ауданы аумағында болған.

Жалғыз Шұбартау еліне қатысты емес, арысы Қарқаралы, Аягөз, Абай өңірлеріне танымал болған Үйсінбай би туралы бүгінде көп айтылмайды. Кешегі Кеңес өкіметінің солақай саясатының салқынымен көркем әдебиеттерде, ауыз – екі әңгімелердің кейіпкері ретінде ғана сомдау басым.

Бабаларымыздың өмірі, заманы, өскен ортасы жайлы тарихи деректер негізі қазақ елінің шежіресі, ел ішінде сақталған ауыз әдебиеті, аңыз-әңгіме және көзі ашық, көкірегі ояу ақсақалдардың айтулары бойынша жазылады. Оны зерттеп, зерделеу тарихшы, зерттеуші, ғалым-этнографтардың төл ісі деп білеміз. Ал, бүгін бізге жеткен ауызекі деректерге қарағанда Үйсінбайдың ұзақ мерзімде ел басқарып, қара қылды қақ жара айтқан әділ билігі ел ішінде аңызға айналған, аса ірі тұлға екені анық. Олар тұтас бір өлкенің, ұлыстың, өз елінің елдігін, бірлігін, тұтастығын сақтауға атсалысқан, ел – жұртының сый – құрметіне бөленген аса қадірлі азамат, қайраткер, би болғандығы ұрпақтан – ұрпаққа ауызекі жетіп отыр.

Ел аузында қалған тарихи тұлғаларды келешек ұрпақтарға жеткізу бәріміздің қасиетті парызымыз. Бабаларымыздың даналығы да, даралығы да ұрпақтан ұрпаққа мирас болып жалғаса берсе деген тілек менен.

Бұл кітап тек қана оқушы, студент қауымға ғана емес, барша жұртқа, яғни жоғары оқу орындарының оқытушыларына, мұғалімдерге, өлкетанушыларға, кітапханашыларға және өз өлкеміздің тарихын білгісі келетін барша оқырмандарға арналған.

ТЕГІН БІЛУ – ТЕКТІЛІК

Шежіреде көрсетілгендей арғы тегі Жастабан, Керей, Бегімбет – Қосай. Қосайдан Еламан, Жоламан (Жолымбет), Жолай, Рысбетек, Құткелді (Құтыке). Бұл бесеуінің аттарынан ақ зұлмат, жаугершілік заманда дүниеге келгендігі көрінеді. Қосайдың төртінші баласы Рысбетектің Қибат деген әйелінен: Есіркеп туады. Есіркептен – Еділ, Нұралы туады. Жетісу жерінде жазылған қисса да:

Қибаттан жеке туған ұл Есіркеп,

Ел болып, Еділ, Нұралы кетеді енді., – деп келетін үзінді жолдар бар.

Ел аузындағы аңыз, әнгімелерде Есіркеп бабамыздың үлкен ұлы Еділ, мыңды айдаған бай болған дейді. Еділдің мүрдесі Нұра бойында жерленген, – деген жазба дерек бар. Нұралының мүрдесі, Бақанас өзенінің жағасында Көпбейіт аталатын жерде.

«Ер Самалдық хикаясында» шежіресінде Бегімбеттің босағасы Құрымбай ордасында. «Көктүбек – Көпбейіт – Қосбосағаны»

Нұралы, Айбас бекітіп кеткен.

Самалдық Жансақұлы (1851 – 1924).

Нұралы, керей Ер Жәнібек, Жантай батырлардың үзенгілес серігі, батыр адам болған.

Қазақта жеті атасын білу ұрпағының міндеті саналған «Жеті атасын білмеген ағаттыққа ұрындырады» деген де бар. Нұралының Бәйбішесінен: Жантемір, Жанұзақ, Өмір, Кәдір, Досымбек деген бес бала. Соңғы үшеуі момын бір ауыл болып, жұбы жазылмағандықтан «Үш момын» деп атап кеткен. Бәйбішенің екінші баласы Жанұзақты, Нұралы ұрпақтарының биі болған, – деп

жазылған шежіре дерек сақталған. Екінші әйелі Балапаннан: Кененбай, Дөненбай, Өзенбай, Сәдір, Бұлантай.

Жантемірден Күсен, Түсен, Шегір. Күсенен Майқы, Майшы, Манас, Әлдеке, Жүніс, Тілеп. Жанұзақтан Үйсінбай, Сүйкімбай, Жанбай. Үйсінбайдың үлкен шешесі Нұралы батырдың бәйбішесі Қазына ана бүкіл Бекназар, Қосайға танымал болған төрт әйелдің бірі. Олар жайлы: – керей азаматтары өз ара нендей бір мәселеге келісе алмаған жағыдайда сол төртеуінің басын қосып, осылардың айтқан төрелігіне тоқталсын – деген. Әр түрлі жесір дауы т.б. оқиғалар солай шешіліпті. Жанұзақтың алғашқы әйелі арғын ішінде қаракесек руының қызы болған. Үйсінбайды қожалардан мұсылманша хат танытып, Қарақаралыдағы нағашыларының қолына беріп, дін оқуын оқытқан. Екінші әйелі Құнанбай ауылының қызы болған. Кейіннен сүйек жаңғыртып немере – шөберелеріне де тобықтыдан үйлендіреді. 1932 жылы ашаршылықта ұрпақтары тобықтыдағы нағашыларына көшіп барып аман қалады. Олардың ұрпақтары Жетісу өңірінде тұрады.

Тарихи құжаттарда Үйсінбай 1799 жылы дүниеге келіп, 1870 жылы өмірден озған деп көрсетіледі. Орыстар оған «ақылды, әділетті, ел арасында сенім мен құрметке ие» деп мінездеме берген.

Үйсінбайдан – Бекшойын, Байшойын. Олардың ұрпақтарынан Аталықтың балалары Байқожа, Тайқожа, Марқасқа, Жолдыбала, Айтқожа. Ағалары Бекшойынның ұрпақтары Әбді, Шөке, Жақыпжан, Нүсіпжан, Бақтыбай, Мәзен, Ақшалақ. Ұрпақтарынан Бақтыбайдан Қыйсық, Оспан. Қыйсықтан Жәкен. Мәзенен Абдірахман, одан Дінмұхамбет. Ақшалақтан Жанпейіс, Ерпейіс. Бүгінде Үйсінбайдан тараған ұрпақтар Шұбартау өңірінде, Семейде, Жетісу өңірінде тіршілік етуде. Атамыздан

тараған ұрпақтарының есімдері Шұбартау өңірінде сақталған. Мәселен өздерінің ата қонысы болған, Майқапшағай (Шат) тауының онтүстік шығыс жағындағы «Байшойының тұмасы» деп аталатын күзек орны, бұлақ бар. Байшойын Үйсінбайдың екінші ұлы. Бекшойының Ақшолағынан туған шөберелері арасында Жанпейіс, Ерпейіс ел ішінде сал, сері болған. Халық арасында «Жанпейістің нөпірінен сақта» деген нақыл сөз қалған. Нөпір, сөзі тобыр деген мағынаны білдіреді. Екеуі ел аралап 40 – 50 адаммен жүреді екен. Бүкіл Шұбартау, Семей өңіріне танымал атақты ұста, күйші, Атығай ақсақал осы Жанпейістің тобының ішінде сыбызғышы болған.

Үйсінбай Жанұзақұлы туралы шежірені Жұманбай атаның інісі Әбдірахман Жүнісов жазып алып, беріп кеткен. Кененбаев Мағауия ақсақал да көптеген мәліметтер жазып қалдырған. Үйсінбайға қатысты мұрағат құжаттарындағы мәліметтерде 1842 жылы түскен рапортта «Уйсенбай, сын Джанузаков, простой киргизец, за 40 лет» деп көрсетілген. Осыны және бұрынғы жазылып жүрген құжаттарды салыстыра, саралай келе Үйсінбайдың 1799 жылы дүниеге келгенін байқау қиын емес. 1824 жылы Қарқаралы округіне қараған Керей болысындағы ел билеу ісінде Байқотан (Бабаң), кейін беделі жағынан Үйсінбай екінші адам болғанға ұқсайды. Үйсінбай керей елінің болысы болып, ел өсе келе 1843 жылдан 1857 жылға дейін 15 жыл, төре тұқымы Жәңгір Шыңғысұлынан кейін басқарған.

Үйсінбай Тобықты Құнанбай мен Бөжей арасындағы кішкентай нәресте қыршын қыздың дауына араласып билік айтқан. **«Алтау ала болса ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса төбедегі келеді» Судың түбін шым бекітеді, елдің түбін қыз бекітеді,** – деп айтқан билігіне екі жақ та тоқталған екен. Поляк ұлтының ақыны, этнограф Адольф Янушкевичтің «Қазақ даласына жасаған

сапарларындағы» күнделік парақшасында Үйсінбай мен талай мәрте кездескені жайында жазба жариялаған.

Әділдігімен танымал болған, халық арасындағы беделі арқасында «Төбе би» атанып, ел ішіндегі күрделі шешімдерді халық арасынан шыққан беделді билермен кеңесе шешіп отырған.

Үйсінбайдың жасы ұлғайып биліктен қол үзген кезі болса керек, жаңына керейдің беделді адамдарын ертіп, Тоқырауын бойында отырған Дадан Тобықты еліне келіп ат басын тірейді «Тас түскен жеріне ауыр» демекші, Үйсінбай осы елдің игі – жақсылары мен кенесе отырып, өзіне осы жерден қоныс алмақшы ойын жеткізеді. Оның о бастағы жер алып қалу жөніндегі пиғылын білгеннен соң, жиналған жұрттың арасынан елге сөзі өтімді бір қрия сөз алып:

Әй Үйсінбай! Оу, Жобалай керейдің жақсысы мен жайсандары, «етегінді жый», – дейді. Бабаларымыз айтар тоқсан ауыз сөздің, тобықтай түйінін осылай астарлап жеткізіп отырыпты. Бұл естелікті кәзір Шұбартау өңірі Мәдениет ауылында тұратын Үйсінбайдың алтыншы ұрпағы Оралатай Дінмұхамедұлынан жазып алдым. Әкем марқұм айтып отыратың, қартайған шағында Үйсінбай атамызға орыстың сөзі өтіп, көзі тигең, – деп. Қарқаралы дуанына қараған Дағандел болысын аралап көріп жүрген Омбы ұлықтарының бірі, Үйсінбай мен бетпе – бет сөлесіп, тұрып Үйсінбай, ты – молодец! – деп арқасынан қағыпты осыдан үшынып ауырып жатып қалған екен, – дейтін жарықтық.

Ел билеудің жаңа кезеңінде

Сібір қазақтары деген Устав (1822 жылы) бойынша округтарға Сұлтандар билік жүргізді. 1822 жылға дейін әр атаның балаларының басын қосып, билік жүргізгендер өздерінен шыққан құрметті адамдары билері болды. Нұралы, Шақантаймен замандас, ата баласынан қалғандардың ең үлкені, 95 жыл өмір сүргендіктен аруақты «Бабаң» аталып кеткен Байқотан билік жүргізді. 1822 жылы Патша үкіметі Сібір қазақтарын басқарудың уақытша ережелері деген Заң шығып, осы указ бойынша 8 сыртқы округ құрылуға тиіс болды. Осыдан Құсмұрын мен Қарқаралы округтары ғана 1824 жылы июнь айының соңғы күндері құрылды. Қарқаралы округі батыста Ащысу өзені мен Балқаш көліне дейінгі, шығыста Шыңғыстау мен Шұбартауға, солтүтікте Ертіс өзенінің жағасындағы Семьярск бекетіне дейінгі байтақ жерді алып жатты. 1843 жылы 26 шілдеде халықтың қалауымен Қарқаралы округінің аға сұлтаны болып, Бөкейханның немересі сұлтан (майор) Құспек Таукин сайланған. 1867 жылға дейін болыстық қызметтің негізін сұлтандар атқарды.

Бақанас пен Дағандел өзеніне қоныстанған елді «Керей» болысы деп атап, оны сұлтандық атағы болмаса да ел құрметтісі, сол кездері «төбе би» болған Жанұзақов Үйсінбай басқарды. Абайдың әкесі Құнанбаймен (1804 жылы туған) сыйлас, қызметтес болыпты. Үйсінбай бес жас үлкен болса да бірін – бірі құрметтеп, қадірлеген. Құнанбай 1849 жылға дейін «кішік – тобықты» болысының управителі болғанда, Үйсінбай 1857 жылға дейін «керей» болысының управителі болады. Қарқаралыдағы «Құнанбай мешіті» дегенді жалғыз өзінің қаражаты емес, халық қаражатын ұйымдастырып салғызудың бірі болған. Ол жөнінде архив материалдары бойынша «Семей таңы» газетінде (22 қыркүйек 1990 жыл) Мұздыбай

Бейсенбаевтың мақаласында округке қараған 16 болыстың 10 тізбесінде жазылған.

Үйсінбай малды, ауқатты болмаған. Оның байлығы халқына сүйенген. Әр жерде жүрген Бекназар, Қосай балаларының басын біріктіріп, елдің елдігін сақтаған. Халыққа мейірімді, шапағаты, кең пейілді адам болғанын оны көрген, көрмесе де естіп білген 50-60 жылдардағы қарттар айтып отыратынын бізде естіп едік. «Адам ұрпағымен мың жасайды, жатты жатсынбай өз ұрпағым санап бала етсең, онда сенің адамшылығың, болашағың, ғұмырың», – дейді екен. Ол малшы ұстамаған, өз ұрпағының балаларына өзінді – өзің асырауға үйрен, – деп еңбекке үйретіп баулып отырған. Құнанбай қажыға барарда Үйсінбайға бірге барайық дегенде: – Менің байлығым жоқ, қаражат керек болар, елім жаңа есін жинап келеді. Туған жердің ұрпақтарын мұсылманша оқытсақ бізге де Алланың шапағаты тиер. Алдағы жаз Бұқара мен Әзірет сұлтанға барып, Алладан мінәжат тілеп қайтсам да жетеді. Қарқаралыда оқып жүрген бір баланы ала барып, медресеге тастап келемін, – деген екен. Ол бала он жыл Бұқарада оқыған Жанпейіс өзінің ұрпағы болыпты. Он жыл оқудың 4 – 5 жылы дайындығында өткен. Келген соң қазіреттікті ұстай алмаған. Оқу соққан, зәрені алатын сөздері бар. «Құс қанатын байлап ұшуға болады, су астында жүріп балық аулауға болады, су ішіне енуге болады», тағы басқа сөздеріне орай бұл жынданған адам санайды халық. Кәзіргі «Майқапшағай» Үйсінбай киіз үй мен отыратын мекені болған. «Үлкен Бидайық» пен «Бала Бидайық» немере ағасы Күсеннің жері екен.

1831 – 1838 жылдардан бастап шаңырақтағы мал мен жан санағы округ бойынша жүргізілген. Малы аз, тұрмысы төмен адамдардың салық төлеуінен өзі босатып отырған. Кедей ауылдарды есепке алдырмай, оларды көрсетпеген. Қарқаралыдан мал мен жан санағының

қортындысы бойынша округтің аға сұлтандық мәжілісі болып, әр болыстың округке беретін салық сумасы бекітілген. Мың шаңыраққа жетпейтіндіктен, жиналатын салық мөлшеріне келмейтіндіктен керей болысын есепке алынбасын, халқын арғын елінің болысына таратуға ұсыныс жасаған. Егер керей елінің жеке болыстығын сақтағысы келсе, Үйсінбай управительдің өзі немесе халқына салық сумасын толтыру міндеттелсін, – деп ұсыныс жасайды. Үйсінбай оған керей елінің шаңырақ санының аз екенін, жерінің мал өсіруге қолайсыз, жазық, таулы екендігін, бүкіл керей жерінде екін – ақ өзен бар, мал басы өспеген, елдің қысы – жазы киіз үймен күнелтетінін, 5 – 10 жыл мүмкіндік беруді дәлелдегенімен оның сауалына Құнанбай, Құдайменде, тағы басқа 3– 4 адам жақтағандығына қарамай, округ басшылары көнбей қойған. Жиын аяқталар кезде орнынан тұрғызады: – Кесілген соманы төлейсің бе? – дегенде Үйсінбай үндемей, теріс қарап тұрып, үн – түнсіз ұзын етекте камзолының артқы етегін үш рет көтеріп, түсіріп есіктен шығып жүре береді. Отырған үш орыс ұлығы мен аға сұлтан Құспек Таукин (майор) мен оның көмекшілері «мұнысы несі?!» деп ашу шақырып отырып қалған. Сонда Құнанбай күліп отырып – «Не түсіндіңдер, ол артын беріп үш рет етегін қаққаны менің тезегімді алыңдар» дегені депті. Ертеңіне Құнанбайды және көңілдес болыстарды араға салып 5 жыл мерзімге 890 үйдің ғана салығын төлеуге келісім берген екен.

Бірде Үйсінбай Жанұзақовқа, Рақыш келіп: – Жеріміз тар, басқа ұлттың қыспағына алындық, көшіп келіп сенің қолқанатың болайық, – дейді. Үйсінбай оған: мал – жанымыз өсіп келеді, бізде қайбір жетісіп отырмыз. Сонау Омбының орысына қараған округінің билігіндеміз. Шығысымыз бен оңтүстігіміз Найман, солтүстігіміз Тобықты, батысымыз Төлеңгіт пен Арғын рулары қоршап

отырған жоқ па? Қыспақтың үлкенін біз көрудеміз. Қашан жаншылып шығамыз, оны Алла біледі. Бірақ округтің Жаңа Заңы қыспақ түсірмес. Жаңа Заңда басқа округтің адамын екінші округке ауыстыру үшін Омбы ұлығының ұлықсаты керек, – деген екен. Ақымбеттің елін сол жерге бастап келген, өз халқының биі болған Рақыш деген адамның есімімен осы күні Рақыш керей деп аталады.

Құнанбай мен Үйсінбайдың кезінде керей, тобықты, төлеңгіт арасында жер таласы барымта, ұрлық деген болмаған. Жаз жайлауды кеңітіп арғын мен тобықты жеріне дейін жайлаған. Дағандел өзені Тұлпар тауына дейінгі Мейізек, Көксенгір, Жауыртағы, тағы басқа керейдің жайлауы болған.

Бір жылы 1839 – 40 жылдары Құсмұрын округінің аға сұлтаны Шыңғыс Уалихановқа барғанда керей болысының управителі Үйсінбай Жанұзақовқа арналған хатты аға сұлтан болған Құсбек Таукин әкеп береді. Оқыса керейді патша үкіметінің Батыс Сібірдегі әкімдеріне қарсы қол жинап жатқанын, өзінің кім екендігін айтып хат жазып жіберіпті. Хатты атақты ақын, сері болған, батыр Сегіз сері жазғандығын біліп, Қарқаралыда оған жауап хат жазып жіберген екен. Хатты өзі жазған өлеңменен қайтарыпты:

Шықса да Толыбайдан батыр дана,

Түскен екен тағы да қатер жолға.

Есі кеткен керейден қол жинаған,

Ұрпағы Шақшақ батыр бір сен ғана.

Елім бар көші – қонмен азып – тозған,

Ерім бар жорықтардан жауыр болған.

Көрмейтін енді қайтіп қияметті,

Халқым бар ойлайтұғын ұрпақ мұңын, – деген

екен.

Осыған қарай Үйсінбайдың да ақын жанды адам екендігін аңғаруға болатын сияқтымыз. Сегіз серінің сол кездегі керей елдеріне жіберген сәлем хатында:

Арғысы Орта Жүздің керей затым,
Үш Жүзге болды әйгілі сегіз атым.
Ұлықтан қуғын көріп кетсем дағы,
Есімнен ұмытылмас туған халқым.
Қылышпын қынабынан алынбаған,
Алтынмын таразыға салынбаған.
Ашамайлы керейдің ер ұлымын,

Бейне бір жанған өрттей жалындаған, – деген
өлең жолдары сол хатында жолданған болуы тиіс.
Сегіз сері Махамбет, Исатай қозғалысына қол жинап
қатысқан жаужүрек батыр, қолбасшы болған екен.
Толыбай батыр атақты шешен, «Бабаң» атанған аруақты
адам болыпты. Сегіз серінің үлкен әкесі Шақшақ батыр Ер
Жәнібектің ең сенімді қолбасы болған. Шақантай мен
Нұралы құралпас адам. Сондықтан Шақантай мен Нұралы
батырды жақсы білген тәрізді. Өйткені сенің, алтыншы
бабаң Үйсінбайдың ағасы Күсен Шақшақтың Нұралы
айтқан нақыл сөзін аузынан тастамай балаларына айтып
ұрасады екен. Ол мына сөз:

Асқар тау төбе болар тас, кеткен соң,
Жақсы ауыл жың болады бас кеткен соң, –
дейді екен.

Балам! Ойшыл, дана Даламбер деген адам, – Нағыз
адам өзінен әулетін, дәулетінен Отанын жоғары қоюға тиіс
деген. Сол айтпақшы ең алдымен адамзат пен Отаның
аман болсын. Сонда дәулет те, әулет те болады. Кейінгі
дәулеті мен әулеті молайған аталарға сенің үшінші атан
Әлімханмен замандастарға ғана әсем тұрғызылған
күмбезді зираттарды көресің. Ал халықтың мүдесін
қорғаған нағыз халық батырларының көз тартар еш бір
белгісі жоқ. Бүкіл қазақ халқының берісі өз әулетінің
бірлігі мен амандығын сақтап қалуда халық батырларының
біздің заманымыздағы одақ батырларынан еңбегі бірде кем
емес еді. Ел жұртынан мындаған шақырым жерде, иен

түзде, таулардың басында, қылыш пен найзаның ұшымен шұқырлап, тас қалап шығарған үйіндінің астында қалды. Нұралы батыр бабаң «Горный» совхозында, Бақанас өзенінің жағасында, Жантемір, Жанұзақ, Үйсінбай, Күсен, Жүніс аталарың Үлкен Бидайықтағы «Қожа басы» зиратында, Қара Қожа Қамбатшайым – деген әулие Қожаның зиратында жатыр.

*Самхан Жұманбаев,
еңбек ардагері, 1958 жылдан
СОКП мүшесі, зейнеткер.*

14маусым, 5 шілде 1991 жыл "ШҰБАРТАУ ШҰҒЫЛАСЫ"

Он екі қанат ақ ордасын атпен тіктірген Шалғынбай төре шаныып, шалқақтап, сұстана жатып алады. Сәлем бере барғандарға дүрсе қоя беріп, жалған жала жауып:

– Осы жақтың жылмиған зымиян, жылпатөс бір қу жігіті төрелердің мандайға біткен аққу аруы Ақшолпанды кәдесіз, қалың малсыз алдап алып қашып кетіпті сол тентекті ертеңнен қалдырмай ұстап беріңдер-дейді.

Көрегені бар көш бастайтын. Үйсінбай Жанұзақұлы:

– Төре, жансақ айтып, жалған жала жауып тұрсыз. Бұл қарақарадай басыңызға ұят емес пе? Бізде төрені қойып, қарадан да қыз алып қашқан жігіт жоқ деп ақталады.

Оған Шалғынбай төре ырық бермей – Ақшолпанның қалың малы үшін бес жүз байтал, айып үшін жүз байтал, барлығы алты жүз байтал бересіңдер. Оны орындамасандар ит жеккенге айдатам, – деп құбыжық болып қорқытады. Тоғыз – тоғыздан айып алуға бізде құқық бар... деп кергиді.

Үйсінбай осы Шалғынбай шығарған шатақты Байқотан (Бабан) жеткізеді. Бабанның қартайып тұғырдан түсіп отырған кезі екен. Бабан қатуланып, қаһарына мініп, Шалғынбай төреге келіп сәлем берсе алмапты шалқадан түсіп, шаниып, мізбақтастан жатып алады. Байсалды Бабан тақпақтап ой толғамын тоғытыпты:

О, төре, асқақтама,
Аспакқа асыласың.
Бәсеңде, бәйгеге қосыласың.
Арың таза, ақылың болсын,
Сөзің алтын – асылың болсын.
Әсіре қызыл болма, тез оңасың,
Үшқыр болма, жеріңе жетпей қонасың,
Қарақан бастың қамын ойлама,
Құлқынның құлы боласың.
Өте тереңге бойлама, өлесің,
Отпен ойнама күйесің.
Биікке құлаш сермесен мұратқа жетерсің,
Ел тағдырын ойласаң.
Рахатқа жетерсің.
Қарсы жерде қаза бар,
Қарыс жерде қазына бар-
Жүрегіңмен сезінсең,
Жамандақтан безінсең.
Көпті жамандама,
Көмусіз қаласың.
Біреумен егеспе, ел болмайсың.
Кең болсаң, кем болмайсың.
Біреуге жамандық жасасаң,
Ұятың жерге тығады.
Біреуге жақсылық жасасаң,
Алдыңнан шығады.
Қадірлей білсең боласың,
Адамзаттың баласын...

Төре болсаң жетелі,
Сәлемімді алар ең.
Осы айтқаным жетеді,
«Төре талауда» қалар ең!..

Ертедегі қазақтың жол – жосығында, төре билеген заманда, қара халыққа күн көрсетпеген келеңсіз жауыз төренің ауылын шауып, жиған – терген дүние – мүлкін, мыңғырған малын, бар байлығын қол астындағы қара халық талап алып, төрені қаңғыртып басы ауған жаққа қуып жіберетін жосын болған – ды. «Төре талау» деп осыны айтады. «Төре талауға» жолыққан, жолы болмаған сорлы төре шамданып, шадыраюға шамасы жетпейді, ит қарғысы қасқырға жетпейді. Бұл «төре талауға» түскен төреге, басқа төрелер де қызуқандыққа салынып, арашашы болмайтын әдет бар.

«Қырсыққан ит қыңыр жүгіреді» деп, сазбет төре басын көтермейді. Бабаң жанын жегідей жеген осындай оспадар қалыққа төзімі таусыла түңіліп, қатты қатуланып, оның жер – жебіріне, жекен суына жетіп, ешкімнен ықпаған, сөз ұқпаған кеше төренің «барынан жоғы жақсы» деп отының басын киелі қамшысымен бір тартып жіберіп, жүре береді.

Суға салса батпайтын, отқа салса жанбайтын жалақор, пәлекор, паракор, паң төре төсекте түйнек тигендей дөңбекшіп жатып, көрешегін көріп, қинала – қинала өліпті.

Міне, табалаған емес. Осылайша ат атандырып, сүйек сындырған, делқұлы, делбе, су жұқпас сұмырай сұм, суайт, момын елді алдап, мал жинап алмақшы болған залым төре де өз ажалынан бұрын жер жастанады. Қашан да араны ашылған қорқаулар көрге бұрын кіреді.

Үйсінбай билігі

Құнанбай мен Бөжей араздасып көпке дейін татуласпай патуалы береке бірлікке келмейді. Ағайынның арасы ашылып берекесі қашады. Осы араздық алауыздықтың аяғы насырға шауып, екі жақтың бірін – бірі жамандаған шағым арызы Ояз және Омбының Генерал Губернаторынан асып, Петербургтағы Патшағада барып жетеді. Патша Жігітек Бөжейді білмесе де, қарадан қақ жарып шыққан Құнанбай Өскенбай ұлын және Керейдің Болысы Үйсінбай Жанұзақ ұлын сыртынан жақсы біледі екен. Сондықтан Омбының Генерал Губернаторы «Құнанбай мен Бөжейді. Керейдің Болысы (бұрынғы) Үйсінбай татуластырсын» деп жарлық шығарады. Бұл жарлыққа Бөжей бойсұнғанмен, Құнанбай іштей қарсы болады. Ол «Аға сұлтанды аяққа басқандай Арыстандай ақырған, азуы алты қарыс Арғындардың бір болысы құрып қалғандай» деп Үйсінбайды қораш төмен санап менсінбеген пиғыл танытады. Бірақ патшаның аты патша ғой әмірі жерде қалмайды. Жарлық екі шығарылмайды. Ол Құнанбайдың мойнына түскен қыл бұғалықтай болып, төрт аяғын тырп еткізбейді, серпуге енді дәрмені болмай амалсыздан Үйсінбайдың ығына еріксіз жүріп көнеді. Үйсінбайдың жасы Құнанбайдан үлкен екен.

Жидебайға, Құнанбай мен Бөжей үй тігіп, мені қарсы алсын, – деп Үйсінбай да шіреніпті. Сәлем айтады.

Үйсінбайдың осал кісі емес екендігін Керей мен Тобықты елі де сеніммен сезе бастайды.

Үйсінбай да шешен сөзге жорға кісі екен. Ол алдағы айтар билікке күн ілгері дайындық та жасай бастайды. Іші ку өзінің, Құнанбай бойына тоғытпайды, менсінбей жүргендігінде сезіне біледі. Жатса, тұрса Құнанбайға қыр көрсетуді ойлайды. Қанша айтқанымен көпті көрген кәрі шораяқ қой. Оның да ретін келтіреді. Үйсекең жан-жаққа

кісі шаптырып, Бекназар, Қосайдың баласынан өнерлі әнші, күйші, сал-серілерді жинатады және олардың таңдап мінетін жылқы ішіндегі бойы да, тұрқы да бірдей темірдей қара көк су төгілмес жорғаларды таптырып алдырады, сонымен ұзын саны 250 кілең жас (ығай мен сығай, сен тұр мен атайындардан) өнерпаздарды біркелкі сусар бұлғыннан бөрік кигізіп, ер тұрмандарында алтыннан аптатып күміс пен күптетіп, бөгде көрер көзді айнадай шағылыстыратындай етіп зергерлетеді. Сондай-ақ сән салтанатқа бөленген өнерлі жігіттердің жүгені мен ер – тұрмандарын, таралғы пыстандарды да әшекейлеп, өмілдірік пен құйысқандарыда (өрмелі) әшекейлеп зерлеп жарқыратып, сонымен бірге жігіттердің жалпақ кәмер күміс белбеуіне асыл гауһар тастардан жарқылдаған көздер орнатып, ою өрнектер салдырады. Қысқасын айтқанда, сал – серілердің қолдарына ұстаған камшыларында сап-сарыла сап алтынмен аптатып, аяқтарына киген етіктерін көксауыр былғарыдан тіктіреді.

Осынау салтанатқа малынған Керейдің сал – серілерін Үйсінбай екі – екіден қатар тізіп, Құнанбайдың ауылының үстінен әдейі ән салдырып өткізеді. Тобықтыдан там үйді алғашқы салдырушылардың бірі Құнанбай екен. Ол үйінің терезесінің алдында отырып, Үйсінбайдың осы көрсеткен салтанатты шеруіне әрі қызыға да, әрі қызғана да қарап отырыпты. «Кәрі иттің бізді басынуы-ай...» деп шиыршық атып, күйініп те отырыпты. Үйсінбайдың жарасқан осынау салтанатты жүрісі жол бойындағы Керей мен Тобықты ауылдарының адамдарының бәрін де тамсандыра таңқалдырады. Үйсінбай ұйымдастырған салтанатты сал-серілері ат үстінде үкілі домбырамен күмбірлете күйлер де төгіп, және ата мұрасы қазақ халқының қасиетті қара қобыздарын да сарнатып, сазды сыбызғыларын сызылтып, әндетіп, сәндетіп, дүбірлетіп, думандатып түс қайта Жидебайға

келеді. Үйсінбайдың алдынан Бөжей нөкерлерімен шығып қоғадай жапырылып, әдеппен жылы шыраймен қарсы алады. Сөйтсе Бөжей жақтың үй тігіп күткеніне үш күн болған екен. Ал Құнанбай жақ шұбар төс шынжыр балақ мықтылыққа салынып, мұнда ат ізін де салмай, үш күн өткен соң бір-ақ келіп олар да үй тігеді. Сабырлы, салихалы Үйсінбай оған қынбайды. Қыңыр жүгіріп, қисық мінез де көрсетпейді. Үйсінбайға, Құнанбай кішірейіп сәлем беріп келеді. Сонда Үйсінбай тұрып:

Құнанбай болсаң, жүйріктігің Құландай болар. Жүйрікке де бір томар деген, оқыста сүрініп жығылса құлағында құр бақа ойнар... Осы жолы бітсең де бітесің, бітпесең де бітесің – депті. Құнанбай ұялғанынан күлген боп кешірім сұрап, басын изеген екен. Үйсінбай: - Үш күн Бөжеймен сөлестім. Енді үш күн Құнанбай сенімен тілдесемін. Үш күн қабырғаммен ақылдасып кеңесемін, оныншы күні таңертең билік айтамын, - дейді. Жұрт асыға көптен күткен оныншы күнінде таңы атып, сәті келеді. «Үйсінбай не айтар екен?» деп жұрт антарыла қарасады. Межелі уақыт болған соң Үйсінбай сандықтардан құрап жасалған биік мінберге шығып: – О, әлеумет! Құнанбай мен Бөжейдің алты бақан алауыз болып араздасып от басы, ошақ қасындағы қатын өсектен өршіп өрбіген көрінеді. Ел бүлінерлік ештеме де жоқ екен. «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді» деген, енді менің айтарым осы ел басшыларына әреке емес, береке татулық қажет. Өйткені ел іші, үй іші ала болса, онда кереге басы толған пәле болады. «Судың түбін шым бекітеді, елдің түбін қыз бекітеді» Құнанбай кіші бәйбішесі Нұрғанымнан туған кішкентай нәресте қыршын қызды Бөжейге берсін. Бұл Құнанбайға төлеткен айып – қыйып емес, адамгершілік, – депті. Осы Үйсінбайдың билігіне екі жақ та риза болып, тоқтаған екен. Құнанбай:

– Көзіңіздің қыры көп түсе берді ғой, – деп үстіндегі жанат ішігін Үйсінбайдың иығына жауыпты.

*Мағауия Сағымұлы Кененбай,.
(1899 – 1971)*

Болыс сайлауы

Керейдің қасиетті Бабасы Орта Жүзге орны бөлек әділ билердің бірі Байқотан би (Бабәң) Кәріліктің даусы ауыз баққаны, – деп, төсегін төрт қабат қалың салдырып оның үстіндегі мамық құс төсекте тыныш демалып жатады екен. Сол кезде Ақпатшаның жарлығымен қазақты бұрынғы төбе билер билеген, ескі басқару тәртібі қалып оның орнына Болыс сайлау тәртібін енгізеді. Байқотан Бабәң өз ауылынан болыс сайлауына қатынасып келген адамдардан:

- Кімді болыс сайладыңдар? – деп сұрапты.

- Тоқсанбайды болыстыққа сайлап келдік, – депті әлгі жұрт. Сонда Бабәң «әттеген ай» деп, өкініш білдіріпті:

- Атанның жүгін тайлаққа артып жіберген екенсіңдер. Жүк ауырын нар көтереді, семіздікті қой көтереді, елдікті ер көтереді мынау әлемді жер көтереді. Осы Тоқсанбай елдің жүгін көтере алар ма екен? – депті. Осыдан кейін Тоқсанбай алты ай өткен соң болыстықтан түседі. Тоқсанбай Орысұлы, Керей – Қосай – Сарыбай тегінен.

Оның орнына керей елінде тағы болыс сайлауы өтіп, онда халық Үйсінбай Жанұзақұлын болыстыққа сайлайды. Оны естіген Бабәң риза болып:

- Жарайды, тұлпардың өзін таппасаңдар да тұяғын іліктірген екенсіңдер, – депті. Үйсінбай, адалдығымен, әділдігімен танымал болған. Жүйрік ойлы, алғыр, шешен

тілді халықшылдығымен елінің құрметіне бөленген, беделді, көреген адам болған деседі жұрт.

Үйсінбайға дейін сұлтан, старшын атымен Керейдің Бегімбет ауылдарын басқарған адамдар төмендегідей:

Жәнгір Шыңғысов, Байторы Өмірзақов, (бұл кісі, Керейдің Еменәлі руының старшыны болған). Пішен Көрпебаев, Сүттібай Жобалаев, Тоқсанбай Орысов, Ескібай Текебаев, Шүршіт Құлбарақов, Бектемір Ақпанов, Түмен Ботаев, Байтан Пұшықов. Сол кездегі Қарқаралы өңірін мекендейтін, жер ыңғайына қарай шекаралас туысымыз ашамайлы керейдің Еменәлі руымен біздің Бекназар, Қосай қосылып, болыстық дәрежедегі бір сұлтанға бағынды.

Керей болысы 1045 шаңырақтан құралып, қыс қыстауы приказдан 200 – 300 шақырымда жатқан Ырғайлы, Тұлпар, Көкшетау, Қайранөзен, Құсақ, Татан, Төлебике, Қызыладыр, Үшқайың, Еспе, Жамағықарағай, Жебетау, Жорға, Түндіктас, Қараөзен, Арқарлы, Бесбақан, Мұзбел, Ақтүн, Құмжүн, Бестөбе, Қаражал, Бирулі, Күйкентай, Дағандел, Ортақарауыл, Басқарауыл, Бақанас, Қойтас, Күнкей, Шоқмантас өзегімен, Үшбозған, Ақшоғыл, Көксенгір, Қаршығалы, Құсмұрын өзегімен, Ақбастау, Борлығап, Үшқара, Мейізек, Доғандел, Жыланды, Алабектіқорық, Майқапшағай, Сандықтас, Шоқпар, Бесбақан, Шөладыр, Тоқтаболат жерін қыстау еткен. Керей болысының жазғы жайлауы Дағандел өзені, Құсақ, Тоқырауын бөлігімен ұштасып Талды өзенінің бас жағын жайлап приказға 50 шақырымға таяп отырған.

Үйсінбай Жанұзақұлынан кейін, бұрынғы керей болысы, 1871 жылдан Дағандел болысын басқарған болыстардың тізімі:

1. Әлдеке Күсенұлы 1857 – 1889 жылдар аралығында бірнеше сайлау басқарған.

2. Жиенбай Шанкөтұлы 1880 жылы бір сайлау болыс болған.

3. Уақбай Өскенбайұлы 1884 – 1901 жылдары аралығында басқарған.

4. Шолтанай мен Нұртөлеу Шағыманұлдары 1885 – 1898 жылдары болыс болған. Шолтанай болыс болып сайланардан бұрын, болыстың орынбасары қызыметтерін атқарған.

5. Мәтіш Шолтанайұлы 1895 жылы бір сайлау болыс болған.

6. Демесін Мейірманұлы 1901 жылы болыс болған.

7. Тасжан Жоламанұлы 1905 жылы болыс болған.

8. Қойгелді Мәмбетейұлы 1908 жылы бір сайлау болыс болып сайланған.

9. Бейсенбай Тойсарыұлы 1911 – 1919 жылдар аралығында болыс болып сайланған.

10. Мұқатай Смағұл (қажы) ұлы 1919 – 1925 жылдары болыс болып сайланған. (6 жыл басқарған керейдің ең соңғы болысы).

Мұқатай 1929 – 1930 жылдары конфескеленіп, Қостанайға жер аударылды.

Мұрағат құжаттары

Именной список султанам, биям, старшинам, почетным киргизам.

1842 г., августа 13. – Рапорт Каркаралинского внешнего окружного приказа в пограничное управление сибирскими казахами.

Байкутан, сын Аманбаев, би около 70 лет. Кроткий и справедливый. Очень богат. Киреевской волости, рода Костай, отделения рыспетек. Управляет ауылом. В перданности несомнителен. Летние и зимние кочевки обще с султаном Джангыром Чингисовым.

Джангир, сын Чингисов, султан 51 года Смирный Посредственнoго состояния. Киреевской волости. Волостной управитель с 1 сентября 1824 г. Летние кочевки от речки Боканас, гором Май – Капчагай доходят до речки Талды, от Каркаралов в 30 верстах, а зимние – при сказанной речке Боканас и окрестным урочищам около 300 верст к югу от приказа.

Уйсенбай, сын Джанузаков, простой киргизец, за 40 лет. Кроткий и справедлив. Богат. Киреевской волости, рода костай, отделения рыспетек. В преданности не сомнительный. Летние и зимние кочевки с султаном Джангиром Чингисовым.

Юсунбай Джанузаков (Юсюнбай Джанузаков), би, управитель Киреевской волости. Каркаралинского внешнего округа.

Юсуп Алчинбаев (Юсуф Альчинбаев), би, управитель Айбике – Чанчаровской волост. Каркаралинского внешнего округа, сын старшины Алчинбай Тленчина.

Байкулак Умиралин казах
Сюттубай Джобалаев, старшина

Токсанбай Урусов, старшина
Мынбай Кенбабин, старшина
Чурчут Кулбараков, старшина

Киреевская волост 14.12.1843 год

Список вновь избранных ауылных старшин...

Бии Ермен Естемесов, Сабан Нокатов, Юсунбай
Джанузаков

Аульные старшины Нуралы Ильдаевъ, Чанкут
Бекбулатовъ, Чегир Джантемиров, Мынбай Кенбабаевъ,
Байтемиръ Акпановъ

Приложение Список за 1850 год.

Юсунбай Джанузаков, бий, 44 лет. Справедливого характера, умный. Посредственного состояния. Киреевской волости, рода косай. Волостной управитель. Летние кочевки при урочище Тюлкалы, за 200 верст, а зимние – по речке Боканас, за 300 верст от приказа.

Худайменде Шатемиров султан 45 лет. Скромного характера, умный. Посредственного состояния. Туленгутовской волости. Волостной управитель. Летние кочевки по речке Токрау, за 90 верст, а зимние – при озере Балхаш, за 300 верст от приказа.

Чанкут Бекбулатов, старшина. Характер беспокойный умный. Посредственного состояния. Киреевской волости, отделения рыспек. Ауылный страшина. Зимние и летние кочевки вместе с управителем волости Юсунбаевым.

Майбасар Ускенбаев би, управитель Кучук Тобуктилинской вол. Каркаралинского внешнего, округа, брат старшины Кунанбая Ускенбаева.

Қазақстанның Орталық мемлекеттік архивінде сақталған құжаттарда: орыс үкіметінің болыстардағы мал

санын қатты қадағалап, қатан есепке алып отырғанын аңғаруға болады. Оған 1846 жылдың 12 – тамызында орыс шенеуніктері тарапынан Керей болысы Үйсінбай Жанұзақовқа жіберілген төмендегідей мазмұндағы хат куә.

«Волостному управителю Киреевской волости Юсунбаю Джанұзақову

Уже произведенного мною исчисления вверенной вами волости оказалось значительная убыль в лошодах, скота и баранахъ. Почему предписываю Вам донести мною, не существовала какая болезнь на скота в течений последнего трехлетия? Ежели существовала, то было ли о том то донесено Приказу и сколько оного пало представить ведомость.

Чиновник Особых поручений Ивашкевич (36)».

Осы тапсырмаға

Үйсінбай Жанұзақов былай жауап берген екен: «12 августа 1846г.

Господину Чиновнику Особыхъ поручений при

Пограничном Начальнике Ивашкевичу

Управителя Киреевской волости

Рапортъ

Вверенной мне волости у киргизов в течении последнего трехлетия на лошадей, рогатый скот и баранов никакой повальной болезни не существовало, а пола от разных болезней больше от гололедицы и глубокости снегов и сильных буранов, в разное время по краже, но неизвестно кем и при разграблении аулов юсуновскими киргизами угнать барантой, о чем донесено было Каркаралинском Приказу от 8 января 1844г. за №12 и 10 мая 1845 года за №22.

О чем предписание Вашего Благородия от 12 августа за №64 с представлением ведомости у былому скоту донести

Волостной управитель (мөрі) Юсунбай Джанузаков (36).

Бұл құжатқа берілген тапсырмаға сәйкес, болыста соңғы жылдары шығын болған малдың нақты есебі көрсетілген ведомостіде тіркеген екен:

«Ведомость

Убыло скоту в Киреевской волости

12 августа 1846г.

В 1844 году разгроблении Ауылов Юсюновскими киргизами угнато барнтою

Число скота

Лошад рогатов баранов

95 - -

В 1845 году от разных болезней и от голову по глубокости снегов и сильных буранов

Лошад рогатов баранов

9047 1963 3783

В том же году кем уворовано

Лошад рогатов баранов

732 - 134

Болыс осы жауабын нақтылай түсу үшін ауыл старшиналары (мөрлерін) басқан. Билер мен болыстағы кейбір құрметті азаматтар атынан тағы да мынандай мазмұндағы мәләмдеме жасаған екен:

«1846 года 12 августа мы приложившие свои печати и тамги даем сию подписку Господину Чиновнику Особых поручении при Пограничном Начальнике

Ивашкевичу в том, что в нашей Киреевский волости действительно последнего трехлетия существовали разные болезни, от чего у нас большое количество рогатого скота вывалилось, опасаясь лишится всего большую часть продали, а другие много вырезали, что показываемый при настоящем исчислении скот неутаен и что в случае ежели откроется что у нас есть скота нежели мы показали, за устойчивость оно подвергает себя не только сторожайшему законному взысканию, но даже личной ответственности.

Волостной управитель, бий Юсунбай Джанузаков.
Старшина Чегыр Джантемиров

Бий: Нургожа Джолдызек, Рымкул Кененбаев, Майкы Кусенов, Токчора Садыров, Джаманкул Байсакалов. Старшина Нуралы Ильдаев. Киргизы: Джаксылык Тюребаев, Кулмаганбет Байгулаков, Джанабай Джантемиров, Утебай Байгутанов, Аман Маймаков. Старшина: Бошук Тюлендин. Киргизы: Картабай Догалов, Конуспай Мергенов, Байтока Чагыров, Алим Джаксыкелдин, Тилинша Сейтимбетов. Старшина: Шанкут Бекбулатов. Киргизы: Сагыр Токпанов, Данияр Калыбаев, Иса Асабаев, Умбет Кожемтаев, Джанбай Джанузаков, Рыскул Джапалов. Старшина Мынбай Кенбабин. Почетные киргизы: Укубас Дулатов, Абай Бабыков, Абулхаир Нукатов, Джанугул Бекхорин. Старшина Пансары Тилевов. Киргизы: Байкиши Булегенов, Тюлимис Калыбаев, Чилдебай Тинибек, Карымбай Барчин, Сытык Мынбаев, Куймос Тургаев. Старшина Байтемир Акпанов. Бий: Чакы Джамабаев, Садыр Казакпаев, Джамгурчи Джандосов, Уки Бекбулатов, Тоғанбай Джанкышин, Сатбай Елтоков, Конрат Туранкаев, Ибак Тотин, Майрык Аккошкар»(36).

Болыстын өз жауабының соңынан бұл ұзақ тізімді келтіруінен орыс ұлықтарының сол кездегі болыстардың сөздеріне аса сене қоймайтындығын, сондай – ақ Керей болысындағы атқамінерлер санының көбейе түскендігін осы тізімнен байқауға болады.

1846 жылдың 6 – шілдесінде Керей болысында болыс сайлауы өткізіліп, онда Үйсінбай Жанұзақұлы қайтадан болыс болып сайланады. Осы сайлау кезінде Көбеген Жайықбаев (Бабаның туысы, Майемер – Жайықбай) оның қайта сайлануына қатты қарсылық көрсеткен. Осыған байланысты Керей болысындағы билері, старшиналары мен құрметті қазақтары Сібір қазақтарының Шекаралық бастығына оның үстінен арыз – шағым түсіріпті, онда олар Көбеген Жайықбаевтың бұл ісін дұрыс емес деп тауып, оны жазалауды ұсынған (37).

Янушкевичтің күнделігі

Үйсінбай туралы поляк халқының Семей губерниясына – өлкесіне (саяси қылмыскер ретінде жер аударылып келген, 28 жастағы Адольф Янушкевичтің «Қазақ жеріне саяхат» деген күнделік дәптерінде (кейін қарындасы кітап етіп бастырған, алғашқы кітабын қазақ оқырмандарына аударған Аягөз елінің журналисі Зұлхаров Ғабит), екінші басылым, Роллан Сейсенбаевтың халықаралық Абай клубы Жидебай – 2017 Алматы қаласында жарық көрген еңбегінде шынайы мінездеме дерек беріліпті.

22 тамыз 1846 жыл

Шай үстінде бізбен бірге осы жердегі болыс басқарушысы, жасы егде тартқан Үйсінбай (Юсупбай)

болды. Жақын маңдағы төбешіктерде отырған қаншама қырғыздарды көрсек те, олардың кешегі күні әдеттегідей тобырымен үстімізден сау ете түспегені бізді қатты таң қалдырды.

Сөйтсек, Үйсінбай олардың асығыс кіріп – шығып, Виктордың мазасын алмауына және жолдан келген оның тынығып демалуына мұрша беруін сұраған екен. Қырғыздардан бірінші рет осындай кішіпейілдіктің үлгісін көрдім. Тілмаштың қай болыста жүргенін білу сирек, бұл үлкен ыңғайсыздық туғызады. Егер де ол өз сапары кезінде бір жерде ұзақ жүріп қалса, онда қырғызға одан келер пайда аз, себебі ол (тілмаш) өз пайдасын, атүсті жазған қағазы үшін, кейде тіпті олардың мүддесіне қарама – қарсы болса да, алатын парасын көбірек ойлайды. Бұл жерде ондай жағдайлар тілмаштың қастық ойлауынан емес, оның қырғыз тілін жетік білмеуінен болып жатады.

Бүгін бізге түстік ас берді, талайдан бері осылай қарық болып, асқазанымызды тойдырмаған едік. Ташкенттік бір адам өрік пен мейіз қосылған дәмі тіл үйретін керемет палау әзірлеген екен. Қырғыздардың өздері «пилау» дейтін бұл асты барлық жерде біле бермейді. Біз ташкенттік адамнан пилауды дайындаудың әдісін біздің кухмистерімізге үйретуді өтінгенімізде, ол бастапқыда не туралы сөз болғанын түсінбей қалды, тек біз «күріш» деген сөзді айтқанда ғана түсінді....

Керейлер бір кездері ең бай рулардың бірі болған, соңғы бір жұт оларды кедейлікке ұшыратқан. Оларда ешқандай да сұлтандар жоқ. Біреу болған, сол ғана олардың болысынан көшіп кеткен. Бұл бізге өте қолайлы, себебі шай ішіп, қойдың бір кесек етін жеу үшін отыратын мұндай ақсүйектердің мазасыздығынан біз де зардап шекпейтін боламыз. Мұнда шұғаның сәнге айналғаны көрініп тұр, бірі қалмай осы матадан тігілген бір-бір шекпенді киіп алған. Басына киіп алған тақиялары

(аракчин) бар бірнеше қырғызға үңіліп қарадық: тіпті әрбірінің маңдайында терең тыртық бар, кейбіреуінде бірнешеу. Олардың мұндай соққыларға қалай төтеп бергені таңқаларлық! Жарақаттың себебін сұраған адамдардың қайсысы болсын, оны барымта жасаған уақытта алғанын айтты. Әлбетте, олардың ешқайсысының барымтаға жалғыз – жарым бармағаны мәлім. (235 – 236 беттер)

23 тамыз

...Қарауыл – Қамбар болысынан бізге бір заманда атақты батыр болған, жасы егде тартқан Жапалақ келді. Жүзінен ақсақалдық жасқа келгені байқалады, жанары от шашып тұр, аппақ сақалы да әдемі. Ол біз дем алып жатқан уақытта киіз үйге кіріп келді, мен жатқан кереуеттің тұсына жел өтінен қорғау үшін ілінген кілемге көзі арбалып қалды ма, мені Виктор деп ойлап қалды. Ал ол маған бір уақытқа дейін өзінің қатесін түзетпе деді. Сондықтан мен: «Сіздер жақта мен туралы не айтып жүр?» деп сұрадым. «Сен туралы жақсы сөздер айтып жүр, бірақ Ассессор (сот адамы) жанымызды көзімізге көрсетті».

Қырғыздардың ойлау қабілетінің жоғары екеніне көзім анық жетті. Сөзді қалай жылдам ойлап табады! Әрқайсысы өз жұмысын қалай түсіндіреді және қарсыласын дәлелмен қалай шебер тойтарып тастайды! Тіпті балаларының ой-санасы жылдам дамиды. Бүгін жұмыс істеп жатқанымда, осындағы бір байдың ұл баласы менің жанымда ұзақ отырып, кітаптан басын алмады. Соңы қалай болатыны маған қызық көрінді. Ақыры менен қалам сұрап алды да, өзінің жаза алатынын дәлелдеу үшін татарша бірдеңелерді жазды. Мен оның шеберлігін мақтағанымда, ол өзін бақытты сезінді, мен де өзіме бір пәле тілеп алғанымды білдім: ол содан бері мені

шынтағымен түртіп, кереуетімен бұрынғыдан да бетер сүйенетін болды. Мен одан өзінің жақында қалыңдығын әкелетінін білдім. Ерке бала боп өскен мұндай оқымысты әрі үйленген баламен не істеуге болатын еді? Бір пистонның көмегімен одан әрең құтылдым. Ол атқан оқтан еш қорыққан да жоқ, мен оның у екенін айтқан кезде таң қалды: өңі қашып, өзін нашар сезінді.

Қырғыздарда кейде қызық есімдер, нақты айтқанда, лақап аттар болады. Бірде Полковникті кездестіріп қалсақ, бүгін біздің алдымыздан Капитан деген ұшырасты, келесі біреуі Ясак, үшіншісі Пан. Болыс басқарушысымен шектен шыққанша жауласып жүрген Шүршіт деген ауқатты қарттың ауылына санақ жүргізудің кезегі келген уақытта, оның қарамағындағылардың барлығы оған қарсы жағымсыз әңгімелер айтты, себебі оның отбасы басқаларға қарағанда ауқатты болса да, ол қарамағындағыларға теперіш көрсетіп, ешқандай міндеттемесін орындағысы келмейді екен. Шүршіт те (қытай дегенді білдіреді) оларды жазғырудан аянып қалған жоқ және өзін басқа болысқа көшіруін өтінді. Виктор ақсүйек Шүршітті аға сұлтанның болысына көшіре отырып, екі жақтың да өтінішін қанағаттандырған кезде, осынау әділ үкімге «кұлдық» деп риза болған қатты дауыстар естілді. Шүршіттің бұрынғы қарамағындағылар болса, Пан деген басқа бір старшинаның өздерін қамқорлығына алуын сұрады. Пан мырза өте танымал адамға ұқсайды, өйткені ол жаңағылардың өтінішін орындауға келісімін берген кезде, олар қуанышты екендерін айтып, бас киімдері мен тақияларын шешіп ризашылықтарын білдірді.

Түс ауа біздің ол жаққа қашан баратынымызды білуге төлеңгіттер келді. Әдеттегідей сәлемдесуден кейін мұндағы ел билеуші Үйсінбай оларға Викторды ұсынды: «Баяғыдан бері Пашаның билігіндеміз, бірақ осы уақытқа дейін біз оның адамын көрмедік – оның осыған дейін

жіберген адамдарының біреуі де адам емес». Осыны естіген Виктор оған: «Енді мені көзімше мақтайсыздар, ал кейін Асессор жайында айтқан сөздеріңізді айтатын шығарсыздар». «О не дегенің, қорықпа. Асессор біздің жанымызды көзімізге көрсетті, ал сен үшінші күн осындасың, біреуді ренжітіп пе едің! Бізбен әңгімелесесің, әзілдеп күлесің, құдды бір жерлесіміз сияқтысың. Халық сенің киіз үйіңнің жанында айқайлайтын, дауласатын, тіпті саған ұйқы бермейтін шығар, бірақ сен қазақтарды қамшымен қу деп әмір бермедің ғой. Біз Ресей өкіметіне қосылғаннан бері қаншама көктем мен жаз, күз бен қыс өтті, бірақ тап осындай жақсы, жайлы да тыныш жаз әлі болған емес. Сен біздің жарық күнімізсің. Сен бізді тарақтыларға жақын қоныстануға бұйрық бердің; біз сенің бұйрығыңды орындаған жоқпыз. Себебі онда ауыз су болмады, біз сенің ашуыңнан қорықтық. Ал сен болсаң, келген бойда істің байыбын түсініп, бізге бірде-бір жаман сөз айтпадың. Біз сені қалайша мақтамаймыз! (Сені қалайша мақтамасқа!) Лепсіде болған кезде, бізге сенен басқа кім әке мен шешедей болды? Біз ол жақта өз адамдарымызда болдық, ал олар бізге не су, не ас бермеді. Ал сенің киіз үйің бізге ашық болды: онда бізге қымыз да, шай да, баспана да болды».

Біз серуенге шығып, көшіп жүрген ташкенттіктің дүкеніне бардық. Онда тоқыма шиден басқа ештеңе жоқ. Бір бикеш әуестікпен бізді көрмек үшін бірдеңе сатып алатын адам сияқты көшке келді. Оның жанында екі сіңлісі болды. Біреуі бой жетіп қалған жасөспірім, екіншісі көзі өте сұлу келген жас қыз бала. Оларға өрік сыйлағанымызда, бикеш бірден алды. Ал үстіне көйлек киген, бірнеше қатты өрілген бұрымы бар қыз балалардың ересектеуі бетін қолымен жауып, басын басқа жаққа бұрып, екінші қолын созды. Айырылысар сәтте бикеш

сүйсінгендігінің дәлелі ретінде Виктордың қолын қысты, бәлкім өзінің сұлулығымен ұнағысы келген де шығар.

Өз болысын тастап, басқа болысқа көшу қырғыздарда өте ұят нәрсе, себебі бұл бірге тұра алмайтындығының белгісі. Сондықтан Үйсінбай мен басқа да танымал керейлердің кейбіреуі көшіп келген төлеңгіттерді Шүршітке барып келуге жұмсады, ол қиындық келтіретін адам болса да, оның басқа жаққа көшу жоспарынан бас тартуын өтінді. Төлеңгіттер салт бойынша барлығын жасады, бірақ Шүршіт олардың айтқанына көнбеді. (239 – 242 беттер).

27 тамыз

Кеше, поштаны күтіп алу үшін екі шақырым жерге дейін барған біздер оны күтпестен сағат 9 – да ұйқыға жаттық. Бір-бірімізге ештеңе айтпастан жабырқаңқы күйде ұйықтап кетіппіз. Бүгін поштаның Қарқаралыдан өткендігі туралы жұбататын хабар алдық, мүмкін керейлер ымырт жабылғанша әкеле жатқан поштаны бізге беріп жіберетін шығар.

Керейлерден көшіп кетіп бара жатып жанжал шығарған Шүршітке қатысты шағымды алдық: бізбен бірге жүргісі келмегендердің түйелерін тартып алды, ал олардың біреуі түйесі үшін оған жақындағанда, оны ұры сияқты байлап тастауға әмір берді, тіпті жазықсыз адамдарды зәбірлемеуге көндіру үшін барған Үйсінбайдың атын ұрды. Өздерінің жағдайына сенімді даланың осындай байлары кедейлерге ойына келгенді жасайды.

Қожайыны құлағының ұшын кесіп, маңдайын жарақаттаған бейтаныс бір жас бақташы оның үстінен шағымдануға келді. Ол қырғыз билігінің әділдігіне сенбейді және мұнда біздер болған кезде ғана ренжітпеуге

уәде беретінін, ал біздер кеткен соң өзінен осы шағымы үшін кек алатынын айтты. Олар құлаққа аса икемді сияқты, себебі құлақ мәселесі біздер қараған істердің көпшілігінде бар. Виктордың да айтқаны бар, ол Мансуровпен бірге жүрген кезде, алдыңғы разъездерден ұсталған бірнеше қырғызды лагерге әкелген. Олармен танысу үшін генерал мен оның штабы, сондай-ақ орыстарда жол көрсетуші ретінде жүрген қырғыздар қоршап алды. Жол көрсетушілердің біреуі аяқ астынан бәкісін (пышағын) суырып алып шығып, тұтқындардың біреуіне бас сала, құлағын кесіп алып, оны тістерімен кеміре бастады. Таң қалған генерал оны ұстап алуды бұйырды және сұрады: бұл не сұмдық? Жаман балағат сөздерімен қырғыз айғай салды:

– Бұл ұры, ол сонда менің он атымды ұрлап алған, мен оны бірден таныдым. Кесіп алған құлақты қалтаға сүңгітіп жіберіп, риза болып, бұрылып кете барды. Талтүсте күн жылы, тіпті ыстық болды, ал кешкісін ызғарлы суық болды. Ымырт түсті. Пошта сол беті жоқ, ал таңертең, таң қылаң бере бұл жерден кетуіміз керек. (251-252 беттер).

3 қыркүйек

Бүгін Павелмен бірге қызметке тағайындалу үшін Омбыға келгеніме бір жыл болды. Мұның ұзаққа созыларын және мені бес жыл өткен соң қырғыз даласында саяхаттап жүреді деп ол кезде кім ойлаған? Ол қазір (түстен кейін ұйықтап дем алмаса) біздің қуғында жүргендегі есімізден кетпейтін сол бір күнді ойына алып отырған шығар, бәлкім досының әлі күнге дейін отбасынан жырақта сағынып жүргенін ойлап, көзіне жас үйірілген шығар.

Жаңа ғана басқа бір адъютант Құсбектің келе жатқанын жеткізу үшін құстай ұшып келді. Аюға қатты ұқсайтын «болостың» (болыстарының) басшылығымен көптеген қырғыздар жедеғабыл атқа қонып, қарсы алдынан құйындай шапты. Сол екі арада жоғары шенді қонақты күтіп алу үшін жас жылқыны алып келіп, киіз үйден бірнеше қадам жерде сойып тастады. Көп ұзамай үстінде кара селдір матадан шекпен киген, жанында өз туыстарынан және жас сұлтандардан бірнеше нөкер ерткен, бәрі бірдей желпілдеген құстың қанаты бар бас киім киген, әрең – әрең жүріп келе жатқан Құсбектің өзі де көрінді. Ол тікелей Викторға өтіп кетті және әдеттегідей сәлемдесуден кейін кереуетке жантайып жатып, өзінің қатты қалжырап шаршағанын айтты. Содан соң өзін қаумалаған нөпірдің киіз үйден аулақ кетуін бұйырып, Кенесары туралы айта бастады. Қазір оның Іленің сағасында екенін және жақында үйсіндерге барып, оның жанында болған надан-тобықтының екі қырғызының өзімен бірге келгенін айтты.

Құсбек сияқты мұндай үлкен шонжарда не шай, не бір кесек қант болмайды. Виктордың ол жатқан киіз үйге шайды да, қантты да апаруға бұйрық бергенімен қоймай, ол одан кейін туысқандарына шай мен қант сыйлау үшін

адамын қайта – қайта жібереді, ал одан кейін қатқан нан сұрата береді. Оны қырғыздар сүйсініп жейді, ал өздерінде ол ешқашан болған емес. Бізде бола отырып, Құсбек Ой – Жайлаудан кетерінде Виктордың темір кереуетін барымталамағанына өкінді. «Сіз өзіңіз ойлаңызшы, – деп қосты ол, – келесі күні түнегенімізде менің көшіме дәу бір жылан шығып алды. Оны өлтіргеніміз сол еді, Үйсінбай келіп, өздеріндегі екі кісіні өлтіріп кеткенін айтты; тағы біреу осындай қонақтарға шағымданды. Мен өте құманшыл адаммын, түнімен айнал соқтап жүрдім, көзімді жұмғаным сол еді, менің адьютантым тағы бір жыланды өлтірдік деп айғай салды.

Бабалар өсиеті және бүгінгі ұрпақ

Қазақтың шешендік өнері – барша руханиет әлеміміздің алтын бастауы. Кезінде Казаков, Потанин, Янушкевич, Радловтар таңқалып, тамсанған таза поэзияның, кәусар өлеңнің, өзінің байлығы мен жанры жағынан дүние жүзінде ешқандай елдің әдеби мәдени мұрасы тең келмейтін ғажайып фольклордың алтын өзегі де осынау шешендік өнерде жатыр. Табиғаттың өзіндей бұла, таза, табиғи, еркін, ешкімге бас ие қоймайтын өршіл, еңкейгенге еңкейіп, шалқайғанға шалқайатын, мінезі жомарт, көңілі мәрт қазақ ұлты ғасырлар бойы ұлы Даланы өзгеге таныта білді, сондықтан да атақты философ Бердяев Россияны Европаға тән немесе Азияға тән деп кесіп, айтпай, оның ешкіге ұқсамас өзіндік кескін – келбеті бар дей келіп, сол Россияға ұлы Даланың да мықты әсер ықпалы тиді дегенді айрықша атап көрсетеді.

Ұлттық руханиет мұрасында кеңдікті, ерлікті, береке мен бірлікті, еркіндік пен өрлікті ту етіп көтерген қазақ халқы барша болмысын бір ғана тұлғасына сыйғыза

алатын – шешенді дүниеге әкелді. Шешенді әулиедей сыйлаған жұрт оған піріндей табынды. Міне, осындан барып шешеннің би атына, батыр атына, көріпкел атына ие болуы заңды құбылыс болды.

Осынау айтылғандардан шығатын қортынды: қазақтың сөз өнерін мойнына тұмар етіп таққан ұлтымыздың биі ғасырлар бойғы ұлттық қазынаны терең меңгеріп, аса үлкен мәртебеге ие болды, яғни сайын сахараның түпкір – түпкіріне аты жайылып орта жүзге мәлім болған Үйсінбай бидің, оның алдындағы Бегімбеттің, Қосай абыздың, Шақантай мен Нұралының, Жобалай би мен Байқотанның, Томан би мен Бодау жыраудың бәрі – бәрінің әрі философ, әрі ұстаз, педагог, әрі психолог, әрі сот, әрі тарихшы, әрі кеңесші, әрі билік иесі, әрі ақын, әрі ділмар шешен болып келуі тарихи заңдылық жүйенің белді – белді алғы шарттары болатын.

Міне, Үйсінбай сияқты би – шешендерді сөз еткенде, басты назарда ұстайтын мәселе – ұлттық сөз өңірінің жалпы азаматтық құндылықтар қатарына қосылатындығы және ұлтымыздың барша болмысын айқара ашып, көп жұртты өзіне тәнті ететіндігі болса керек. Табиғатынан бұла өскен еркін халықтың дұшпаны түгіл, досының да бір ауыз артық – ауыс сөзін кешпейтіндігін, намысын ешкімге таптатпайтындығын, сірә, осынау ұлттың ғасырлар бойы қос материкті көктей өтіп, көшпелі құмыр кешуімен, алғыр да биік дүниетанымының қалыптасуымен тығыз байланысты екендігінде жатса керек. Сондықтан да Үйсінбай би сонау ерте замандағы Керей, Жәнібек, Қасым, Хакназар, Тәуекел, Есім, әз Тәуке, Абылай, Кенесары хандарды толғандырған ең маңызды да жауапты мәселе – ел бірлігін сақтаудың аса қажет екенін тәнімен ерекше сұңғылалықпен сезіне білді.

Сыр бойынан, Арқаға одан Бақанас пен Дағанделі өлкесіне қоныстанған елдің өсіп, өркендеп, қанат жайуына

ықпал еткен, Жобалай мен Байқотан билердің салып кеткен, сара жолын жалғастырған әрі сенімін ақтаған дара тұлға десем артық айтқаным емес.

Сондықтан да болар Шұбартау елінің тумасы Клим Төлемісұлының:

Қорғаған ел намысын, қуалаған,

Тусандар, солардай боп ту анадан.

Жобалай, Байқотан мен Үйсінбайдай,

Билердің билігіне куә далам. – деп толғауы көп нәрсені аңғартса керек. Кезінде Байқотан (Бабаң) Үйсінбайды болыстыққа сайлаған кезде өзінің ризашылығын білдіріп, «Тұлпардың өзін таппасандар да, тұяғын іліктірген екенсіңдер» – деп ел алдында өзіндік бағасын берген. Тобықтының сол кездегі азулы билері Бөжей, Құнанбайлармен сөз таластырған. Үйсінбай билігімен Құнанбайдың кіші әйелі Нұрғанымнан туған, кішкентай қыршын қыздың дауына билік айтып дау шешіліп, Бөжейге бергізгені жөнінде жазба құжат Шұбартау жерінде ұрпақтары арасында сақталған.

Үйсінбай заманы – XIX ғасырда қазақ еліне бодандық бұғауы кеңінен киіле бастаған отаршылдық заманы. Ұшы – қиыры жоқ, сайын сахараның барлық жерінде дерлік патшалық Ресейдің бекініс – бекеттері салына бастады. «Балапан – басына, тұрымтай – тұсына» дегендей заман туды. Міне, дәл осы тұста, яғни ұлттық рух, ұлттық тіл, ұлттық діл, ұлттық дін саудаға түскен сәтте, қазақы болмыстың санадан өшіп кетпеуі үшін күрескен топтың белсенді мүшелері Байқотан (Бабаң) мен Үйсінбай бабаларымыз болатын. Сондықтан да Үйсінбай сияқты атақты тұлғаның өмір – ғұмыры, халқы, елі – жұрты үшін сіңірген еңбегі бүгінгі ұрпақ үшін үлгі – өнеге, болашаққа мақсат – мүдде.

Үйсінбай бабамыздай ел бірлігін, ұлт тұтастығын көксеген азаматтар бүгінгі таңда егемен еліміз үшін ауадай

кажет. Аталған жинақтың жалпы жұртшылыққа берер тағылымы да осында деп білгеніміз абзал. Өйткені, біздің ел – бірліктің киелі тамшысы елдіктің телегей – теңіз мұхитына айналғай деп тілейтін ел.

Бізге жеткен деректер бойынша Шұбартау өңірінің ардақтылары, игі жақсылары Жобалай би (1730 – 1818), Томан би (1724 – 1814), Байқотан би (1750 – 1846), Нұралы батыр (1714 – 1787), Шақантай батыр (1706 – 1793), Үйсінбай (1799 – 1870) өскен жерлері қоныстары іргелес, бірі үлкен, бірі кіші, бірақ бірін – бірі білген, бірін – бірі қадірлеген, сырлас, ниеттес болған. Сондықтан да болар бұл дүниелердің мәңгілік тұрағы – зираттары да бірге десе боларлық, аралары небәрі 30 – 50 шақырымнан ғана.

***Қосанов Бағдат Мақұлбекұлы – Байқотан бидің ұрпағы
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық
университетінің профессоры.***

Үйсінбай бидің мөрі

Үйсінбай Жанұзақұлы 1799 жылы Шұбартау өңіріндегі Майқапшағай тауының бөктерінде дүниеге келген. Қазақ шежіресінде Үйсінбай бидің арғы ата – бабалары былайша таратылады: Орта Жүз – Абақ Керей – Жастабан ішінде Бегімбет одан Қосай – Рысбетек – Есіркеп – Нұралы – Жанұзақ – Үйсінбай.


Үйсінбайдың үлкен әкесі Нұралы, батыр адам болған қазақ – жоңғар шапқыншылығы кезінде Ер Жәнібек батырмен бірнеше жорықтарды басынан өткерген. Үйсінбай бидің нағашы жұрты Арғын руынан. Ал үлкен шешесі Қазына сөзі дуалы, өз заманында жесір дауы, араздық, тағы басқа дау жанжалдарға араласып шешіп отырған парасатты, дана аналардың бірі болған. Үйсінбай

өз заманының әділ биі, от ауызды, орақтілді шешені Байқотан (Бабаң) биден тәлім алған. 1822 жылға дейін Ата баласынан қалғандардың ең үлкені, 95 жыл өмір сүргендіктен аруақты «Бабаң» аталып кеткен Байқотан «Төбе би» болды. Үйсінбай өз заманының азулы мықтылары Құнанбай, Бөжей, Құспек төре, Құдайменде, Шалғынбай, Барақ сұлтан тағы басқалармен сыйлас, дәмдес, қарым – қатынаста болған жан. Үйсінбай дінді өте құрметтеген адам. Діннің сол кездегі қазақ қалқының рухани күші болғанын жақсы түсінген. Сондықтан да дінді қастерлеп, өткен. Құнанбай қажыға барарда Үйсінбайға бірге барайық деген екен. Оған Үйсінбай байлығым жоқ, келесі жаз Бұқара мен Әзірет сұлтанға барып алладан мінәжат тілеп қайтсамда жетеді деп бармай қалған. Келесі жылы Бұқараға барғанда сол жердегі діни медресеге өзінің ұрпағы Жанпейіс деген баланы тастап келген, – деген дерек сақталған. Ол Қарқаралы округіндегі Құнанбай мешітін салу жөнінде 1847 жылы 12 қыркүйек күні округке қараған 16 болыстың ішінде Керей елінің болысы болып қолын қойып мөрін басқан. Мөрде араб харпімен Керей елінің Үйсінбай Жанұзақұғылы деп жазылған. Мөрдің көшірмесін ұрпағы Тұрсын Самханұлы 2021 жылы Аягөз қаласындағы өлкетану мұражай қорына өткізген. Үйсінбай 1870 жылы өмірден озған мүрдесі Үлкен Бидайық деген жерде Нұралы ұрпақтарының қорымында, үлкен төрт құлақты саз кесектен қаланып салынған зиратта жерленген. Осы биікте оның немере ағалары Жантемір мен Күсен, әкесі Жанұзаққа қойылған.


Жүзжасарова Аңсаған Мұқаметқалиқызы, Семей тарихи – өлкетану мұражайының Аягөз қаласындағы филиалының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының магистрі.

Қарқаралы уезінде, мешіт құрлысын жүргізу жөнінде приказға берген акті

«Мешіт құрлысын салу жөніндегі 1847 жылы 12 қыркүйек күні біздер, төменде қол қоюшылар, мөр басушылар, таңбасын салушылар, 5 қыркүйекте приказға берген тілегіміз бойынша Қарқаралы селинесінде мешіт салып, оған ерікті түрде қаражат жинап береміз. Осы іске қамқоршы ретінде, жоғары басшылар алдында, мешіт салу ісі толық шешілгенше иелік басшылықты қырғыздар атынан кеңесші Қаржаубай Итқариге және Сарғыз Доғаловқа тапсырамыз. Бұлар приказдан қатталған баулы кітаптарды алып, ерікті түрде халықтан түскен кіріс қаражатты жазып оны қашан құрылыс жұмысына толық рұқсат берілгенге дейін өздерінде сақтауға міндетті. Осылардың қатаң жауапкершілігінде болады. Қашан жоғары ұлықтардың толық рұқсаты болғанша жауапкершілікті осыларға жүктейміз. Сендіру үшін осы актіні ұсынамыз» делінген. «Болыс управительдер: Нұрбике – Шаншар болысы – Тәттімбет Қазанғапов, Жалықпас болысы – Сұлтан Жәңгір, Төлеңгіт болысы – Құдайменде Шантеміров, Әлтеке – Сарым болысы – Жанғұтты Ботантаев, Қарауыл Қамбар болысы – Тілеген Нұржауов, Кішік – Тобықты болысы – хорунжий Құнанбай Өскенбаев, және Керей елінің Үйсінбай Жанұзақұғылы деп, төте жазумен (мөрін басып қолын қойыпты). Тізімде ұзын – ырғасы 16 болыстың қолы қамтылады. Осы актіні жасағанда аға сұлтан, майор Құсбек Таукин қатысып қолын қойып, мөрін басқан.







Аталар рухына тағзым

Ұлттық рухымыздың жоқшысы ел қорғаны жау жүрек – батыр, елдіктің символы, ел – жұрт ұйытқысы, от ауызды шешен – билеріміз, ақыл парасаттың символы болған аталарымыздың ескі сүрлеу көмбеде елеусіз қалған мүрделерін іздеп тауып, олардың атын ел – жұртына қайта әйгілеп таныстыру, әлдекімдер айтқандай «ұлыстық», «жерлестік» мақсат үшін емес, елдік болашақтың ертеңгісін көздеген ұлы мұраттың ұраны деп білетін мезгіл келді.

Осындай мақсатты игілікті, сауатты істі бек ұстанған Керейдің Жастабан ішінде Бегімбет, Қосай, Нұралы батыр ұрпақтары 2019 жылдың 9 мамыр күні алыс, жақыннан арнайы шақырылған баба ұрпақтары және тағы басқалар таңның бозынан Шұбартау өңірінің Дағандел өзенінің бойындағы бұрын Бидайық жайлауы атанған, Ақышбай елді мекеніне жиналды. Ондағы мақсат осы өзеннің бойында Қожабасы, Көпбейіт аталатын жерде жерленген Нұралы бабаның ұлдары Жантемір, Жанұзақ, немере, шөберелері Күсен, Үйсінбай, Сүйкімбай, Тілеп, Жүніс, Байбосын аталарымыз және ұрпақ қамын ойлаған аналарымыз Қазына, Күлшайым, Мақан, Сайлаукеш, Қалбикенің бастарына үлкен ескерткіштер, қоршау орнатылып құран – қатым түсіріп құдайы ас беру.

Аталған игі шараға Аягөз ауданы, Шұбартау өңірінің Баршатас, Малгелді, Эмелтау, Қосағаш, Бидайық, Мәдениет ауылдарынан сондай – ақ Семей мен Үштөбе, Балқаш қалаларында тұратын ата – баба ұрпақтары жиналды. Бабалар басына орнатылған ескерткіш басында алғашқы болып сөз алған Семей қаласында тұратын Төртенұлы Оралбек аға игілікті шараның маңыздылығына тоқталды, сонымен қатар Малгелді ауылында тұратын Сейфулин Кенже аға, Баршатастан жергілікті ақын

бірнеше аймақтық, облыстық жыр мүшәйралардың жеңімпазы Нәзір Қарабалин жиналған жұртшылыққа «Бабалар басында», «Тұлпардың тұяғы – Үйсінбай», «Әлдекенің заманы – ай», атты өлең толғауларын көпшілікке оқыды. Баршатас ауылынан Төлеуғазы ақсақал, Қуаныштай, Амангелді ағалар, Үштөбеден Қасенхан, Семей мен Бидайықтан Кәкіжан әулетінен Бақытжан, Бауыржан Исатайұлдары, Мәдениет ауылынан Абдірахманов Оралтай аға, Эмельтау ауылынан Әскербек аға, Өмір, Сырым, Қалтай Жолдыбалиндер, Эмельтау ауылының имамы Ертуған Еркінұлы Ақылбаев, Әбіл Марқаскин. Малгелді ауылынан ақ жаулықты аналарымыз Алтын Бадаубекқызы, Гүлнар Жолдыбалина, Марат Төлеуғазыұлы т.б көптеген адамдар жиналды. Шараның келесі бөлігі Қосағаш ауылы Ақышбай елді мекенінде жайылған ақ дастарқан басында оқылған құран – қатым, арнайы берілген ас пен жалғасын тапты. Жиналған қауым, көпшілікке Қосағаш ауылынан келген Жантемір, Күсен атамыздың ұрпағы жасы тоқсаннан асқан Үмітжан Мәмежанқызы, ауыл әкімі Бекбай Қазов сөз сөйлеп ақ жарқын лебіздерін білдірді. Балқаштан мен ескерткіш тастармен, темір қоршауын жеткізіп қасиетті ораза айымен түспа-түс келіп отырған шараның өтуіне мұрындық болып қолдау білдірген аға-апаларыма, Қосағаш ауылының тұрғындары Ақышбай шаруа қожалығының басшысы, Болат ағаға інісі Қуанышқа ризашылығымызды жеткіздік. Осы өткізіліп жатқан іс – шараларға алтын уақыттарыңызды бөліп ат салысып жатқандарыңызға мыңда – бір алғысымды айтамын қасиетті ораза айы қабыл болсын, ата – баба рухы барлықтарыңызды қолдап жебеп жүрсін деген ниетпен ақ тілегімді айттым. Астың соңында бабалар рухына тағыда құран, қатым түсіріліп, жақсы ізгі ниетпен тарастық.

Тұрсын Самханұлы, 29 маусым, 2019 жыл

Бабалар басында

Тұрсын ұл тас қашаумен қиналғандай,
Барлық ел ақ ниетке иланғандай.
Бабалар аруағын тәу етуге,
Керейдің бар баласы жиналғандай.
Өленді ұйқастырып қисындайын,
Бабаға ұрпақ басын исін дәйім!
Осында Жантемір де, Жанұзақ та,
Тағы бар ел билеген Үйсінбайым.
Жандары аруақтың жай болсында!
Ұрпағы бабаларға сай болсын да!
Рамазан еске түсті, – оразада
Күсен мен Тілеп, Жүніс, Байбосын да.
Бас идік қасиетті Бабаларға,
Шақырған берекеге даналарға.
Қазына, Күлшай, Мақан,
Қалбике, Сайлаукеш пен
Ойлаған ұрпақ қамын Аналарға.
Арайлы, қарсы алайық әсем таңды,
Бүгіннен тарқамайтын әсер қалды.
Жансақал, Қисық, Боқаш Молболдыұлын,
Шаяхмет – құрметтеген, Бәшенұлын.
Біздағы құрметтейік Қасенханды!
Болдық біз бабалармен танысқандай,
Айырып абыз қандай, арыс қандай.
Келдік те қабырыстан мекеніне,
Тарихқа болып тұрмыз қабысқандай!
Жырласын Бабаларды ақын біткен,
Бізгеде қонсын ерлік, батылдықпен!
Табысқан бір төбеде Бабалардай.
Тірлікте біз жүрейік татулықпен!
Қарсы алды бізді осы қауымыңыз,
Құрметпен қол қусырды ауылыңыз.

«Ақышбай» бабам атын өшірмеген,
Иманды болсын Мұрат бауырымыз!
Ағайын, бастарыңда бағың болсын,
Бас қосқан ынтымақты шағың болсын!
Аруақ Бабаларды риза қылып,
Астарың беріп жатқан қабыл болсын!

Тұлпардың тұяғы- Үйсінбай (толғау)

Үйсінбай немересі Нұралының,
Бәрін де көрген өмір сынағының.
Өткізген өз елінің ортасында,
Бұлғақты, бозбалалық бұла күнін.
Көкейге елдің мұңын түйіп өскен,
Соңынан жақсы – жайсаң, би ілескен.
Елінен несібесі бөлінбеген,
Шығармай жоқ – жітіктің күйін естен.
Бабаның ақ ниетін ұғардаймын,
Қадірін айтпай тағы тұра алмаймын.
Силасқан Бөжей, Жәңгір, Құсбекпенен,
Өзімен аға сұлтан Құнанбайдың.
Дауа жоқ Алла қосып бұйырғанға,
Ырыс, бақ бір басына құйылғанда:
Тоқсанбай керейлерге болыс болды,
Бекназар – Қосай елі жиылғанда.
«Ағайын, бұрыс – бұра тартыспандар,
Кигізді шала – шарпы қарпыспандар»-
Байқотан (Бабан) сонда айтқан дейді:
«Тайлаққа нардың жүгін артыпсыңдар».
Сол ісі қалың елдің ғапыл болған,
Көш жөнep кеткеннен соң ақыл қонған.
Таңдайы мөрлі Бабаң сөзі қатты,

Тоқсанбай 6-ақ айда бақұл болған.
Орнына Үйсінбай ер сайланады,
Ырза ғып аймағы мен айналаны.
«Тұлпардың тұяғын дәл таптыңдар!» - деп,
Бабаң да көңілі хош жайланады.
Болыпты ел – жұртқа да сол іс құтты,
Жарлы мен жақыбайға қоныс бітті.
Алланың Үйсекеңе абыройы –
Атқарған 35 жыл болыстықты.
Құнанбай Бөжейменен кетіскенде,
Талайдың шекіскенде еті іскенде,
Дәнекер болған тағы сол Үйсінбай,
Екі нар көріспеуге бекіскенде.
Үйсекем шалдығып ең, барлығып ең,
Бар елді тапқырлықпен таң қылып ең!
Екі елді бітістіру тапсырылған,
Тікелей Ақ патшаның жарлығымен.
Бөжеймен үш күн кеңес құрған екен,
Ат басын Ырғызбайға бұрған екен.
Онда да үш күн дауды сарапқа сап,
Тағы үш күн үн шығармай тынған екен.
Кеңесіп көріп еді қабырғамен,
Шешімі қиын істің табылды әрең.
Болған соң ара ағайын, тоқтам айтып,
Шақырды қалың елді сабырға кең:
«Өмір шолақ қысқада,
Жаулық жолын ұстама!
Бір бірінді пана тұт,
Бұта пана құсқа да!
Құм жайылған сай үшін,
Сұм қайырған тай үшін,
Жасамаңдар ерегес,
Түбі бірге түркі жұрт,
Егескенің жөн емес.

Ағайынның аразы,
Елдің сәнін кетірет.
Абысынның аразы,
Ердің сәнін кетірет.
Пейілің кең болса,
Сейілің кем болмас.
Кеуілің шер болмас,
Кеудең ем қонбас!
Судың түбін ұйысқан шым бекітер,
Даудың түбін туысқан қыз бекітер.
Өзекті жарып шыққан сәби алыс,
Жүректе тұнып тұрған сыз кетіретер».
Үйсекең сүйтіп дауды нокталады,
Егеспен кеуілдескен топ тарады.
Дуалы ауыздан сөз шыққандықтан,
Байсалдап екі жақ та тоқталады.
Иманды жамағаттың білесі-мол,
Көңілде күлімдеген күнесі мол.
Күнекең салғыздырған мешітте де,
Сүбелі, Үйсінбайдың үлесі мол.
Шықса да не қиындық өріп алдан,
Үйсекең сырт қалмаған жөні бардан.
Мешітке қаржы жию – келіссөзде,
Керейден Үйсінбайдың мөрі қалған.
Шотқа сап малы – жанын өрісін де,
Ұлықтар келмей оңай келісімге...
Елі үшін отқа түскен көбелектей,
Үйсекең сөз алыпты топ ішінде:
«Шешімі қиын істің табылғанша,
Өкініп, кедейленіп сан ұрғанша,
Ұлықтар, салығыңнан қалыс қалдыр,
Ес жинап, етегіміз жабыланша»
Бұл сөзге ұлық біткен безілдейді,
Халыққа қамқорлығы сезілмейді.

Бас ұрған Ақ патшаға пәтшағарлар,
Жүрегі бұқараға сезілмейді.
Түнерді Үйсінбай да томырылып,
(Жарар ед боп кетпесе соңы бұлік)
Артын ол етегінің үш қақты да,
Жөнелді ұлық қалды омырылып.
«Арыны Үйсінбайдың өкпекті»-деп,
«Елінің абыройын төкпепті»-деп,
Қүнекең ишараны шешкен екен,
«Боғымды аларсыңдар деп кетті»-деп.
Жол бермей сырымтаға, қарымтаға,
Шығындар болмай бірлі – жарым тана.
Үйсінбай Құнанбаймен силас болып,
Тоқталған ел арасы барымта да.
Үйсінбай жең ұшынан былықпаған,
Халқымен қиындықты құрықтаған.
Ел үшін етікпен су кешкен жанды,
Елі де ұмытпаған, ұлықтаған.

*Нәзір Қарабалаұлы Жергілікті ақын,
ШҚО, Шұбартау өңірі*

Үйсінбай би

Жазамын мен тарихтан білгенімді.
Өмір сүрген заманда ірге мұңды,
Керейден шыққан екен небір батыр.
Нұралы көп батырға бірден үлгі,

Жақсыдан жақсы туар деген осы.
Үйсінбай сол батырдың немересі,
35 жыл адал би болған дейді.
Арамдыққа қозатын делебесі,

Өз ісімен еліне жайлы атанған.
Әділдікте ойынан айла тамған,
Үйсінбай қайдан тегін бола алады.
Бата алған әйгілі би Байқотаннан,

Шешіміне бас иіп ел түсінген.
Басшыға ісіменен серті сіңген,
Үйсінбай татулықты қолдап өтті.
Қоршаған жан – жағынан көршісімен,

Арғын, Найман, Тобықты ортасында.
Мекендеп шұбартаудың ой – тасында,
Керейлер тату өмір сүрген екен.
«Бабаң» би, Үйсінбайдың арқасында,

Би аға табылатын жатқа да үйден.
Шапағаты ісінің көпке тиген,
Бағалап әр еңбегін сегіз сенат.
Патшадан алқа тағып шекпен киген,

Үйсінбай патша сенер атқа ілікті.
Әділдікпен шешер деп жат қылықты,
Құнанбай мен Бөжейдің шағымдарын.
Орыс патша Үйсінбайға тапсырыпты,

Үйсінбай дәл шешімін тапқан екен.
Кезек тындап екеуін жатқан екен,
Татулықтың қажетін мойындатып
Оларды құда қылып қайтқан екен,

Батыр ата істері қалып қанда.
Жомарт мінез көрсетіп тарыққанға,
Үйсінбай патшаға да дәлел айтып.
Өз елің құтқарыпты салықтан да,

Осындай билер өтті заманында.
Ел бұзығын түзеткен табанында,
Шешімін дүйім жұртқа мойындатып.
Ел қамы болған екен бағамында,

Керейден шыққаннан соң даналар көп.
Ұрпағы жырлайтұғын саналар көп,
Соның бірі Самханұлы Тұрсын інім.
Тарихты түсінетін Бабалар деп,

Мен осылай бір биді мысал еттім.
Шабыттансам бойымнан ұшады екпін,
Ұрпағы керейлердің жырлай берсін.
Ақын тілін айтты ма?- тұса деп кім.

*Сәулетбек Қалшыкенұлы,
Аякөз ауданы Ақшатау ауылының тумасы*

**Нұралы батырдың шөбересі Күсенұлы Әлдеке қажы
1820 жылы Дағандел өлкесі «Үлкен Бидайықта»
дүниеге келген. Өлген жылы белгісіз.**

Әлдеке болыстың әкесі Күсен Орта Жүзге танымал малды, басты кісі болған. Көне көз қарялардың айтуынша Әлдеке 29 жыл бірнеше сайлау халықтың қолдауы мен болыс болған. Бұрынғы өткен қариялардың айтуы бойынша көзі көк, сары кісі болыты.

Оны халыққы құрметтегендіктен артында өшпес «Әлдекенің заманы – ай» деген сөз қалған. Әлдеке сөзге жүйрік, шешен тілді беделді көрген адам болған. мұсылманның беспарызының бірі қажылыққа Меккеге барған.

Төлеңгіттің болысы Оспанқұл Менаяқұлы 51 жасында дүниеден өтіп, «Салиханың зары» деп ел ішінде сақталған Әзімбай – жоқтауында, Оспанқұлды айналадағы елдердің игі жақсыларымен салыстыра келіп, Керейдің болысы Әлдекеге:

*Керейден шыққан Әлдеке,
Мырза боп жағып ұлыққа,
Бақтысы жүрді бір жеке. – деп тоқталған.*

Әлдекенің бәйбішесі Қалбике, Найман ішінде Орыс – Медет, Аягөз округінің биі Бекшойын Орысов (шын аты Өнет) қызы. Қалбикеден Қарахан, Әзімхан, Сейілхан, Шомақан қыздары Забиха, Мәкейін. кіші бәйбішесінен Рақымжан, Әмірехан, Ақышбай, Райхан, Омархан, Мұқыш тағы басқа ұлдары бар. Әлдекеұлы Мұқыш 1929 жылы 19 бай адамдар мен бірге конфескеленіп, жер аударылған. Әлдеке Жоғарғы Сегіз Сенат үкімет орындарынан (патшаның сыйлығы) ноқалы тон, шенді шекпен киіп, мойнына патшаның естелік төсбелгісі (медаль) алған.

Қазақстанның Орталық мемлекеттік архивінде сақталған құжаттарда: «Би Әлдеке Күсенұлы (Алдеке Ксенев) 1866 жылы 46 жаста, ауқатты, болыс басқарушысы (управитель киревской волости), 1862 жылы 3 маусымда Станислав лентасына тағылған Күміс медальмен марапатталған, – деген мәлімет сақталған.

Формулярный список

Фонд 345 оп.1 д.937 (лист21)

Формулярный список о службе управителя Киревской волости Бия Алдеке Ксенев (за 1866)

Бия Алдеке Ксенев Управитель Кереевской Волости 46 лет, мухамединского исповедан. Имеет серебряную медаль на Станиславской ленте Жалования 43 руб. Имеет скотоводства по выбору народа утвержден Управителем Киреевской волости 1857 г. Сентябрь 3. Господним Исправляющий должность Вашего Губернатор Области Сиб. Киргизов за усердие к службе награжден кафтаном 3 – разряда. 1859 г. Июнь 10. Губернатора области Сиб. Киргизов награжден похвальным листом 1860 г. Июня 13. Господином исправляющий должность Вашего Губернатора Области Сиб. Киргизов за отлично усердную службу награжден Серебряным карманным часами при похвальном листе. 1862 г. Июня 3. Высочайше награжден серебряную медалью на Станиславской ленте за усердную службу. 1864 г. Августа 11. Женат на дочери Бия Сергополского Округа Бекчогана (или Бексоюна) Урусова Каилпеке имеет детей: Дочь Завихи – 18 лет. Дочь Макию был, сыновей: Карахана – 16 лет и Азимхана – 14 лет. Все они находятся при отце мухамеданского исповедан.

Исправл – должность. Непосредственного члена Иван М....

Заседатель Кириллов подпись секретарь

Орыс жылнамаларындағы тағы бір құжатта Әлдеке Күсенұлын, 1866 жылдың 27 тамызы күні Қарқаралы округінің аға сұлтаны Солтыбай Бралин өз тарапынан харунжи шенін беру жөнінде жоғары ұлықтарға ұсыныс берген.

«Госпадину Исправляющему Должность Военного Губернатора Области Сибирскихъ киргизов Старшего Султана Каркаралинского округа

Репортъ

Преставления к Высочайшим наград за ностоящий год от Каркаралинского Округа не было. Управители ввернного мне Округа: Кучум – Байбурунской волости Джабас Кибатов, Кирейвской Алдеке Ксенов и Дюсенбай – Чекчеквской Бек Асанов продолжительно без укоризненного службою в означенных должностях с особенным рвением к ползам правительства и благосостоянию народа и за особенную преданность Правительству Би Нурбике – Чанчарвской волости Джаныс Актанбердин, заявляют меня обратит внимание и войти с ходотайством о награждений первых двух чинами, а последних медалями.

Представляя выше означенное на благоустройство Вашегоблогородия имею чест почтительнейше просит ходатайства Ваше высокоблогородие удостоить Высочайшей наградой Управителей: Джабаса Кибатова, Алдеку Ксенева, Бека Асанова и бия Джаныса Актанбердина.

Старший Султан Сотник Биралин

№ 74 27 августа 1866 года (38).

Бұған Омбы ұлықтарыда қолдау білдіріп, Сібір қазақтары облысының соғыс губернаторына Әлдеке Күсеновті **хорунжий** шенімен марапаттау керектігі туралы ұсыныс жасапты:

*«...Исп. Августа 1866г. Его Высокоблагородию,
Господину Исправляющему должность
Военного Губернатора Области Сибирских
киргизов.*

*Каркаралинский Окружной Приказ имеет чест
ходотайствовать пред Вашим о награждений:
...волостных управителей Киреевской Алдеке Ксенова и
Кучум-Байбуторинсой (Кешубай) Джабаса Кибатова чинами
харунжаю, первого за усердную службу и исправное
выполние возложенных на него обязанностей по званию
волостные управителей,...*

***Исправляющий Окруж. Непременного члена Иван М...
Заседатель Кириллов
Заседатель (қолы)
Секретарь (қолы)»(38)***

Әлдекенің ұлдары да билікке араласқан: Әлдекеұлы
Өзмұхан 1901 – 1905 жылдар аралығында Дағанделі
болысы Уақбай қажы Өскенбай ұлының кезінде №3
ауылда халық соты, би болған.

4 – ші қазан 1905 жылы ауыл старшына Ақышбай
Әлдекеұлына, шаруашылықтарда салық жинауда жақсы
жұмыс жүргізгені үшін Семей Губернаторы алғыс
жарилаған. 1911 жылы Тойсарин Бейсенбай болыстың
тұсында Әлдеке ұлы Омарханда №3 ауылда халық соты,
би болған.

Әлдеке қажы

Бірде алыстан жолаушылап келе жатқан екі қазақ Шұбартауға келгенде «Әлдеке қажы деген би бар екен, соған сәлем бере кетейін» деп Әлдеке қажының үйіне ат басын тірепті: Ол кезде Әлдеке қажы әйеліне отау тіктіріп, сонда жас кенже тоқалымен саулық құрып жатыр екен. Жолаушылар қымыз ішіп, ет жеп болған соң Әлдеке қажыға біреуі тілек айтыпты. – О Әлдеке қажы құсыңыз құтты болсын, биелеріңіз сүтті болсын, жас тоқал ертерек жүкті болсын, ұл тапса жүрегі түкті болсын! – депті. Сонда Әлдеке қажы жымыып:

– Е – е, жегенде қойдың басы жақсы,
Ұрыста жігіттің қасы жақсы.
Ыстықта таудың тасы жақсы,
Сезімде көңілдің масы жақсы.
Сүйгенде әйелдің жасы жақсы- депті.

Әлдеке қажы сырқаттанып кенже тоқалының отауында күтініп жатса керек. Алыстан бір досы келіп көңіл сұрапты.

- О, Әлдеке кезінде жігіттің қыраны едің,
Қыз біткеннің аңсаған тұмары едің.
Ел үшін белді бекем буар едің,
Дұшпандардың мойынын бұрап едің,
Жастайыңнан өзіне сыңар едім,
Ауырып қалғаныңды естіп жылап едім.
Сағымды сындырма, түр енді, - депті.

Сонда Әлдеке қажы үстіндегі жамылып жатқан қасқыр ішігін жұлып тастап, малдас құрып отыра кетіпті:

- Е – е, Қыранда қанаты талып қонбай ма?
Білектің күші шау тартқанда солмай ма?
Аязды күні ашқарақ адам тоңбай ма?
Соқа басың сопаңдап жеткенше,

Жас сұлуды қойныма салсаң болмай ма?! – деп күліпті.

Қарқаралы дуанына аты шыққан, болыс беделді, ауқатты адамдардың бірі Әлдеке қасына біраз адамдары мен, Семейге келеді. Өзі бұрыннан таныс, біліс болып жүрген бір саудагер татар байының үйіне аттарының басын тірейді. Татар байы Әлдекені құшақ жая қарсы алып амандық–саулық сұрасып болған соң, келген қонақтарды үйіне төрге шығарып, дастархан басына жайғастырады. Дастархан басына табақ ет, үлкен ыдысқа құйылып, қымыз да қойылады. Серіктерімен дастарханға жайғасып отырған Әлдекеге, бай тұрып көңіліңізге алғаныңыз болса айта отырыңыз, – дейді. Әлдеке би қалауымды сұрасаң айтайын, бағанадан осы үйдің дастарханына жайғасқалы бері бізге сапырып қымызын құйып жүрген жас сұлу кімнің қызы? – дейді би. – Апырай! – дейді татар байы, таңырқап. Сіздің қалауыңыз менің жалғыз қарындасыма түседі деп ойламаған едім, жасы 16 – дан жаңа асқан, осы үйдің шаруасын дөңгелетіп жүрген ерке қарындасым еді, – дейді, әлгі татар: Сонда Әлдеке: - Қалың малына не қалайсың, соны орындаймын, - дейді би. Татар байы ойланып– толғанып ағайындарымен ақыл қосып, бір шешімге келеді де, Әлдекеге былай депті: - Маған жалғыз қарындасымның қалың малына мұрны тесілмеген 100 тайлақ, мың қасқа қой әкелесіз. Содан соң қалауыңызды аласыз, – дейді. Осылайша сөз байласқан Әлдеке, Үлкен Бидайықта отырған ауылына келісімен аталас туысы ағайынды Жансақал мен Байсақалды шақыртып алып, қалың малының жайын түсіндіріп, жүз тайлақ пен мың қасқа қойларды Семейге айдатып, санатып беріп татардың жас сұлуын кенже тоқалдыққа алған екен. Әлдекенің ұрпақтары елде орын алған нәубат жылдары Шұбартау жерінен тегіс басқа жерлерге көшіп кеткен Қытай асты,

Қазақстанның басқа да аймақтарында тарыдай шашырап қоныстанды. Содан болар бидің шөбере, шөпшектері кейінде Шұбартауға елге барғанда жергілікті адамдар олардан «қай жақтан келдіңдер, кім боласың дар?» деп сұрайды екен. Бидің ұрпақтары «Әлдекенің тұқымы боламыз» десе, оны білетін үлкендер «е-е, жүз тайлақтың ұрпағы екенсіңдер ғой» дейтін көрінеді.

Бұл әңгімені Алматы қаласында тұрған, Жолымбет атаның ұрпағы марқұм Малбай Балабекұлының айтуы бойынша жазып алдым. Осы әңгімені Әлдекенің шөпшегі марқұм Қабен қажы ағамызда әжесі Қауа ападан естігенін айтып отыратын. (Қауа апа Әлдекенін келіні, шыққан тегі, төркіні Тарақты руынан), Қытайдың Тарбағатай ауданы Жын деп аталатын жерде дүниеден озған.

Ыбырайша қарттың әңгімесі

Жұрт шайға бас қойғанда, қасында атшысы бар, Керейдің Бегеш шешені келді. Отырған бар Керей жапырыла сырғып, Бегеш кеп үйдің қақ төріне отырды. Абайға «қоныс қайырлы болсынын» айтты. Шай аяқталуға таяғанда Керейдің үлкен байы Әлдеке келді, отырғандардың ешкімі орын бере қоймады. Әлдеке есік жақта бөгеліп қалды. Абай өзі қозғалып, «келіңіз, Әлдеке!» деп, өзінен жоғары орын нұсқады. Әлдеке Абайдың жоғарғы жағынан орын алды. Шай жаңартылып әкелінді. Төрде Бегеш сөйлеп отыр. Абай бір сәтте бар денесімен бұрылып, Бегешке қарап:

- Бегеш, айтшы, қазақ алаяқ деп кімді айтады? - деді.

Бегеш іле: - Айтайын Абай, - деп сөйлеп кетті: - Қазақ алаяқты үш түрлі деп біледі. Бірі —сыпылдап сөйлеп,

жылпылдап бағады. Түскі уәдесін кешке, кешкі уәдесін түске ұмытады. Жүзінде ұялыс, ісінде қиналыс жоқ. Мал оған тұрмайды, ол сөзінде тұрмайды. Өмірі сұраумен өтірікті құраумен өтеді.

Екіншісінде бірінші алаяқтың бар қасиеті бойында болады. Бірақ одан гөрі алу мен беру ойында болады. Сұраса алмай қоймайды, біреуден алып екіншіге, екіншіден алып үшіншіге өткізуге тоймайды. Онысын және не тепкі көрсе де қоймайды. Ағайынның аласын сүйеді. Бірінің де, екіншінің де одан асып үшіншінің арасында күйінді болып жүреді. Оның сөзінше ол болмаса ағайын оңбақ емес, ол септемесе ауыл үй қонбақ емес. Айналып келгенде, ел әрекесін емес, берекесін тілейтін сияқты. Сол жұқпастығынан түсіргені өзіне Алла берген сыбаға сыйы сияқты. Ағайын ішінде сынаптай сырғып жыландай жылжыған ол үзенгісін алты қабат тағады, бір әрекеден соң келесісінің тұтануын бағады. Жүрісі жылмаң мінезі қылмаң дейтін алаяқ осы.

Үшінші, өз қажеті өзінен шығады. Ешкімнен ешнәрсе сұрамауға, несие сөз сөлемеуге бейіл, қолындағысын бұлдамайды, барын жарқыратпайды. Сөз сұрасаң тиімдісін айтады да қояды, қолында барына тояды. Сөзі мен ісінің кемі болса болар, артығы болмайды. Сондықтан ол әлдекімше жазық жерде сүрініп, болмашыға ұрынбайды. Өзінде барға қанағаты – иманы, аз малы мен отының басы боп, шүкір анасы мол болады. Бірақ, мұндай кісінің мұндай ісі қазақтың ішіне қонбайды. Өйткені, бұл ағайынға кіріптар болмай қояды. Тізесі бүгіліп, белі иілмей жүреді. Сол себепті ол тосылуы жоқ, алаяқ қу саналады. Алаяқ қу болмаса неге қақпан басып, тұсау көрмей жүреді делінеді.

Меніңше, Абайжан, қазақ таныған алаяқтың үш түрі осы. Ал, «Дария қасынан құдық қазба!» деген қазақ сөзі, не сөз, Абай? – деп тоқтатады. Абай қабағын керіп, Бегешке

карады да қойды. Сөз жайлаудың сол жылғы жайына ауысты да, өзге сөз болған жоқ. Кеш түсе ауылымызға қайттық.

Көкен жол үстінде: – Сендер Абай мен Бегеш сөзінен не ұқтыңдар? – деді, Алдарахмет қажы өзінің түсіндіруін сұрады. Көкбай: – Керей іші тыныш болмаса керек. Тақауда онда болыс сайлауы. Бегеш пен Әлдеке жұлқысып жүр деген. Бұл екеуінің бірінің жеңуі Абайдың қайсысын қолдауына байланысты. Ояз Абайдың айтқанын істейді. Абай мен Әлдеке жақын құда. Бірақ көрерсіндер, бұл сайлауда Бегештің дегені болады. Жаңа Бегеш үйге кіріп келгенде, отырған бар Керей Бегешке жапырыла жылжып, төрден орын берді. Бұл отырғандардың дені Әлдекенің туысқандары еді. Әлдеке келгенде солардың бірі орын бермеді, қозғалмады. Абай соны көріп отыр. Ол Әлдекеден Бегештің Керей ортасында қадірі артығын көріп, Бегешті бір қайтарып, тіпті жасытып қойғысы келіп, ана сұрақты қойып, «Бегеш, сен алаяқпысың?» – дегендей боп еді, Бегеш тауып та, ұтып та кетті. «Дарияның қасынан құдық қазба деген не сөз» деген сұраумен – Абай сен дария, мен құдық емес пе едім? Осынша шүкшиғаның не? Кінәм не? – дегенге келтірді. Абай тоқтап қалды. Көрерсіндер, бұл жолы Керей сайлауында Бегештің айтқаны болады. Әлдеке бізбен де құда еді. Біздің бір апамызды Әлдеке байдың жақын інісі алған болатын. Керей сайлауына құлағымды түріп жүрдім. Сол жазда Керей елінде сайлау болып өтіп, сайланғандар түп – түгел Бегеш бетінің кісілері болыпты. Міне сөздің күші, – деді Ыбырайша қарт.

Тағылым сөз

Бабаның көп ұрпағы көзі қалған,
Бәйгені өзгелерден озып алған.
«Бөз қалғанша сөз қалсын» дегендейін,
Айшықты Әлдекенің сөзі қалған.
Мал астынан жүдейді,
Жігіт үстінен жүдейді.
Түбінде сен де бір күн жерге енесің,
Күнінде «Таңда махшар» тергелесің.
Күнәлі болсаң тәуба түзейді,
Жарлы болсаң сауға түзейді.
Бүкір болсаң қабір түзейді,
«Шүкір етсең сабыр түзейді.
Қисықты тез түзейді,
Құлашты кез түзейді.
Сәнді зергерден сұра,
Анды мергеннен сұра.
Қымбаттауды асылдан үйрен,
Сырғақтауды масылдан үйрен.
Өлгенді құрметтегің келсе дұға қыл,
Тіріні құрметтегің келсе құда қыл.
Нәпсіңді тимапсың,
Жәннәтқа сыймапсың.
Алла беру қол үздік-
Нағыз дүние қоңыздық.
Алланың берері таусылмасын,
Пенденің көрері таусылмасын!

«Әлдекенің заманы ай!»

Тағы бір шөбересі Нұралының-
Әлдеке Бірегейі қырағының.
Ізгілік, салауаттық елге жайып,
Ашыпты көзін білім бұлағының.
Жиырма тоғыз жылдай болыс болған,
Әрқашан атқарғаны он іс болған.
Сарыарқа сардалада – Шұбартауда
«Бидайық» жері құтты қоныс болған.
Мінезге қатыгездік бой ұрмаған,
Адам жоқ Әлдекеңнен тойынбаған.
Намазын бес уақыт қаза қылмай,
Алланың бес парызын мойындаған.
Нашарлар ықтаған-ды «ағалай» кеп,
Жоқ-жітік қоныс тапты паналай кеп.
Кейінге дейін айта жүрді халық,
«Шіркін-ай, Әлдекенің заманы-ай!» деп.
Тартқанды барлық жанды бауырына,
Қамқорлық жасай білді қауымына.
Қырық жан қонақ болса күндіз келіп,
Қырық жан түней қонды ауылына.
Қан жайлау, өріс, шалғын қорымады,
Қонысы жортуыл сап торымады.
Жолына жолаушының сусын тосып,
Ұсынды таусылғанша қорымалы.
Құлын алған орнына тайын беріп,
Алғыс алған күрендеп шайын беріп.
Халас бопты мал мүлкі жоғалғаннан,
Қара қосы қаскөйге тоналғаннан.
«Қой үстіне бозторғай жұмыртқалап»,
«Әлдекенің заманы-ай!» содан қалған.
Атыңды, арда баба ардақтайын,
Алтынмен қасиетін салмақтайын.

Меккеге қажылыққа Әлдекені,
Бастаған Қара кожа Қанбатшайым.
Атқарған сауапты істер өзі қолдан,
Би болған, болыс болған, қазы болған.
Әлдеке елі – жұрты ардақ тұтқан,
Алғашқы осы өңірден қажы болған.
Оязбен тайсалмастан жауаптасқан,
Ісінен кез болмапты сауап қашқан.
Әлдекең ауылында молда ұстап,
Шәкірттер «әліп-бимен» сауат ашқан.
Соңынан бір ғайбат сөз тарамаған,
Халқына мол жасапты шарапатты.
Болыпты елге қорған жұртқа пана,
Ояздан алғаны мен көп марапатты.
Мынау ғой зеректіктен көргем пайдам,
Хабарым бар ғой менің әрбір жайдан.
Сөзі деп Әлдекенің айтушы еді,
Естігем Нұрқай аға Шөргелтайдан.
Пірадар жанның бірі – Шәріп деген,
Үйренген Алла жолын әліппеден».
Бір уақ Әлдекеден сұрай кепті,
Сенген соң айтарына пырақпеннен.
«Алланның менде құлы басыбайлы,
Алдына келіп тұрмын осы жайлы.
Бұл әдет намазыммен қабыса ма,
Мен тастай алмай жүрмін насыбайды?»
Болған соң істің бұлай ахуалы,
Тапқан ғой Әлдекедей тақуаны.
Тереңнен ойланып ал, түнеріну,
Қажеккең сонда айтыпты батуаны.
«Адамды жаман әдет өрелейді,
«Машқарда» рахатқа бөлемейді.
Жәннаттың қақпаларын жуып тастап,
Күнақар құлды Алла жебемейді.

Тең келмес намаз, зекет оразаңа,
Табындап айдап жылқы төле, мейлі.
Парыз, уәжіп, сүннетің түгел болса,
Алла – хақ насыбайды елемейді».

*Нәзір Қарабалаұлы, жергілікті ақын,
ШҚО, Шұбартау өңірі*

ДАҒАНДЕЛІ БОЛЫСЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫ МЕН БИЛЕРІ

1871 - 1916 жылдар

Халқының саны жағынан 10361 адамды құраған Дағанделі болысы 1897 жылға Қарқаралы уезінде бірінші орында тұрды. Бұндағы ауылдардың саны – 14, ондағы түтін – 2477 болған. Бұл болысты бірінғай Керей (Қосай) руының тармақтары мекендеген. Олар Нұралы – 347, Сарыбай – 200 , Мәйемер – 180 , Бақтыбай – Сары – 80, Байсейіт – 320 , Қасқа – 350 . 1884 жылдың орта кезінде болыстағы түтінің саны 1477 болған.

(Дағанделі өзені Қарқаралыға қараған елдің шетінде, Көкшетау, Дуана тауларынан көрініп тұрады, – дейді Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Қазақ шежіресі Алматы «Жалын» баспасы 1993 жыл). Дағанделі болысы бұрын Керей болысы ретінде танымал болған. Болыс жөнінде 1871 жылғы аздаған мәләметтер сақталған. Осы жылдың 19 наурызында Семей губернаторы болыс Қарабай Байтықовқа, Аяған Құнанбаевқа оспа ауыруына қарсы егу жұмыстарын жақсы ұйымдастырғаны үшін алғыс жариялаған. 1871 жылдың 4 қазанында қайтыс болуына байланысты би Майқы Күсенов тізімнен шығарылған.

1871 жылдың 25 мамырынан бастап болыс Әлдеке Күсенов, орынбасары Мейрамқұл Нұрғожин болады.

Ауылдардағы халық соттары : Абай Майкин, Бегал Сабдалов, Тасыбай Енкин (Бұл кісі 12. 04. 1874 жылы қайтыс болған) Жансейіт Шанкөтов, Байжуман Тезеков, Қуан Жантөлин, Сайбек Садыров, Исабек Бижанов.

1875 жылдың 28 наурызында болыс Әлдеке Күсенов, орынбасары Мейрамқұл Нұрғожин тергеу жүрзіліу уақытына қызыметтерінен босатылады. Олардың орнына Бауыржан Жұрымов (бұл кісі денсаулығына

байланысты 09.12.1876 жылы қызметінен босатылады) Жұнбалақ Нұрбаев келеді.

Ауылдардағы халық соттары (билер): Жанабай Шанкөтов, Исабек Бижанов, Бегеш Сабанов, Боқа Бошыков, Молдабай Бижанов, Қуаныш Жантелин, Ысқақ Мейрамқұлов, Чолтай Чагаманов, (Мұрағат деректерінде осылай жазылған, негізі Шолтанай Шагаманов болуы мүмкін)

1878 жылы Керей болысы Дағанделі және Бақанас болысына бөлінеді. Дағанделі болысына кірген ауылдарды басқарған билер:

Саршолақ Қуандықов, Маусымбай Бижанов, Сыбанқұл Бекшин, Байеке Нұрғожин, Елеусіз Тілеукин, Бейсембай Түменбаев, Қуанышбай Беркінбаев, Бейсен Доскелдин.

1880 жылдың 28 қарашасынан бастап болыс Жиенбай Шанкөтов, орынбасары Шолтанай Шагаманов болады. Ауылдарағы халық соттары (билер): Маусымбек Бижанов, Сыбанқұл Бекшин, Мырзахан Манасов, Сайдалы Күнтуғанов, Бейсембай Түменбаев, Байшағыр Мәтішов, Байке Нұрғожин болады.

1884 жылдың 31 наурызынан болыс Уақпай Өскембаев, орынбасары Жиенбай Шанкөтов болады.

Ауылдардағы халық соттары (билер): Шонжар Ерубаев, Сайдалы Күнтуғанов, Абай Майқин, Сыбанқұл Бекшин, Байеке Нұрғожин, Жолжан Бәгімбеков, Бейсембай Түменбаев, Байшағыр Мәтішов, Қуанышбай Беркінбаев болған.

1887 жылдың 18 шілдесінен болыс Уақпай Өскенбаев, орынбасары Шолтанай Шагаманов болады.

Ауылдағы халық соттары (билер):

№ 1 – Қойгелді Мәмбетов,

№ 2 – Көпбай Рымкулов,

№ 3 – Мырзахан Манасов,

- № 4 – Саршалақ Қуандықов,
- № 5 – Байеке Нұрғожин,
- № 6 – Байеке Жұмабаев,
- № 7 – Төлеу Бауыржанов,
- № 8 – Баеке Борсыков,
- № 9 – дерек жоқ,
- № 10 – Әбдірахым Шонаев,
- № 11 – Бегеш Сабанов,
- № 12 – Сарымсақ Айтуаров болған.

1889 жылдың 2 мамыр күні Өтеш Жошин аттан құлап мерт болған. 1889 жылдың ақпанында 120 адам ауырып (гоячка) өлген.

1889 жылдың 10 сәуірінде Дала губернаторы Шолтанай Шагамоновты мақтау қағазы мен марапаттаған.

1889 жылдың 21 қарашасында 370 бас қой, 58 жылқы малы, 17 түйе, 11 сиыр шығын болған.

1889 жылдың 16 қазанынан болыс Әлдеке Күсенев, орынбасары Уақпай Өскенбаев болған.

Ауылдардағы халық соттары (билер):

- № 1 – Ақшабай Мәтіғұлов,
- № 2 – Шолтанай Шагаманов, Әбетай Мақашов,
- № 3 – Мырзахан Манасов,
- № 4 – Маусымбек Бижанов,
- № 5 – Әкім Бакин,
- № 6 – Жолдан Байгөбеков, Бәке Жұмабаев,
- № 7 – Төлеу Бауыржанов,
- № 8 – Бұқы Божықов, Қуанышбай Беркінбаев,
- № 9 – Демесін Мейірманов,
- № 10 – Әбдірахым Шонаев, Шешкенбай Матаев,
- № 11 – Пандат Қойтармысов,
- № 12 – Бетеген Сабалақов,
- № 13 – Сарымсақ Айтуаров болған.

1890 жылдың 1 тамызында Жасын Моласы жайлауында Дағанделі, Темірші, Шұбартау болыстарының

билер съезі өткен. Келесі жылғы съез Жорға тауының бөктерінде өткен. Болысты 1892 жылдың 31 қазанынан Ақымбай Байтокин басқарып, 1895 жылдың 16 ақпанында барымташылар Қарашиндерді жасырғаны үшін қызметтен босатылып, орнына Самажан Қарабаев болған.

Ауылдардағы халық соттары (билері):

- № 1 – Шонжар Ерубает,
- № 2 – Шолтанай Шагаманов,
- № 3 – Мырзахан Манасов,
- № 4 – Байменбет Ботабасов,
- № 5 – Тоқтар Тілемісов,
- № 6 – Жолдажан Байгөбеков,
- № 7 – Төлеу Бауыржанов,
- № 8 – Қуанышбай Беркінбаев,
- № 9 – Демесин Мейірманов,
- № 10 – Төлеутай Мұсабеков,
- № 11 – Пандат Қойтармысов,
- № 12 – Бегеш Сабанов,
- № 13 – Шағанбай Уақов,
- № 14 – Тышқанбай Матаев болған.

1898 жылдың 24 қарашасынан болысты Шолтанай мен Нұртөлеу Шагамановтар басқарған.

Ауылдардағы халық соттары (билер):

- № 1 – Шонжар Ерубает,
- № 2 – Көпбай Рымкулов,
- № 3 – Мырзахан Манасов,
- № 4 – Саршолақ Қуандықов,
- № 5 – Әубәкір Төлемісов,
- № 6 – Мұрынқай Манкиев,
- № 7 – Тошжан Жоламанов,
- № 8 – Қожамқұл Байтышев,
- № 9 – Самажан Қарабаев,
- № 10 – Толағай Мусабеков,
- № 11 – Талтүс Жаскеленов,

№ 12 – Рақым Күзенбаев,

№ 13 – Шағанбай Уақов.

№ 14 – Омар Бижанов, (Тәттімбет Исабеков старшын) болған. Болыс Шолтанай Шагаманов 1900 жылы Қойтас, Майқапшағай, Қарұңгір, Қаражал, Киіксу, Тассу жайлауларынан 250 көне обаларды (курганы) тауып, бұл деректерді Семейге жіберген. Бұл қызметі үшін ол кісі мақтау қағазын алған.

1901 жылдың 30 қазанынан 1902 жылдың 15 ақпанына дейін болысты Уақпай Өскенбаев басқарып, одан кейін Демесін Мейірманов болыс болады.

Ауылдардағы халық соттары (билер):

№ 1 – Қойгелді Мәмбетов,

№ 2 – Көпбай Рымкулов,

№ 3 – Әзмұхан Әлдекин,

№ 4 – Саршалақ Қуандықов,

№ 5 – Әубәкір Тілемісов,

№ 6 – Жолжан Байгөбеков,

№ 7 – Төлеу Байжанов,

№ 8 – Қожамқұл Байтышов,

№ 9 – Самажан Кәрібаев,

№ 10 – Тәуірбай Нарынбаев,

№ 11 – Бөжей Жанқайыров,

№ 12 – Бегеш Сабанов,

№ 13 – Аманбай Қарпыков,

№ 14 – Омар Бижанов болған.

1904 жылдың 21 қыркүйегінде Демесін Мейірманов Дағанделі ауылы мектебінің Құрметті бақылаушысы болып бекітілген. Осы мектептің ашылуына ол кісі 100 рубль қайырымдылық көмек жасаған.

1905 жылдың 5 шілдесінен болыс Тасжан Жоламанов, орынбасары Салқынбай Байтоқин болады.

Ауылдардағы халық соттары (билер) мен орынбасарлары:

№ 1 – Қойгелді Мәмбетов, Малгелді Жұмагелдин,
№ 2 – Манғазы Қангелдин (бұл кісі 15.05.1907 жылы қайтыс болған) Майлы Қангелдин,

№ 3 – Мұқажан Сейілханов, Әзімқан Өлдекин,

№ 4 – Саршولاқ Қуандыков, Шүленбай Төменшин,

№ 5 – Мұздыбай Қолқаев, Ақым Мырзабаев,

№ 6 – Жолжан Байгөбеков, Қожамбет Жолдажанов,

№ 7 – Төлеу Бауыржанов, Садырбек Баужанов,

№ 8 – Жиенбала Аққұйрықов, Байшеке
Аққұйрықов,

№ 9 – Самажан Қарабаев, Ербосын Қартабаев,

№ 10 – Тәуірбай Нарынбаев, Қисықбай Нарынбаев,

№ 11 – Бөжей Жанқайыров, Бөжентай Жанқайыров,

№ 12 – Шөгел Есергепов, Бабақан Бекжанов,

№ 13 – Әлеке Қангожин, Мереке Қадыров,

№ 14 – Алдажан Омаров, Шапық Байжігітов
болған.

Семей губернаторы 1905 жылдың 14 қазанында болыстың № 2 – ауылдың старшыны Байназар Жакиннің, № 3 – ауылдың старшыны Ақышбай Өлдекиннің, № 10 – ауылдың старшыны – Мұсабай Қуанышевтың, № 13 – ауылдың старшыны Итаяқ Лекеровтың және № 14 – ауылдың старшыны Тәттімбет Мсабековтын шаруашылықтардан салық жинауды жақсы жүргізгені үшін алғыс жариялаған. 1906 жылдың 26 мамыры күні Дала губернаторы Дагандел ауыл мектебінің Құрметті бақылаушысы Демесін Мейірмановқа өз есебінен кедейлердің 5 баласын оқытып тәрбиелегені үшін алғыс жариялаған.

1905 жылғы 22 шілдедегі Санкт-Петербургке салынған телеграмаға болыс тұрғындарының атынан Демесін Мейірманов пен Жолжан Байбакин қол қойған. Мемілекеттік Думаға мүше сайлау үшін Дағанделі

болысынан 1906 жылы 35 жасар Бейсембай Тойсарин және 41 жастағы Қожамқұл Байтышов өкіл болып бекіген.

1908 жылдың 4 қазанынан бастап болысты Қойгелді Мәмбетов пен Уәли Дәуітбаев басқарады.

Ауылдардағы халық соттары (билер):

- № 1 – Ержеткен Уақбаев, Дәрібай Жұрынбаев,
- № 2 – Майлы Қангелдин, Сағым Қангелдин,
- № 3 – Әбілхан Жүнісов, Зорбас Жүнісов,
- № 4 – Саршولاқ Қуандықов, Шөкібас Каурекин,
- № 5 – Әубакір Төлемісов, Асыл Төлемісов,
- № 6 – Саяқ Жангөбеков, Бөжімбет Жолданов,
- № 7 – Төлеу Баужанов, Ошақбай Бейсімбетов,
- № 8 – Жиенбала Аққұйрықов, Қожамқұл Байтенов,
- № 9 – Самажан Қарабаев, Ербосын Қартабаев,
- № 10 – Тәуірбай Нарымбаев, Мұсатай Қуанышев,
- № 11 – Бөжей Жанқайыров, Бөлебай Дәуітов,
- № 12 – Бегеш Сабанов, Уәли Османбеков,
- № 13 – Әлеке Қангожин, Итаяқ Лекеров,
- № 14 – Омар Бижанов, Үкібай Бижанов болған.

1908 жылдың 4 қазанынан бастап болыстың молласы болып № 11 – ауылдың тұрғыны Кенжеғұл Қожамбетов бекітілген.

1911 жылдың 12 наурызынан бастап болыс Бейсенбай Тойсарин, орынбасары Әбдірахман Тойсарин болған. Бірақ 1912 жылдың 20 ақпанында 25 жасқа толмағандықтан Әбдірахман Тойсарин қызыметінен босатылған.

Ауылдардағы халық соттары (билер):

- № 1 – Ержеткен Уақпаев, Мағандық Қадырбаев,
- № 2 – Мұқамбет Шагаманов, Майтыш Шолтанаев
(бұл кісі 1895 жылы болыс болған),
- № 3 – Мұқсин Сейілханов, Омархан Әлдекин,
- № 4 – Күшікәлі Текин, Әміре Бимембетов,
- № 5 – Әубакір Төлемісов, Асыл Төлемісов,

- № 6 – Жолжан Байгөбеков, Бөжембет Жолжанов,
- № 7 – Төлеу Баужанов, Өмір Байсуатов,
- № 8 – Сәттібай Салқынбаев, Қоқай Жангозин,
- № 9 – Тоқай Кентібаев, Ербосын Қартабаев,
- № 10 – Тәуірбай Нарымбаев, Қарасарт Мүжіков,
- № 11 – Бөжей Жанқайыров, М...Қаражанов,
- № 12 – Еркінбай Бекішов, Сулеймен Бұлқайыров,
- № 13 – Әлеке Қангожин, Береке Надыров,
- № 14 – Омар Бижанов, Омарбек Қыржаубаев,
- № 15 – дерек жоқ,
- № 16 – Байтөре мен Төлеу Көпжеров,
- № 17 – Ыдырыс Шоқаев, Темеш Самалбаев,
- № 18 – Белгібай Төлеңгітов болған.

1913 жылдың 12 желтоқсанынан болысты
Бейсенбай Тойсарин басқарады.

Ауылдардығы халық соттары (билер):

- № 1 – Ержеткен Уақпаев, Дәрібай Жұрымбаев,
- № 2 – Мұқаметжан (бұның алдында Мұхамет деп көрсетілген) Шагаманов, Байтөлеу (бұның алдында Байтақ Шолтанаев деп көрсетілген) Чолтанаев,
- № 3 – Мұқсин Сейілханов, Омархан Әлдекин,
- № 4 – Саршолақ Қуандықов, Шайкубас Каупекин,
- № 5 – Әубәкір Төлемісов, Әли Төлемісов,
- № 6 – Жолжан Байгөбеков, Бөжімбек Жолжанов, № 7 – Төлеу Баужанов, Садырбай Баужанов,
- № 8 – Сәттібай Салқынбаев, Сартыбай Салқынбаев,
- № 9 – Самажан Қарабев, Ахметжан Қарабаев,
- № 10 – Тәуірбай Нарынбаев, Менаяқ Нарынбаев, № 11 – Талтүс Жаскленов, Құсайын Әбділдин,
- № 12 – Уақ Ошақбаев, Ергембай Бегешов,
- № 13 – Баймұрын Өскембаев (бұл кісі 15.06.1915 жылы қайтыс болған), Мереке Қадыров, № 14 – Омарбек Қаржаубаев, Төлеубек Әжин,
- № 15 – дерек жоқ, Әміре Бимәмбетов,

№ 16 – Байтөре Көпжеров, Төлеу Көпжеров,
№17 – Есентемір Самалбаев, Жүсіпжан Мотықбаев,
№18 – Қожахмет Қуанышбаев, Қожамқұл
Байтышев болған.

1916 жылдың 2 сәуірінде Бейсенбай Тойсаринге өте жақсы адал, кіршіксіз қызыметі үшін губернатордың алғысы жарияланған. Дағанделі болысынан мал дәргері Бейсенбай Тойсарин Присажный заседатель болып бекітілген. Сол кездегі деректерді орыс хатшылары жазып отырғандықтан болар, қазақтардың бірнеше есімдері, аты – жөндері әр жылдары әр түрлі жазылған.

Ю. Папов,

мәтінді аударғандар

С. Оспанов, С. Әлиұлы, Қарқаралы 3 ақпан 2007 жыл

Мырзахан (қажы) Шегірұлы (1843 – ө. ж. б.)

Нұралы ішінде Жантемірдің бір баласы Шегірден Молдахан, Мырзахан. Мырзахан шешен, көсем, тапқыр адам болған. Керейдің ел аралық (сырт жұртпен) болған жер дауы, жесір дауы т.б оқиғаларды жағымды шеуге қатынасып отырған. Ұлы Абай мен қатынаста болып сөз жүгірткен.

Пышағым бар жетесіз

Туғаным жоқ некесіз.

Өзі туып, өзі толған,

Ердің түбін сұрап не етесіз – деп
Абайды сөзбен қағытқан, ерекше тіл біткен пенде осы
Мырзахан шешен.

Ертеде Тобықты ішіндегі атақты Оразбай мен
Тәкежандар болатын. Олар «қадалған жерден қан аламын»

деп Керейдің жеріне көз тігеді. Іші мерез, түкпіш, залым, озбыр Оразбай бастаған Тәкежан қостаған шағын топ «Керейде жер жоқ, жер біздікі» деп Омбыдағы ұлыққа шағым арыз береді. Осы жуан қарын, шүй желке шонжарлардың жала салған жалған арызы мен Керей жағынан Мырзахан қажы Шегіріұлы Омбыға барады. Ұлық алдында екі жақ бетпе – бет кездескенде, Байқотан Бабаңның серке терісіне жазылған Омбы ұлығының мөрі салынған, құнды құжаты Бабаңның тікелей ұрпағы бай Саршолақтың үйінен алып апарып көрсетіліп, озбыр Оразбайлардың танауы тасқа тиеді. Белге ұрған жыландай жер соғып, үні өшіп қалады. Тауы шағылып шаңырағы ортаға түскендей болады. Бұл хабарды естіген Абай:

...Керейде би Бабаң асып туған,
Бақ, дәулет ұрпағына шашып туған.

Халқының қамын жеген ердің – ері,

Кеудесін озбырлықтың басып туған... – дей келіп, «Тобықтыда анау жақсы, мынау жақсы деп бекерге айтады екенбіз. Олар Керейдің кереметі Жобалай би мен Байқотан Бабаңның шалымына да келмейді екен» депті.


*Нұралы Мырзахан ауылында болған кезінде
Әлихан Бөкейханұлының Шұбартау елінің тарихы
жөнінде жазған қолжазбаларынан*

Мамадайыр былъ толенгутомъ у султана Абылайхана; у него былъ батыр Джаназар из калмыцкого рода, котори с своими родичами выселился в киргизскую степ к Абылайхану Богатый киргизъ из рода Мамадайръ Омурзакъ с Джаназаром; они постоянно жили вмѣсть; первый не жалтъль скота, а второй охранялъ Омурзака отъ врагов; они в свою среду принимали всякого, кто искалъ крова составили народъ «Курама», что значить-

составленный изъ заплатъ. В последствий к нимъ присоединился родъ Кусшы-Кыргызъ все они вместе составляют «толенгутов» говорятъ: «Омурзактын даулетне, Джаназардын кутына джилган ел» т.е народъ собранный богатствомъ Омурзака и защитою Джаназара.

Абақ Керей - Абақ Керейден – Жастабан. Жастабаннан - Бекназар, Қосай. Бекназардан - Шақантай, Құдайберлі, Қожагелді. Қосайдан - Рысбетек, Құтыке, одан Төлеке. Рысбетектен -Есіркеп, Бәйсейіт, одан Қазанғап, Жобалай. Есіркептен - Нұралы, одан Жантемір, одан Күсен, одан Манас. Манастан - Мырзахан. 60 лет. 1903 – год.

Мырзаханның ата қонысы қазіргі "Шат" деп аталатын жер төменгі сайларында ескі қыстақтардың орны – қорым зираттар бар.



Абай мен Мырзахан

Бір жылы Қоянды жәрменкесінде, Тобықты жақтың билерін Мырзахан шешен шетінен ауызын аштырмай жеңіп, ығыстыра береді. Олар Мырзахан дауға алдырмаған соң мән жайды Абайға жеткізеді. Абай ағайындарының көңілін жықпай; - Кешегі жеңіліп қалған дауларыңды, ертең таңертең қайта бастаңдар, Мен киіз үйдің сыртында тұрып тыңдап, Мырзаханның андысын байқап, әуселесін бір көрейін, - дейді. Ертеңінде Абай киіз үйдің сыртынан тыңдап тұрып, Мырзаханның тапқырлық шешендігіне өте қайран қалады. Расында, сөзі мірдің оғындай, Тобықтының билерін аузын аштырмай жатқандығын байқайды. Содан соң Абай шыдамы таусылып, киіз үйдің есігін айқара ашып кіріп келеді;-

- Мырзахан – ау, даусың ащы – ащы, әрі қатты шығады, Бір болыс Керейдің қиын жеймін деп, ішің кеуіп өлер ме екенсің, – деп оны қасақана сынайды. «Бір болыс Керейдің қиы не болар дейсіз, бес Болыс Тобықтының қиын жеп, келіп тұрған кісі де өлмей тұр ғой» депті Мырзахан. Абай ұялып, етегін қағып далаға шығып кетіпті де, Тобықтының билеріне кісі жіберіпті. «Мырзаханды тіл біткен пенде оңайлықпен жеңе алмасына көзім анық жетті. Сондықтан Тобықтыға кеткен Керейдің есесін екі сөйлетпей, түгелімен тұтас қайтарып беріңдер» деген екен.

Бір жылы Абай, кенже інісі Оспанды Бұғылыға болыс қоямын деп жүріп, қоя алмапты. Сол жылы Мырзахан шешен де, Үшмомын Бөпөбай қажыны Дағанды керейіне болыс қоямын деп ол да қоя алмапты. Абай Мырзаханмен кездескен сайын әзілдесіп отыратын көрінеді. Бұл жолыда екеуі сәтін салып кездесе қалады. Абай Мырзаханға: - Қанжығаңа байлап жүрген жалғыз жаян бар деуші едің, оны қалай қанжығаңнан түсіріп алғансың? - деп жұмбақтай әзіл тастайды.

- Ай, Абай қанжығаға байлап жүрген жалғыз жая жылға үнем, айға азық болар деймісіз. Ал жаяға қоса, жал, қазы қартасын қоса қанжығасын тоқ етіп, байлап жүрген адамда қанжығасынан түсіріп алып бос қалыпты ғой, - депті. Абай:

- Тілің ұзын, қанжардан да өткір, ойың орамды екен ғой, – деп Мырзаханның тапқырлық , шешендігін аса жоғары бағалапты. Дағандел болысына 24 жыл болыс болған Әлдеке өз көзінің тірісінде ең кіші жас тоқалын өз еркімен бауыры Мырзаханға сыйлап беріпті.

**Нұралы, Кененбайдың жеті ұлының бірі
Шағыманның баласы Шолтанай қажы 1851 жылы
туып 1824 жылы дүниеден озған.**

Дағандел еліне 14 жыл болыс болған. Бай – ауқатты елге қайырымды, шарапаты кең адам болған екен. 10 сәуір 1889 жылы Дала Губернаторы қиын жағдайда жақсы ұйымдастырған жұмысы үшін, аурудың алдын алуда істеген қызметтері үшін мақтау қағазы мен марапаттаған. Шолтанай Шағыманұлы, 1900 жылы Қойтас, Майқапшағай, Қараүңгір, Қаражал, Киіксу, Тассу жайлауларынан 250 көне обаларды (курған) тауып, бұл деректерді Семейге жіберіп отырған. Шолтанай қажы Шағыманұлы болыс болып, ел басқарғанда «Томан би атамыз айтқан екен» деген мынандай өлмейтін, өшпейтін өсиет қалдырыпты:

«Айтылмай қалса сөз жетім,
Көрмей қалса көз жетім.
Құс қонбаса құз жетім,
Көргенсіз болса қыз жетім.
Панасыз қалса шал жетім,
Жарықсыз қалса тал жетім.
Бағылмай қалса мал жетім...»

«Сыйламаған келінді келін деме,
сыйласпаған баланы балам деме».

«Жау келсе оздырма,
Дау келсе қоздырма.
Бітім болса создырма,
...Елді тоздырма», – депті Томан би.

*Шолтанай қажының немересі: Нұрасыл
Мәтішұлының Ізімхан Есімбековке жазған хатынан
үзінді:*

Саяқтан сәлем!

Ассалаумағалейкум, Ізімхан! Аса қадірлі көретін шешеміз Үмежанға, келінге бала-шағаларға көптен-көп сансыз сәлем жолдаймын. Ал үй іші бала-шағалар ауру-сырқаудан аман-есен бе? Ал бұл жақта біздерде аман есен, ел қатарлы жүріп жатырмыз. Енді не жазам, қанымыз бір туыс болған соң, өткен-кеткеннен сендердің аман-саулықтарыңды сұрап жатамын. Аман- саулықтарыңа тілекші алтын жүздерінді аман-сау бір көруге жазсын. *Нұрасыл Мәтішұлы деп білерсіз.*

Керей Қосайда бес бала болған: Еламан, Жолай, Жолымбет, Рысбетек, Құткелді. Бес баланың аттарынан-ақ зұлмат жаугершілік заманда дүниеге келгендігі көрінеді. Енді өзіме келейін Жолайдың немере баласы Есіркеп деген ғой оның баласы Нұралы мен Нұралы оның ішінде жеті Кененбай дейді. Жангелді, Жәке, Рымқұл, Қарсақ, Қарамырза, Қангелді, Шағаман. Шағаман баласы Шолтанай қажы. Шолтанайда бес ұл болған: Бәйтен, Нұртөлеу, Бертөлеу, Мәтіш, Нұрақым. Керейде үш адамға 1000 бітіпті жылқыдан:

Шағаманға (менің үлкен әкем),
Байтоқыға (бәйсейіт керей ішінде),

Шақантай Шүршіт деген кісіге.

Кейін жаугершілік заман тоқтаған соң ел отырықшылыққа айналған соң Керейді билеген болыс болып Шағаман бірнеше жыл болыс болған. Кейін Шолтанай қажыға береді. Шолтанай қажы 1924 жылы сәуір айында дүние салады. Менің әкем Мәтіш керейге бірнеше жыл болыс болып 1925 жылдары үкіметке тапсырды. Шолтанай қажыда бес ұл болды деп жоғарыда айтқанмын, сол бес баласы бес ауыл болды. Кенже баласы Нұрақымға бәйбішесі Кәке деген үлкен шешемізді тастап шешеміздің өз рұқсаты бойынша қос әйел алып, бөлек бір ауыл болды. Ол ауылды Қостоқал ауылы деп кеттік. Сенің үлкен әкең Мәңке ол бір ауыл, сонда жеті ауыл, кейінен еліне өкпелеп Матайдан жеті үй көшіп келіп, оларғада жер беріп бір ауыл болған. Сонда Шолтанай қажының сегіз ауылы болған. Қазір матайдан көшіп келген жеті үйдің ұрпақтары Нұрғали, Иманғали деген екі ағайынды болған. Үлкен әкесі Бәди Иманғалидан Мұрат тарайды, ол Эмельтауда тұрады. Нұрғалидан Құрманғали, Биғали, Тұрғали, Аманғали тағы бір – екі ұлы бар. (Есімдерін ұмытып қалдым) Құрманғалидың бір баласы сіздің совхозда істейді деп естимін. Бір баласы ауданда жақсы білімді баласы бар еді биыл өлді деп естідім, мұғалім. Ал Бұланнан Сарықамыс совхозында тұрады Битөлеу деген баласы бар, ол менен үлкен дүние салды деп естідім. Битөлеудің баласы ауданда оқу бөлімінің бастығы деп естимін.

Ертеде: Қарқаралы оқу ордасы болған себебі ертеде Россияда оқыған адамдар патшаға қарсы болғандарды алыс жерге жер аударған, олар Қарқаралыға келіп қазақ, орыс балаларын оқытады. Менің екі ағамды, сенің әкеңнің інісі Досымбекті, Нұрғалидың Тұрғали деген баласын Шолтанай қажы Қарқаралыға орыс мектебіне оқуға жібереді. «Ол уақытта бай баласы болмаса кедейдің

баласын оқуға алмайды. Сол оқып жүргенде 1916 жылы Патшаның жарлығы бойынша 25 – 30 жас аралығындағы жастарды Германия мен Ресей соғысып, сол соғысқа кісі алуға ел ішінен Амангелді Иманов бастаған көтеріліс болған. Сол соғысқа Досымбекті Қарқаралыда оқуда жүргенде алып кетеді, содан ол кісі қайтқан жоқ» деп айтып отыратын менің шешем мен әкем. Соны ғана білемін. Шағаманның бір баласы Молтанай олардың ұрпақтары Сарықамыс совхозындағы Зиядин Тәттібек, қыздардан Зина, Мәкен, Төкен, өз совхозындағы мұғалім Кенесбектің әйелі Күлаш. Ал сенің шешең бүкіл, сегізінші ауылдың еңбектеген баласынан бастап, үлкен адамдары Каке деп кеткен. Ол кісі кісіге қайырымды болған, бір жағынан аузы дуалы болған. Ертеде бала көтермеген әйелдер барып бейітіне түнейтін. Қойға топалаң деген ауру тиіп, қой қырыла бастағанда қойды апарып түнетсе, қойдың өлімі тиылады екен. Ол қажының бейіті Жорға совхозына қарайды. Жорғаның шығыс жағында 3-күмбезді жоғарғы бөлмесінде екі кісі жатыр. Бірі Шолтанай қажы, екіншісі Кәке бәйбіше. Ол бейітке құран оқып кірген адам бұрын құран оқып ақтық тағып кетеді, екінші адам құран оқып сол ақтықты алып бір тиын болсада тастап кетеді. Ол жердің аты «Киік су» қой фермасы бар. Нұрбай деген жерде де фермасы бар. Тілеп деген жерде де қой фермасы бар. Мәтіштің бірінші әйелінен Сәулетай, Әріптай, Мырзатай деген үш ұл болған, олар түгел өлген, бала жоқ. Екінші әйелінен Шаштықара, Әбдірәсіл, Нұрасыл, Жайлықара деген төрт ұл болған. Шаштықара өлген, алты ұл бала қалған. Олар аман-есен, Балқаш қаласында тұрады. Түгел үйленген, бала-шағалы. Әбдірәсіл былтыр 9 қыркүйек күні дүниеден озған, бір ұл баласы бар. Үшінші мен алты қыз, үш ұл балам бар. Төртінші Жайлықара, званиясы – майор, Ұлы Отан соғысында өлді. Шолтанай

қажының бес ұлынан қалғандары Нұрақым, ешбірі өлген жоқ, өскен болыс – бай деген балалары.

Ескерту: бірінші атаң Қосай, екінші атаң Жолай, үшінші атаң Итбас, төртінші атаң Есіркеп, бесінші атаң Нұралы, алтыншы атаң Қазығұл (жуан ата). Мәнке жетінші атаң, Есімбек сегізінші, одан Ізімхан осыны жақсы білсең жетеді. Қате кеткен жері болса кешір, һәм оқуынды сұраймын!. Осы хатымды алған соң «алдым» деп, маған хат жазып жібер мені алаңдатпай жарай ма, қарағым?!

12-тамыз, 1991 жыл

Қойгелді болыс

Мәмбетейұлы Қойгелді болыс, Руы Жастабан Керей, Бегімбет, Қосай – Құткелді (Құтыке) – Төлек, Сарыбай табынан.

Қойгелді мен Әміржан:

- Сіз, әне бір дөңеске таман барыңыз. Мен кешегі қарағандарды сүзіп шығайын. Қашса, сізге тартады ғой, - деп желе жөнеледі. Тазы жігіттің соңынан кетеді. Жігіт жүріңкіреп барып тасаға түскенде аттан түсе қалып, тазыны шақырып бірер қазы тастады да, қарғысынан шыжым жіпті іліп алып, «ел қайдасың?» деп шаба жөнеледі.

Әміржан байғұс қулықты білмей, түлкі алыстан қашып ойысып келгенше сол болып жатқан шығар деп, дөң басында көп уақыт тосып тұрады. «Әлде түлкі кіріп кетіп, соны аламын деп әуре болып жатыр ма?» - деп жігіт асқан белге шықса, маңайда түк көрінбейді. Ізін кессе, түлкі ізі жоқ, итті жетектеп тура тарқан ізі жатыр. Әміржан алданғанын сол жерде бір – ақ біліп, санын соқты. «Енді

қайттым»! деп, жылап жіберіп, тұрып – тұрып үйіне қайтты.

- Қайдағы бөтен адамды неге ерттің, тазың сыймай бара жатыр ма еді? Сол керек саған! - деп үйдегі әйелі де тап береді. Әміржан ас та ішпей, түнімен ұйықтамастан ерте атқа мінеді де, атқамінер ағайыны Бегешке шауып келіп, болған оқиғаны айтты.

- Мұндай қорлық болмас! Кімге болса да қара тазыны сіңіртпеспіз, - деп Бегеш бастаған алты адам атқа мінді. Олар ізбен жүрмек болып еді, ізді борасын басып қалыпты. «Тазы әкеткен жігіттің мінген аты Қогелдінің қоңыр аты сықылды. Осы озбырлық соның-ақ қолынан келген шығар», – деп тура солай тартты. Қойгелді үйінде екен, жайрандап қарсы алады. Бірден өзі сөз бастап:

- Неге келгендеріңізді біліп отырмын. «Ер шекіспей бітістпейді» деген еді. Дүние алар болмаса кісі алар сүйек болармыз деп Әміржанға бір тентектік істеп едім. Бірақ құдай жолды қылмады, әкеле жатқанда тазыны ат теуіп өлтіріпті. Сіздерге айыптымын, міне мал, міне бас, ағайындар, - деп мәймөңкелейді.

- Қойгелді, сен бұлталаққа салма, қазақ мал, қыз алып қашушы еді. Ит алып қашып бұл не қылғаның? Қай басынғаның? Келтір қазір тазыны! Өлсе, өлексесін көрсет, одан арғысын көреміз, – дейді. Қойгелді бұл сөзге айыбын мойындай түсумен қабат, қырын да көрсетіп қойды:

- Ағайын, осынша қатты кетіп тарылмандар, ол иттің күшігі емес пе? Жесірдің де, ер құнын да ел бітімге келіп шешуші еді ғой. Ашуланғандарыңмен иттің құны мен айыбынан басқа қайда барсаңдар да түк қылы алмайсыңдар. Ағайын, соның бәрін өзім айтып отыр емеспін бе? Оған көнбесеңдер бір ит үшін ауылымды өртеп кетіндер, қарсыласар ешкім жоқ. Бұдан басқа айтар сөзім де жоқ, - дейді Қойгелді.

Әміржандар оңаша кеңесе келіп: -Қойгелді малға көндім деп отыр ғой, иттің құнын көбейтіп төлеуден бас тартатын етіп істейік. «Иттің құны бес қара және ат – шапан айыбы бар» делік, – деп келіседі. Әміржадардың басшысы Бегеш:

- Қойгелді, өзіне белгілі Әміржан момын кедей шаруа, өмірде қызықтайтыны қара тазысы болатын. Ол дүниемен жығып алам дегенге, төрелердің «төбеңнен жай түсірем» дегеніне «көріп алдым» деп қасарысып, жанға сипатпай қойған тазысы еді. Әміржанның аңқұмарлығы сондай-бір күн аңға шығып бір түлкі әкелгенін бір қарадай көретін. Әміржанды басынып, осындай қызығын кесіп, жылатып, итін тартып алып отырсың. Байлығыңа сеніп, иттің құнына көндім дедің ғой. Иттің бес қара және ат – шапан айыбын бересің. Осының өзіне де Әміржан ырза болмай отыр, біз бастық. Мұны көпсінсең, Әміржанның итін бер – дейді. Түнеріп отырған Қойгелді:

- Бес қараның түсі қандай болмақ? – деген екен.

- Мұны енді араластырайық, боталы түйе, құлынды бие және жарамды бір ат, – дейді Бегеш.

Қойгелді сөзге келмей, төменде отырған жігіттеріне: – Мына кісілерге жарамды ғып, айтқандарын қазір әкеп беріңдер, – депті .

Қойгелді жайлы

Біз Сарыбаймыз. Қойгелді біздің туыс болады. Топас, сөзге олақ бай адам. Малды партияға салып, болыстыққа таласып, малмен жеңіп, бір сайлау болыпты. Қойгелді не сөз бастаса, «нетіп, неткесін нетіп, мен ұрысқасын кетіп» деп бастайтын әдеті болған кісі. Тошаннан (Тошан?) малмен жеңіп бір сайлау болыс болған. Тошан Байсейіт деген таптан шығады. Байсейіт, Сарыбай, Нұралы – үшеуі бір туысқан адам. Енді екінші

сайлауда Қойгелді малын шашып таласпай, ағайын–туғанның тілін алмай, Тошан қайта болыс болады. Сонда Төлеу өлең қыпты тіл алмағаның, бұл 1912 – ші жылдар болу керек.

*Қойгелді болыс жөнінде жазылған деректерді
Мұқашев Талғат Ясманұлынан алдым,
Астана-Қосшы 25.03.2025жыл*

**Жобалай бидің кесенесіне қойылған құлпытастағы
шағатай жазуының аудармасы**



Діні ислам,
нәсілі қазақ,
ұрығы Керей,
Бегімбеттің екі баласы

Бекназар һәм, Қосай абыз 1760 – інші жылы шамасында атақты Жобалай би осы күнгі Қытай қол астындағы Алтай – Сауыр тауындағы көп керейлер Бегімбеттің екі баласының тұқымы екі жүз үй шамасында. Жобалай би бастап көшіп келіп, осы Дағандел, Бақанас

деген жеріне мал бағуға аса жарамалы деп орын қылыпты. Құдайға тәуба 3000 мың үй болдық, сол уақытта халықтың зорлық барымтаменен жүрген күнің Бес атанға тайлақ, атқа тай тулақ алғызып, билік айтып, елі солай тыныштанған екен. Осы күнге шейін Орта Жүзге Жобалай бітімі жүреді. Мәзкүр Қосай абыз ұғылы Рысбек оның ұғылы Байсейіттің ұғылы Жобалай би 1233 hijра да ахиретке сафар иледі (жөнелді). Жобалай ұғылы Жиденің ұғылы Жоламан оның ұғылы Тойсары оның осы күнгі ел билеуші Бейсенбай 1914 жылы бұл тасты жаздырды. «Уақыт солай болған соң, қой болар, қозы болар, келер жылы өзі болар», – деген нақыл билік бір сөзі.

Аударған: Қасенов Айдаржан Балтабайұлы, 8 мамыр 1970 жылы Қарағанды облысы, Талды ауданы, Томар ауылында («Прогрес») дүниеге келген. Қазіргі уақытта Ақтоғай ауданы Шабанбай би ауылының Шабанбай би мешітінің молдасы болып қызмет атқарады. Өлкетанушы қадым жазуын, шағатай тілін меңгерген. Қазіргі таңда, бабалардың жазып кеткен шағатай, сұлу жәдид негізінде жазылған араб таңбасынан кириллицаға аударумен айналысады.

Байсейітұлы Жобалай би XVIII – ғасырдың ортасы, XIX – ғасырдың басы өмір сүрген. 16 жасынан Дағандел, Бақанас өлкесіне қоныстанған елдің тұңғыш биі. Жобалай би өз әкесі, әрі би, әрі асқар тауы Байсейітті пір тұтқан. Бір кездегі бала би – дана би атанады. Жобалай бидің көне кесенесің 1924 – 25 жылдары шөбересі Бейсенбай Тойсарыұлы елден қаржы жию арқылы шебер зиратшыға қалатып қайта салғызады. Бұрынғы зираты төрт құлақты тас бейіт болған.

Үш жүзге аты мәлім Би Жобалай,
Ел қылған аз керейдің басын құрап.

Жас жайнап, өскен гүл – бақша бау,
Керейдің қорғаны еді ол асқар тау.
Атқа тай, атанға тайлақ билік айтып,
Алдынан тарқайды екекн не қиын дау.
Біз атқа тайлақ аламыз деп ұран еткен,
Жобекең осылай деп билік еткен.
Ем болған айтқан сөзі дуалы ауыз,
Қатарға ол күндегі басы жеткен.
Үш жүздің басын қосқан жиынында,
Не даудың билік айтқан қиынына.
Атқа тай, атанға тайлақ бітім айтып,
Келтірген сөз жүйесін қиынына.
Қой болар деген екен, қозы болар,
Келер жылы енесінің өзі болар.
Біз енді дау қуғанша мал алалық,
Ескі дау ұзаған соң босқа тозар.
Осындай билік айтып шыққан данқы,
Сыйлаған қасиеттеп туған халқы.
Кейінгі ұрпағына мирас қалды,
Көнеміз бұл билікке бізде жалпы.
Кеткен жоқ бұдан былай ешкімге есем,
Бейсенбай шөбересі болды шешен.
Бөжей мен Құнанбайға билік айтып,
Үйсінбай уақытында болған көсем.

Бейілжан Мұхамедиұлы



Үлкен Бидайықта жерленген Жантемір, Жанұзақ, Күсен, Үйсінбай, Жүніс, Тілеп аталарымыздың зираттарына орнатылған құлпытастар мен қоршау.



Әлдекенін бидайығы Дағандел өлкесі



Үйсінбайұлы Байшойының тұмасы күзегінің
орны Майқапшағай тауынын оңтүстік шығысы



Майқапшағай тауының Шат жырасы



Асқа алыс – жақыннан келген тілектес ағайындар
Ақышбай 9 мамыр 2019жыл

ТАРИХ ҚАСЫМЫЗДА

Әбдірахман Әлімхан (Зорбас)ұлы Жүнісов

Ел өмірі ұзақ – соңар бітпес жыр, Бітпес жырдан табылады талай сыр – деп Бейімбет Майлин.

Шұбартау өңірі тарихынан көптеген мағыналы өмірі мен ашылмаған сырлар бар, «Көп жасаған білмейді, көп тоқыған біледі» - деп халқымыз айтпақшы әкем марқұм Жұманбай көпті көрген, көп тоқыған, зобалаң 1932 жылдардың азабын басынан өткерген адам еді. Менде әкемнен естіп, көптеген жайды біліп көкейге тоқыған шындықпен өрілген. Осы өңірдегі зұлматты хикаяны айтып бере аламын. Бүгінгі күнде коммунистік партияның әділеттілігі арқасында демократия мен жариялықты паш еткен сөз, пікірі, ой бостандығы болмаса, бұл айтылмақ шындықта, жабулы қазан, жабулы» қалар еді. Революциялық идеяны жүзеге асыру мен

интернационалдық достық жолында қыршын жасында құрбан болған, Ресей коммунистік большевиктер партиясының мүшесі болған. Бүгінгі таңда Қарқаралы қаласының орталығындағы ескерткіш жанына қойылған мәрмәр тасқа есімі жазылған революция солдаты Абдрахман Әлімханұлы Жүнісов.

Жас ұрпақтың интернационалдық сезімі мен ықыласын оятатын тарихи зерделерін шыңдайтын, үлгі – өнеге тұтатын осындай адамдарды зерттеп жазу, оны көпшілікке ұсыну біздердің парызымыз емес пе? КПСС Орталық Комитетінің «Қазақ республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысы туралы» қаулысында көрсетілгендей. «Қазақстан халықтарының революциялық өткендегісі, олардың Кеңес үкіметі мен социализм орнату жолындағы күресі іс жүзінде ауызға алынбады» деген жолдарында еске алғанымыз жөн сияқты. Енді негізгі түйіндерге тоқталайық.

Революциянын қыршын құрбаны

Әбдірахман Әлімхан (Зорбас) ұлы Жүнісов, Дағанды болысында дүниеге келген. Әбдірахманның әкесі Әлімханды жеңгелері басы үлкен, зор денелі болған соң Зорбас қойып, солай атап кеткен. Алғашқы кезде ауыл молдасынан ескіше хат таныған елгезек бала кейін Қапал медресесінде және төрт кластық Орыс мектебінде оқып, білім алады. 1914 жылы Қарқаралы қаласындағы Реальный училищеге оқуға түседі. Революция ісіне жастайынан берілген Әбдірахман 1916 жылы ұлт – азаттық көтерілісі кезінде және 1917 – 1918 жылдары Қарқаралыда Кеңес үкіметін орнату кезінде патша үкіметіне және Контрреволюционерлерге қарсы ұзақ күреседі. 1917

жылғы декабрьде Қарқаралы уезіндегі Жастардың жасырын ұйымдастырылған алғашқы ұясы «Қырғыз» далалық Одағының мүшесі болады. 1919 жылы жасырын жағдайда РКП(Б) мүшелігіне кандидаттыққа қабылдайды. Ол партия мүшелігіне 23 жасында 1920 жылдың 20 апрель күні қабылданды. Рекомендация ұсыныс берушілердің бірі 1920 – 1921 жылдары Қарқаралы уездік ревкомының мүшесі және бөлім менгерушісі, губкомның бөлім менгерушісі, Семей губерниялық атқару комитетінің мүшесі және Москвада ВЦИК Президиумының ұлттар бөлімінің меңгерушісіне дейін көтерілген, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Нығымет Нұрмақов болды. Ұлы Октябрь Социалистік революциясынан бұрын Ресей қалаларымен Жетісу өлкесіндегі қалаларды байланыстыратын үлкен сауда жолының бірі Қарқаралының Қоянды Жәрмеңкесіне өтіп қазіргі Шұбартау ауданының Дағанды, Бақанас өзенін жағалап Қозы – Көрпеш, Баян – сұлу зиратының іргесінен үлкен жолға түседі. Бірде, осы жолдың бойындағы қазіргі «Мәмежан» Ш.Уалиханов атындағы совхоздың қыстағында отырған, үйленген екі баласын қосқанда екі – үш шаңырақ шағын ауылға екі ат жеккен күймелі жеңіл пәуеске келіп тоқтайды. Жанында кучерден басқа, салт атқа мінген адамы бар, толықша келген орыс өнді бөтен адам пәуескеден түсіп жатты. Аттарға тағылған қоңырау үнін естіп, бір үйлі жанның бәрі үрейлене далаға шығады. Бұл сол кездегі Верный (Алматы) Губерниясына қарайтын Қапал уезінің саудагері (купец) қора-қора қой, табын-табын сиырын өргізген оны қоянды мен Ташкент, Самарқантқа дейін саудалаған татар байы Абсаттаров Шаяхмет екен. Қапалдан үдіре айдап 600 – 700 км жол жүргенде әбден титықтаған өгіздерінің табаны тиіп жүре алмайтын болған. Жүруден қалған 10 – 15 малды келесі жылға Қояндыға айдайтын қалге келгенше бір жыл бағып

беру ақысына келісіп Әлімханға тастап кетеді. Бір жыл өткен соң 1906 жылы Шаяхмет тастап кеткен малының бағу ақысын ауырсына ма, кім білсін? Әлімханға сен бес ұлыңның бірін маған бер, мен оқытайын, сенен қаражат сұраймын тек жыл сайын жарамсыз малды бағып беріп отырсаң болды, - дейді. Балаларымен ақылдасқанда тоғыз жасар кіші ұлы Әбдірахман болыс ауылындағы молладан оқып жүріп, менің атымды Әбдірахман деп қалай қойған, оның мағынасы не? – деп сұрасам, Әбдірахман арабша «билеушінің құлы» – деген сөз деді. Құл дегеннің анығына жеткенше оқиын ғылымның сырын білейін, мен барайын» -деп, қуаныштан елпілдеп қуанып кетеді. Қапалға барған соң Әбдірахман Абсаттардың бәйбішесі мен жас тоқалының күтушісі есебінде, оларға қол бала бола жүріп, малшы құсшылармен бірге жатып, үш жыл уезд орталығындағы медреседе оқиды. Онан әрі оқуын үзбей, уездік төрт кластық Орыс мектебінде оқып, оны үздік оқумен бітіреді. Жыл сайын жәрмеңкеге мал айдаушылардың тамағын дайындаушы болып, екі аяқты арбаға отырып орысша киінген Әбдірахман елге келіп-кетіп жүреді. Оның білімге деген құштарлығы арта түседі. Орыс балаларымен достасып сырласады, орыс мәдениетіне ұмтылады. Крепост ішіндегі солдаттардан балалайка, скрипка, гармон тартуды үйреніп, орысша көптеген өлеңдерді айтатын болады. Революциялық төңкерістің жақын екенін, Казармадағы солдаттардан естіп біледі. Ол жөнінде кейіннен, -мен Қапал крепосының солдаттарынан патша үкіметіне қарсы айтқан жасырын үгіттерін тұңғыш 1911 жылы естіп білдім. Оларға былай деуші еді, біздің өміріміз тас қоршауда мәңгі бақи өте бермек емес, бізге де бостандық таңы ататын, бала мен жар сүйетін заман алыс емес... Ол үшін жасырын күреске шығу керек. Сендердің оқып білулерің қажет, сонда ғана күрестің не екенін білесіңдер-деп, ауызға берік болуды үнемі

ескертіп отырады. Менің большевик болуыма сол сөздердің үнемі жадымнан кетпейтіндігі болды-деп ,айтып отыратынын сан рет естідім дейді әкем Жұманбай. Шаяхмет жеті жыл өткен соң Абдірахманды сауда саттығының есебін жүргізіп отыру үшін Верныйға жібереді. Одан қарап жатпай аз ғана күн көріс қаражатқа карамастан мұғалімдік семинарда бір жыл оқиды. Арықарай өз бетімен бітіріп шығуға оқуға қаражаты болмай елге келеді. Әкесі сегіз жыл оқыдың осы оқығаның да жетеді, енді күн көрістің қамын жаса, бізде сені оқытатын қаражат жоқ. Үш үйдің қарап отырған жиырма—отыз қоймен он бес жылқысын сатқанымен өзіміз қалай күнелтеміз, үйлен де осында қал-дейді. Жоқ санам мен көзім жаңа ашылып келе жатқанда, көшіп қонған елге не пайдам тиеді, тағы оқимын, оқудың қадірін түсінетін заманда болар, оған жетерміз, сендерден қаражат сұрамаймын – деп, сол 1914 жылы Қоянды жәрмеңкесіне Сібірден келген алыпсатарлардың сауда жұыстарының есебін жүргізуші болып қаражат жинап алады.

Шәкәрім ақын:

Талап деген бір жүйрік тұлпарсынды,

Бабын таппай мінгенді қылар жынды.

Басыңды тауға ұрама, тасқа ұрама,

Ал енді бұған жігіт қайтіп мінді, - деген екен.

Сол айтқандай талаптанып көрейін бабын тапсам оқырмын, табылмасам бір жөні болар – дейді. Күзге қарай Қарқаралының Реальный училищесіне түседі. Білетіндер оны орысша, қазақша өте шешен сөйлейтін десетін. 1916 жылы, қара жұмысқа қазақтардан солдат алғанда уездік солдат қабылдау комиссиясына оқуда жүрген Әбдірахманды тілмаштыққа шақыртады. Елден келген қол – аяғы бүтін дені сау жігіттерді көзі кемтар, не ақсақ, ауру жігіттерді бір адамның орнына бірнеше рет кіргізіп, көптеген жастарды алып қалған. Оны сезіп қалған

уезд бастығы «Ақ желке» (қазақтардың қойған аты М. Әуезов «Қараш – Қараш» повесінде де уезд бастығын «Ақ желке» деп атайды.) Әбдірахманға – Сен барып тұрған алаяқсың, қазақтардың барлығы ауру – сырқау болама? Осының бәрін сен ұйымдастырып жүрсің! – дейді. – Бұларды елден жиып әкелген мен емес, өз болыстарынан дәрігерлік жәрдем алмаған халықтың сиқы осындай болады, - дейді. Әбдірахман: - Сені жіберген училище бастығын көрерміз, мұндай көмегің қажет емес, – деп тілмаштықтан қуып жібереді. Қарқаралыда Совет үкіметі 1918 жылдың 8 марты күні орнағанда тұңғыш құрылған Совдеп мүшелерінің арасында 21 жасар Әбдірахман Жүнісов та болды. Жазушы Жүніс Ыбыраев «От жүректі чекистер» (Алматы. 1978 ж. «Қазақстан баспасы») деген кітабында 1921 жылығы 6 сәуірде Қарқаралыда болған қанды оқиғаны былай суреттейді: «Коммунистер бірден берілген жоқ. Олар алдымен топ – топқа бөлініп алды. Қарқаралы уездік партия комитетінің бірінші секретары Иван Малашкин, уездік саяси бюро бастығы Альфред Чигович соңғы тынысы біткенше атысты. Олар бандиттердің жиырма шақтысын сұлатып түсірген еді. Коммунистер, активистер аянбай қарсыласты. Медеубаев, Войцеховский, Малахов, Колосков, Хрусталаев, Есбергенов, Жүнісов, тағы басқалары ақ бандалар мен карусыз алысып, қайсарлық көрсеткен еді... Қарқаралыда 78 коммунист, активист осылай ерлік пен қаза тапқан екен».

Қазақстан Коммунистік партиясы тарихының очеркінде: совет үкіметі жолындағы күресте көптеген коммунистер өз өмірлерін құрбан етті. Олардың ішінде Семей губерниясы Қарқаралы уезінің 70 – тен астам басшы партия және совет қызыметкерлері болды» (202-бет) делінген. Төрт айдан соң 1918 жылдың маусымында бүлікшілер Совдепті құлатып мүшелерін қамауға алғанда,

жақын маңдағы кен орындарындағы Жұмысшылар арасында Темірші болыстарының шаруалары арасында жаңа құрылған Совдептің және Уездік халық ағарту Комиссиаратының Кәсіподақтардың жаңа аппаратының тапсырмасымен жүрген еді. Қамаудан аман қалған революциялық пиғылдағы жастар астыртын жұмыстағы революционерлердің басшылығымен жұмыс жүргізді. 1919 жылдың көктеміне қарай Қызыл армияның дүмпуіне шыдай алмаған ақ тулы контрреволюциялық күштердің босыған әскерлері шашыранды түрде Қарқаралы қаласының маңы арқылы Қытайға қарай жөңкіле өте бастады. Осы кезде Қарақаралыдағы астыртын ұйымдардың басшылығымен, Омскідегі астыртын комитеттің нұсқауы бойынша революциялық жұмыста белсенділік көрсеткен біраз адамды РКП(Б) мүшелігіне кандидаттыққа жасырын жағдайда қабылдайды. Оның бірі Әбдірахман еді. Кандидаттыққа қабылданған бір топ адаммен мәжіліс өткізіп, қашқан ақ солдаттардың сойқанынан елдің амандығын, тыныштығын күйзелмеуін, үрейленбеуін, түсіндіруге Совет үкіметінің Қазақстан жерінде орнайтындығын жеткізу мақсатымен уездегі 22 болыс елге астыртын жағдайда қаруландырып аттандырады. Әбдірахман Темірші, Абралы, Дағанды болыстарындағы ауылдарды аралап Совет өкіметі халықтық үкімет екенін, барлық халықтың теңдігін жүзеге асыратынын түсіндіріп жүрген кезде, қашып бара жатқан солдаттардың бейбіт отырған ауылдардың адамдарын сабап, көзге түскен сандық киімдерін сұраусыз шешіп алып, азық-түліктерін тартып алып жатқанының үстінен түседі. Бұларда жетісіп жүрген адамдар емес, сендердің соңдарыңнан бұларда қашып барады. Заттарын қайтарып беріңдер. Менде осылармен бірге кетіп барамын деп, тоналған заттарын қайтарып беріп отырған. Сол жылдың август айында олардың жүретін жолынан аулақ

кету мақсатымен шеткері Арқарлыға көшіп барған өз үйін іздеп барады. Мұндада, дәл осындай көріністің үстінен түседі. Әйел-еркек демей аяқтарына киген бүгін мәсі, етіктерін тартып алып, өздерін жалаң аяқ ауыл сыртына қарай қуып бара жатқанын алыстан көріп, мойнындағы бес атарын ыңғайлап шаба жөнеледі. Мұны көрген ақтың бес солдаты да мылтықтарын кезеп бұған қарсы шабады. Біраз сөйлескеннен кейін олар жуасып, алған заттарының барлығын қайтарып береді де, Емелтауды бетке алып жүріп кетеді. Олар кеткен соң Әбдірахманнан сұрасақ: – Қарақаралының бай көпесі Рязанцевтің антұрған, бұзық баласы екен. «Біз де сенің кебінді киіп барамыз» деп алдап – сулап шығарып салдым» деген еді – дейтін әкем. Осы жылдың қарашасында қыстауға көшіп келген әкесінің үйіші қайғылы қазаны да көреді. Үлкен ағасы Мұқаштың әйелі жүк түсіріп болғанша шай қайнатып жіберейін деген оймен қорған етіп қаланған қидан алып жатып арасынан шүберекке түйілген бір затты байқап қалады. Дәмін татып көрейінші деп, бір түйірін тіліне салып сорады. Қиды алып келіп, от жағып отырып құлап түседі. Оның ақ солдаттардың қойып кеткен уы екенін, біледі де сүт пен май ішкізеді, бірақ ешбір ем болмай бірер сағаттан соң қаза табады. Қарқаралы 1919 жылдың қазанында ақтардың билігінен азат етіледі. Қарашада Әбдірахманды губерния орталығы Семейге білім жетілдіру мақсатында мұғалімдер даярлайтын семинарияға жібереді онда төрт айға жуық болып қайтады. Келісімен уездік Советтің мәдени ағарту комиссиясын ұйымдастырады. Мәдени ағарту қызметкері кәсіподғын құруға аянбай еңбек етеді. Қарқаралы уезіндегі тұңғыш бастауыш, жеті жылдық Орыс – қазақ мектептерін ұйымдастырып, оған орыс тілінде математика мен тарихтан сабақ береді. Мұны Шұбартау ауданының түрлі Мекемелерінде бухгалтер болып қызмет істеген марқұм Омарбай Ақылбаев ақсақалдың естелігі растайды.

1920 жылдан 1924 жылға дейін уездегі орыс – қазақ бастауыш мектептің оқушысы болғанда, ойын сауықтан ересек бізде қалмаушы едік деп отыратын. Қазақстан Коммунистік партиясы тарихының очеркінде 202 бет Совет үкіметі жолындағы күресте көптеген коммунистер өз өмірлерін құрбан етті. Олардың ішінде Семей Губерниясының Қарқаралы уезінің 70 – тен астам басшы партия және Совет қызметкерлері болды – деп жазылған. Баспасөзде жыл өткен сайын оның саны көбейе беретіні неліктен екен? 1964 жылы марқұм болған әкем Жұманбай бір кітапты оқып отырып, – Гарип Мусин комсомол жетекшісі болғаны рас, бірақ қазаға ұшырағандардан кейін іле шала өлтірілді дегені қисынсыз. Өйткені үйленуіне екі-үш күн қалған Әбдірахманның сөз байласып қойған Менкебануына Гарип Мусин үйленіп одан кейін бір жыл тұрады. Мен 1922 жылы Әбдірахманның зиратының басына барып қайтқанда, ол комсомолда істейді екен, - деген болатын. Оны кейінде өшпенділікпен сатқындар өлтірген. Осылардың барлығы және Әбдірахман туралы деректерді айтып 1941 жылы аудандық «Маслапром» мекемесін ревизия жасауға келген, Облмаслапромның ревизоры болып жұмыс істеген Хатиятов деген адам, Шұбартауда Жұманбай Жүнісов деген адам барма? – деп . Көкталда отырған біздің үйді іздеп келіп, Әбдірахманның фотасың беріп кеткен болатын.

Хатиятов былай деген еді:

– Екеуіміз түскен тағы бір ескерткіш сурет бар. Әбдірахманның Совет үкіметін орнатуда көп еңбегі болды ғой, оны бағалайтың кездер де туар. Сонда тапсырамын, – деп, кеткен болатын.

Қанды оқиға

Қарқаралыда болған қанды оқиғаның бір күнгі оқиғасы былай болған еді – деп әңгімелейтін Әбдірахманның ең үлкен ағасы еңбек ардагері Мұқаш. (Ол кісі 1969 жылы тоқсаннан асып қайтыс болды. 1921 жылы, Көксоқта болып жатқанда, мен үйленемін, тойға бір ірі мал керек, табылса 10 – шы апрельге дейін жеткізсін деп біреуден маған сәлем айтыпты. Союға жарамды малымыз болмаған соң құлындайтын биенің бірін, біреуге айырбастап 5 сәуірде жетегіме алып жүріп кеттім. Күншілік жерге барғанда алдымнан оның да жетегі бар бір адам алдымнан шықты. Жөн сұрасқаннан кейін әлгі адам отырып сөйлесейік – деді. Сол жерде Қарқаралыда болған қанқұйлы оқиғаны әңгімелеп, Әбдірахманның қайғылы қазасын жеткізіп көңіл айтты.

Мен елге қайта оралып, ағайын-туғанға Әбдірахманның қазасын хабарлап, екі – үш күннен соң Қарқаралыға қайта аттандым. Қарқаралыға барған соң жатқан үйінің иесі жесір әйелді ертіп, Алексей деген орыс жолдасының үйіне бардық. Ол мектепте сабақ беріп жатқан Меңкебануды ертіп шығып төртеуіміз ескі базардың жанындағы зиратқа бардық. Басына төрт бұрышты тақтаға орысша есімін жазып ескерткіш орнатыпты.

Оқиға былай болған. Ақтардың ең соңғы қалдығы, Ясауыл Токарев бастаған 500 – ге таяу солдаты бар полк Петропавл мен Көкшетау арқылы Баянды басып келеді дегенді естіп, Қарқаралыдан құрылған 50 адамды алдынан жібереді. Олар Ақмолаға қарай кетпей тұрып – ақ жау қала іргесіндегі тауға бекнеді де, қаладағы сатқындармен байланыс жасап, дүрбі арқылы көріп отырады. Сатқындар халық үйінде большевиктедің бастауымен жиналыс өткелі жатқанында хабарлайды. Жиналысқа қатысуға тиісті емес

біраз адамдарды сатқындар хабаршы жіберіп шақыртады. Жиналыс басталысымен Токаревке хабар жібереді. Олар соғыссыз – ақ «Халық үйін» қамап алады. 78 адамның ішінде атысқандардан басқа бірде адамды шашау шығармай тінтіп, ат қораға қамайды. Іштеріндегі жалғыз әйел Нағима есікті тепкілеп зарлап болмаған соң шығарып алып кетеді. Жауап алған соң босатып жіберген. Есікті қойғылап, қораны басына көтеріп жылап жатқанда, Әбдірахман маған «неге жылайсың? Бәрібір бұл зұлымдардан құтыла алмаймыз, халық үшін, ұрпағың үшін жаның құрбан! Берілме, болашақ ұрпақ бізді ұмытпайды деп басу айтты» деп Нағиманың өз аузынан естідім.

Көрнекті басшы коммунистерді жеке – жеке апарып жауап алған соң, қайта апарып қамай берген. Қарқаралыдан тысқары Семей жаққа баратын жолдағы, тау ішіндегі үлкен сайға апарып атты. «Жүздік қоршап тұрып қылышпен шапқылап қырғын салыпты.

Қанға боялған мүрделерін туыстары тауып алып жатқанда, қалада жақыны жоқ Әбдірахманды жұмысшы болып істейтін достарының бірі Алексей басқа құрбандардан бір километр жерден, жырашық сай жағасынан Совдеп председателімен екеуін желке жақтарынан шапқан, бетжүздері ұрғаннан сау тамтығы қалмағандықтан шалбарының қалтасында тұрған сағатынан танып үйіне алып келеді. Тазалап жуып, жәшікке салған соң, сүйгені Меңкебануды жасырын ертіп келеді. Екеуі базар жанындағы зиратқа жерлеп, есімін жазып белгі қойған, – деп, деректі естелігін аяқтаған болатын ағасы марқұм Мұқаш.

Бұл күнде Қарқаралы қаласының орталығында сол қызыл ревалюционер-боздақтарға ескерткіш орнатылған. Оның жетінші қатарында «Әбдірахман Жүнісов» деп жазылған. Олардың сүйегін жерлеуге арналған Қарқаралы орталығында қаралы митингі өтеді. Милиция бастығы,

әйгілі ревалюционер Угар Жәнібеков сөз сөлеп қаралы жиынды ашады. Ол көкірегі кекке толған сұсты – ызамен сөлейді. Шар қаласында тұратын Көбдіков Төлеу ақынның баласы Есенқараев Қаскен марқұм Ұлы Октябрь революциясының 50 жылдығы мерекесі қарсаңында, аудандық «**Жаңа өмір**» газетінде өлеңмен оның революциялық еңбегін көрсеткен мақаласы басылған болатын. Бұл өлеңнің жазылғанын Отан соғысының және бейбіт еңбектің ардагері Қажығалиев Қабдеш растайды.

Айта берсе ел аузындағы деректі естеліктер өте көп. Мен 1985 жылы ЦК КПСС – тың общ. отделіне парт документтің түбірін сұрап хат жазғанмын. 11 июнь күні ЦК – ның общ. Отделіне табыс етілді деген хабар келді.. 20 июнь 1985 жылы обкомның ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Г.И. Мищенко. Майдан Құрмашев арқылы телефонмен Г.И.Мищенко жолдас менімен сөйлескенде өлгеннен кейінгі партиялық документі бар Жүнісов Әбдірахман Әлімханұлы 1897 жылы туған. Партбилет № 471620 партияға 20 апрель 1920 жылы өткен. Соңғы қызметі заместитель начальника Политпросвета деп хабарлады. Әбдірахман 1920 жылдың май айында алғашқы құрылған уездік палитпросеттің бастығының орынбасары болып сайланды.

Бұл кезде уездегі 22 болыс елдің бүкіл халқына саяси жағынан бағыт-бағдар беруде, елдің саяси өміріне қатыстыру, оларды оқытып, ағартуда партия ұйымдары олардың палитпросветтеріне оңай болған жоқ. Олар осы кезде күндіз – түн демей қыруар жұмыстар жүргізген. «Ендігі жерде біз партия мен, оның идеяларымен тығыз байланысты болатын, партияның рухы сіңген жұмысшы бұқараны өзіне тартуға тиісті, оған камунизм рухын сініруге оны камунистер істеп жатқан іске қызықтыруға тиісті педагог муғалімер персоналының жана армиясын тәрбиелеуіміз керек» (шығармалар, 31 том, 377 бет).

Сондықтан Әбдірахманның өмір жолынан болашақ ұрпақтары үлгі – өнеге алып, жариялық жағыдайында және тарихтағы ақтандақ бетердегі кейбір ұмыт болған есімдердің аталып жатқан кезде, солармен бірге Әбдірахман Жүнісовте өзіне лайықты орын алады ғой деп ойлаймын.

Бұл естелікті жазушы:

1928 жылы туған, 1958 жылдан КПСС мүшесі

Еңбек ардагері Әбдірахман Жүнісовтің бірге туған ағасының баласы Жұманбаев Самхан

1988 жыл 20 желтоқсан. Шұбартау ауданы.

Қарқаралы сапары қаһында

Біз, Шұбартау аудандық Мәдениет бөлімінің менгерушісі, СССР журналистер одағының мүшесі Ақаш Көксегенов екуміз мамыр айының он күндiгiнде жерлесiмiз революция саңлағы, Совет үкiметiнiң iрге тасын қаласқан, революционер – большевик Әбдiрахман Жүнісов туралы деректер iздеп Қарқаралыға сапар шеккен болатынбыз. Бұл қала сахара төсiнде әсем табиғаты мен мөлдір ауасы адам жанына шипалығымен әсер қалдыратын, көгiлдiр шындары қыз басына киген Қарқараға, тау басына дейiн өскен қайың-қарағайлары үкi қауырсындары тәрiздi адамды өзiне ерiксiз тәнті етедi екен. Өзiмiздiң Абай ауданының Қайнар совхозынан өтiсi мен – ақ бұрқырап, көбiк шаша аққан бұлақ, тау шыңына дейiн бетегелi шөп өскен не деген құйқалы, көркем жер-дi, - деп, тұңғыш сапарымыздан да болар ерiксiз таңырқап отырып, таумен әдейлеп қоршап қойған қамал тәрiздi қалаға келгенiмiздi де бiлмей қалыппыз. Семей губерниясына қараған Қарқаралы елiнiң тарихы аңызға, ерлiкке толы жер екенi белгiлi 1822 жылы Патша үкiметi «Сiбiр қазақтарын басқарудың уақытша ережелерi» деген заң шығып, осы указ бойынша 8 сыртқы округ құрылуға тиiс болды. Осыдан 1824 жылы 30 июнь күнi Құсмұрын мен Қарқаралы ғана құрылды. Қарқаралы округiнiң даңқы бүкiл Россия жерiне, орталық қалалары Петербург пен Москваға да белгiлi болады. IX – ғасырдың бас кезiнде Маркiстiк идеаларды таратушылар, социал-демократиялық ұйымдарды құрушылардың бiр тобын далалық өлкеге жер аударды. Федосов үйiрмесiнiң мүшесi Кудрявцев 1893 жылдан бастап Қарқаралыда, кейiн Семейде, Буруснев тобының басшысы П.М. Кашинский 1899 жылы Семейде, Қарқаралыда, Омбыда жер аударылуы мерзiмдерiн өткiздi. Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының

мүшесі В.А. Вановский 1899 жылдан Ақмола, Қарқаралыда РСДРП Омбы комитетінің ісі бойынша жер аударылған П.Башев пен Д.Голубов Қарқаралы мен Ақмолада партия жұмысын жүргізді Ленин идеаларынын туы астында болды. Қазақстан баспасы. 1975 жыл). Сөтіп, Қазақстанда 1905-1907 жылдары болған ревалюциялық қозғалыс пен 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан, алдыңғылардың идеяларын жалғастырушы ревалюционерлердің бір тобы Семей мен Қарқаралыда астыртын жұмыс жүргізді.

Қарқаралыға кештете барған біз, таңертең қалада Наурыз мерекесі басталатынын естідік. Таң мен таласа тұрған соң, болашағымыз үшін жанын қиған әкелеріміздің зиратына барып бас июге қаланың орталық алаңындағы аудандық партия комитеті орналасқан еңселе үйдің дәл алдындағы ескерткіш-монументке қарай бет алдық.

Ұзындығы 70 шаршы метр жерге қатарластыра жерленген боздақтардың үстіне жарты метр биіктетіп қара топырақпен жауып, іргесін ақшағыл таспен көмкеріп, үстіне гүл еккен, әрқайсысына мәрмәр тасқа есімдері мен туған жылын жазып қойған қоршау парк ішіне кірген соң, күн шығысқа қараған беттегі Әбдірахманның есімін оқып, топырағын сипадық. Дәл сол арада қыршын кеткен ағаның анасы Ақсарының (Шақантай қызы) баласының қазасын естігенде айтқан жоқтауы:

Естігенде қазанды,
Үзілмеді – ау жұлыным.
Бес қарғамның ішінде,
Шөзгеше еді ақылың.
Ет бауырым құлыным,
Мейірімді еді мінезің.
Көз қарасың жалындап,
Қиянатты көргенде,
Езілуші еді жүрегің.

Он бес жыл жүрдің шет жайлап,
Қарқаралы мен Қапталда,
Не үшін жүрдің апыр – ау,
Жемісін жемей оқуда.
Қаракет етіп қаржысыз,
Верныйға барып оқыдың.
Жадап – жүдеп жүргенде,
Алмадың әке ақылын.
Мал айдадың сарылып,
Жас жаныңды қинадың.
Мандайыңнан күн өтіп,
Бейнетпен өтті ғұмырың.
Сыйлаушы еді ел жұртың,
Жалындаған өрт деді.
Өжеттігің аумаған,
Өзіме тартты деуші еді.
Большевиктер әрқашан,
Ойлайды екен жұрт қамын.
«Абдірахман большевик,
Болды» деп жүрді өз халқың.
Жоғын жоқтап елімнің,
Көзін ашсам халқымның.
Деп жүргенде жан ботам,

Ажалың болды зұлымнан – дегені есіме түсіп мен
де толқыдым. Қала орталығында болып жатқан Наурыз
мерекесінде бізді аудандық партия комитетінің
қызметкерлері ілтипатпен қарсы алды. Көршілес Шұбартау
жұртшылығынан құттықтау айтуға А.Көксегеновті сахнаға
көтерілуге шақырды. Ол құттықтау сөздер айта келіп:

Басынан бұлт ыдырап тарқамаған,
Таулары талай тарих арқалаған.
Ассалаумағалейкум Қарқаралы,
Наурызың құтты болсын алқалаған!

Мұндайда қызады екен арқалы адам, - деп аяқтады.

Қаз қатар тігілген үйлердің Нүркен атындағы совхоздың еңбеккерлері бізге сый-құрмет көрсетті. Сол күні бізді Қарқаралы шежірешісі соғыс және еңбек ардагері Ш. Мезгілбаев, жазушы М. Омарбеков, республикаға белгілі ақын С. Ақсұнқарұлы, қарт ұстаз Ж. Ерсалимов, қанды оқиғаны көзімен көрген К.Олжабаев ақсақал мен Ы.Өмірзақов бізді ревалюциялық тарихи орындар мен таныстырды. Әбдірахман туралы өз естеліктерін айтты. 1918 жылдан бастап алғашқы совдеп орналасқан үйде тарих – өлкетану музейі орналасыпты. Музейден горнизон солдаттарының дәл ортасында отырған Әбдірахманның суретін көріп бірден таныдым. Өзім алып барған жеке суретпен салыстырып қарағанда дәл өзі болып шықты. Бұл суретке Әбдірахман 1920 жылдың ноябінде зам начальник политпросвет болып тағайындалғаннан кейін солдаттар арасында саяси ағарту жұмысын жүргізу мақсатында коммунистік оқуды жүргізу кезіндегі үзілісте фотаға түскен сияқты.

Саяси ағарту комитеті – В.И. Ленинің нұсқаулары негізінде әзірленгені халық комиссарлар советінің декреті жарияланып, оған 1920 жылы 12 ноябрде Ленин қол қойды. Халық ағарту комиссариатының құрамына кіріп әкімшілік және ұйымдық жағынан оған бағына отырып, өз жұмысының идеалық мазмұны жөніндегі мәселелер жағынан ол РКП(б) Орталық комитетіне тікелей бағынатын болады. Саяси-ағарту бас комитеті бүкіл саяси-ағарту және ұлт – насихат жұмысын біріктірді, ересек адамдардың жаппай коммунистік оқуына (сауатсыздықты жою, мектептер, клубтар, кітапханалар, оқу үйлері) Сондай-ақ партия оқуына (коммунистік жоғарғы оқу орындары, партия мектептері) басшылық етті. Шығармалар жинағы 42 том 497 бет.

Қарқаралының бүгінгі жұртшылығы, еңбеккер қауымы мен қарттары қайта құру процесін қызу қарқынмен қабыл алып, өз еңбектерімен, адамгершілік ниеттерімен қарсы алып жатқандарының куәсі болдық. Қарқаралыда үлкенді – кішісі бар 10 – 15 адаммен кездескенде олардың сөздерін магнитофон лентасына жазып алғанда да, бәрінің сөзі бір жерден шыққандай. Сіздерді осы сапарға жіберіп отырған Қазақстан компартиясы аудандық комитетінің бірінші секретары Т. Аубакиров пен аудандық Совет атқару комитетінің председателі Т.Байменовтың үлкен адамгершілік қасиеттері бар азаматтар екен, халық болашағы үшін құрбан болғандарды іздестіру үкен игілікті іс. Сіздердің әкеңіз Әбдірахман өткір көзді, ширақ қимылдайтын ақ көңіл, білгір, шешен адам болған» – деп рахметтерін айтты. «Нағыз адам өзінен әулетін, дәулетінен Отанын, Отанынан адамзатты жоғары қоюға тиіс» деп Ж.Даламбер айтқандай, Қарқаралының бауырмал адамдарына шексіз, алғысымызды айтып елге көтеріңкі көңілмен қайттық.

*Самхан Жұманбаев, еңбек ардагері,
Көктал совхозы Шұбартау ауданы*

Форма № 3

КОПИЯ
с копии

Партийн. бил. № 471620
или кад. карт. № 7 21
выдан 19 7 21

! "Пролетарии всех стран, соединяйтесь!"
! Российская Коммунист. партия/большев./!
! !
! !
! !

Каркаралинская,
Семипалатинской
гуо. Уездная
организация.

Л И Ч Н А Я

РЕГИСТРАЦИОННАЯ КАРТОЧКА.

1. Название организации, выданной билета: Каркаралинская, Семипалатинской ГУО.
2. Фамилия, имя, отчество: Ахунтозов, Ими Асдррахман, Отчество Алимханович.
3. Год рождения: 1897 4. Родной язык: Киргизский.
5. Социальное положение: Пролетария.
6. Образование: низшее.
7. Какие специальности знает: учитель.
8. Военная подготовка: Военную службу не проходил.
9. На каких языках говорит: на русском и киргизском.
10. Какие местности России знает хорошо: Семиречье.
11. Был ли за границей и где: не был.
12. Семейное положение, число членов семьи на индивидуальном ходост: 4 человека.
13. Время вступления в партию: 20 апреля 1920г.
14. Какой организацией принят: Каркаралинской.
15. Подвергался ли репрессиям за партийную работу, когда, какими: не подвергался.
16. Состоял ли в других партиях, каких, когда, где: не состоял.
17. Основания зачисления в партию: Рекомендации членов партии.
18. В каких профсоюзах состоял до выдачи билета: состоял в совхозах.
19. Краткие сведения о револ. деятельности до выдачи билета: в Красной армии, профсоюзах, на парт работе, кооперативных, советской работе и проч.

Председатель драм. кружка в Г. Каркаралинской, который организован и состоит учителем (музыками).

Секретарь /подпись неразборчива/

Верно:

Печать учреждения, выдан документ
Копия в архиве сохранила
Копия в архиве Казахстана:

Подпись

Р. ХАНТИМБОВА.

2-ПТА

Совет Одагынын Коммунист!к

ПАРТИЯСЫ

Казахстан компартиясы
Семей облыстық комитеті!.

КОММУНИСТИЧЕСКАЯ ПАРТИЯ

Советского Союза.

Семипалатинский областной
Комитет Компартии Казахстана.

К О П И Я

с Копии

490037, г. Симпалатинск, ул. Адианова 6 тел. 26-23

ПАРТИЙНЫЙ АРХИВ.

№ 34-ПА

6 июля 1960г.

Чубартауский районный комитет
Компартии Казахстана

С. ДИРГАТАС,

На Ваш № 53 от 24 июня 1980 года.

АРХИВНАЯ СПРАВКА.

По документам партийного архива Семипалатинского обкома Компартии Казахстана Установлено, что в списке убитых партийных работников в г. Каркаралинске имеется запись, что ДАУНУСОВ АБД РАХИАН убит белой гандой, а в списке исключенных из рядов РКП(б) значится ~~ДАУНУСОВ АБД РАХИАН~~ исключен из Каркаралинской организации, номер партийного билета 47420, время вступления в партию- 20/10 20г, соц положение- пролетарий, об образовании- низшее, причина исключения- убит белой гандой. Другими данными о ДАУНУСОВЕ А. партаrchive не располагает.

Одновременно сообщаем, что документы Семипалатинского Совета на хранение к мам не поступали. Поэтому подтвердить, что он остался заместителем председателя Совета не имеем возможности.

Прилагаем копию личной регистрационной карточки, заполненной на ДМУНГОВА АБД РАХИМА АЛИ ИХАНОВИЧА.

Печать учреждения став партархивом обкома
выдавшего документ Компартии Казахстана.

партархивам обкома
Партии Казахстана.

Подпись _____

Р. ХАНТИЧЕРОВА.

2-ПТА

государственный нотариус 4-й бригады войсковой государственной канцелярии Семипалатинской области. В силу верности этой копии с подлинника, в последнем подлинном, принятом 20.11.1906 г. в моих и моих неогворенных истреблений, а также по особенностям не оказавшихся.

Зарегистрировано
Валаскано ГОУ
Государствени

-404

Law

Абдрахман Жүнісов туралы

Мен, Сарықамыс совхозында партия ұйымының хатшысы болып қызмет істеп жүргенде Абдрахман Жүнісовтың немере туысы Жұманбаев Самхан мұғалім Қарқаралыға барып келіп А. Жүнісов туралы сол жақтан алып келген мағлұматтарының бір данасын маған берген еді. Біз сол уақытта ауылдың мәдениет үйінің бір үлкен бөлмесіне ауыл тарихына байланыста музей жасаймыз деп, музейге деректер жинап жатқанбыз. Сол музейдің бір бұрышын А. Жүнісовке арнамақ болдық. Бірақ мен жұмыс бабымен басқа совхозға ауысып кеттім де, музей бітпей қалды. Кейіннен, осыдан бір-екі жыл бұрын, мен өзімнің жеке архивымда сақтап жүрген А. Жүнісовке байланысты құжаттар мен фото-карточкаларды Самхан мұғалімнің баласы Тұрсынға табыстадым. Тұрсын бауырым сол немере туысы А. Жүнісов туралы Қарқаралыға сұрау салып, әкесін білетін үлкендермен кездесіп, бір кездегі марқұм әкесінің істесем деп, істей алмай кеткен істерін жалғастырып жүр. А. Жүнісов біздің Шұбартау топырағынан шыққан білімді, оқыған, ерте үкімет жұмысына араласқан, небәрі жиырма төрт жасында жау қолынан қаза тапқан арда азамат. Менің туған ауылым Бидайықтың азаматтары, ардагерлер кеңесі Абдрахман Жүнісовке сол өзі туған Бидайықтың бір көшесіне атын берсек дейді екен. А. Жүнісов қандай құрметке болса да лайық адам. Мен жерлестерімнің А. Жүнісовтың атына көше берсек деген ұсынысын қолдаймын.



Мұқашев Талғат
Нұр-Сұлтан қаласы
Желтоқсан, 2021

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды

Ел үшін туған есіл ер

Таяуда Қарқаралы жерінде болған осы қанды оқиғаның 100 жылдығына орай Семей қаласындағы Шығыс Қазақстан облыстық Абай атындағы ғылыми әмбебап кітапхана «Ел үшін туған есіл ер» деген тақырыпта ғылыми теориялық конференция өткізген еді. Кітапхана директоры Г. Т. Жігітбаева, орынбасарлары Г. М. Аязбаева, Г. Т. Нұғыманова бұл конференцияның өтуіне үлкен маңыз берген. Ал өз істерін жақсы білетін Ж. Ә. Манжибаева, Г. А. Игентаева, Т. О. Доскеева, М. И. Парфенович сынды маман кітапхана қызметкерлері жан – жақты ізденіс жасаған бұл шара шындығын айту керек жас толқынға тамаша бір тағылымдық тәрбие беретіндей деңгейде өтті.

Оған Шығыс Қазақстан облысының Аягөз ауданынан шежіреші Нәстілек Сәменбетов, тарихшы Жәлел Кәрібаев, ақын аймақтық, облыстық жыр мүшайралар жүлдегері Нәзір Қарабалин, журналист Марат Жұмабаев, Семей қаласының облыстық тарихи – өлкетану музейінің ғылыми қызыметкері Гүлнұр Төртенова, жас талапкер Алтынай Қайрат немересі және Аягөз ауданы білім бөлімінің бір топ қызметкерлері қатысты.

Қарқаралыдан осындағы өлке тану музейінің бұрынғы директоры, зейнеткер Мейірхан Қасымжанұлы, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, өлкетанушы Саят Оспанов, Қарқаралы музейінің ғылыми қызметкері Сәтбек Сіләмбеков, Нұрсұлтан қаласынан Қазақстан республикасының судьялар Одағының мүшесі, отставкадағы судья Марат Азбанбаев және басқалар қатынасып өздерінің өзекті ойларын ортаға салды.

Біз төменде осы конференцияға қатысқан аяғөздік ақын, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, «Қазақстанның құрметті журналисі» Ақаш Көксегеновтың шағын жазбасын назарларыңызға ұсынып отырмыз. Кезінде Қарақаралыға қараған өңірде Кеңес өкіметін орнатуға белсене ат салысқан Әбдірахман Жүнісовтің есімін бүгінде көп адам біле бермейді. Өйткені күрескерлігіне ғасырдан астам уақыт өткен, алдына халқының бақытты өмір сүруін ғана мақсат еткен азаматтың кім болғанын бұлайша ұмыттырған әрине алмағайып оқиғаларға толы уақыт болатын. Бірақ оның мақсатты ісі бүгінгі ұрпақтың санасында қайта жаңғыруға тиіс.

Өйткені Әбдірахман қазақстанда Кеңес өкіметін орнатуға белсене ат салысқан революционерлердің бірі ғана емес, Семейдегі Алашорда басшыларымен астыртын байланыс жасап жүрген, жалындаған жас жігерлі азамат болған. Оған ықпал еткен сол кездегі Семейдің мұғалімдер даярлайтын семинариясын басқарған, Алашорда басшыларының көрнекті өкілдерінің бірі Әбікей Сәтбаев болатын. Әбдірахман бұл оқу ордасында 1919 жылы Қарқаралыдағы Совдеп тапсырмасы мен білімін жетілдіру курсына оқыған. Бұл оқу ордасы кізір М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледж деп аталады. Сондықтанда ол осынау ақ ниетті күрес жолында қазақ халқын қисапсыз қырғынға ұшыратқан ақ бандылардың қолынан қаза тапты. Не бәрі 24 жасында қыршынынан қиылып өмірден озған осынау есіл ердің батылдық, батырлық ісін елге әйгілеу, ұрпаққа ұлағат ету бүгінгі толқынның парызы.

Осы ретте Шұбартау, Аяғөз өңірінде ұзақ жылдар ұстаздық еткен Самхан Жұманбаев ағамыздың ерен еңбегін атап өткен жөн. Сол кісінің көп жылғы үздіксіз ізденісінің нәтижесінде халқының келешегі үшін шейт

болып, Қарқаралының қасиетті топырағын мәңгіге жамылған Әбдірахмандай елдің батыр ұлы жайлы дерек жарыққа шықты.

Сәкеңнің өтінішімен сол кездегі Шұбартау ауданының басшылары арнайы экспедиция ұйымдыстырып, көрші Қарқаралы ауданына жіберген – еді. Сол экспедицияның құрамында мен де болдым. Мақсатымыз революционер Әбдірахман Жүнісов жайлы деректерді жинақтау, нақтылай түсу болатын.

1989 жылдың 4 мамыры күні біздер бұрынғы Шұбартау ауданының орталығы болған Баршатас ауылынан аттанып, Қарқаралыға кешқұрым мезгілде жеттік. Ертесінде Қарқаралыда наурыз тойы тойланғалы жатыр екен. Біздер сол мереке қарсаңына тап келіппіз.

Біз ертелете тұрып, мереке басталардан бұрын ауылдың ескі көз қарттары, соғыс және еңбек ардагері Ш. Мезгілбаев, есімі елге белгілі жазушы Максим Омарбеков, республикаға танымал айтулы ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Серік Ақсұңқарұлы, қарт ұстаз Ж. Ерсалимов, кезінде Қарқаралыдағы қанды оқиғаны өз көзімен көрген К. Олжабаев және Ы. Өмірзақов ақсақалдармен хабарласып, ең алдымен әйгілі ақын, әнші, копозитор Мәди Бәпиұлы бабамыздың қала сыртындағы кесенесіне барып зиарат етіп, құран бағыштадық.

Одан соң орталықтағы аудандық партия комитеті орналасқан ғимаратқа таяу жердегі айналасы қоршалған бауырластар қабыріне келіп тағы да құран бағыштап, өзіміз ат терлетіп арнайы іздеп келген Әбдірахман Жүнісов бауырымыздың басындағы белгі тасты аялай сипадық. Одан ары Қарқаралы қырғынында шейт болған боздақтарға арналып қойылған көрнекті облиск алдында барша боздақтардың рухына тағзым еттік.

Осында әспеттеп аты жазылған біздің бауырымыз Әбдірахман Жүнісов жай қатардағы революционер емес

еді. Ол Қарқаралыда ғана емес, Қарқаралыға қарасты өңірлерде қаншама комсол ячейкаларын ұйымдастыруға күш салған, мектепте білім қаусарынан сусындаған жас толқынға дәріс берген, халққа азаттыққа жетудің жолын нұсқаған, саяси қайраткер ағарту ісін ұйымдастырушы, білімді де сауатты азамат болған.

Ақ бандылардың қолынан қайтыс болардан бірнеше ай бұрын Әбдірахман Әлімханұлы коммунистік партия қатарына қабылданып, Қарқаралыдағы саяси кеңестің орынбасары қызметін атқарған. Міне осындай шындалу жолынан өткен Әбдірахман Жүнісов уақытпен санаспай күндіз – түні халықты жаралы жыртқыштай жанталасқан ақ бандылардан қорғап қалу жолында аянбай еңбек еткен.

1921 жылдың жаз айларының бірінде осындай мәселеге байланысты шұғыл жиналыс өтіп жатқан үйді қапылыста бандылар қоршап алады да оларды түгелдей тұтқындайды. Біз барғанда сол бір қанды оқиғаның куәсі болған үй бәз – баяғы қалпында сақтаулы тұр екен.

Жаулары оларды қалай тұтқындады дегенге келсек әлгі үй ауылдың солтүстік жақ шетіндегі тау жақтан келетін ұрымталдау бұралаң сайға таяу тұр екен. Бандылар революционерлердің ішінде өздеріне сатылған бір сатқын арқылы хабар алып, жаңағы үйге таяу сай арқылы сау етіп, қапылыста басып қалған.

Сол күні олардан жауап алып, аузы берік темір қақпалы ат қораға қамап, ертеңінде қаладан жаяу айдап шығады да шығысқа қарай баратын күре жолдың бойындағы жыраның маңында қырғынға ұшыратқан. Біз сол қырғын болған қанды орындардың бәрін көзбен көріп, атаман Анненков пен қанышер жауыз генарел Дутовтың қанды қол қарақшыларының сойқанды соқпағымен жүріп өттік.

Революционерлерді жаулары жазалай бастағанда олар да қарап қалмай қарсылық көрсеткен болуы керек. Оған осы жағдай жөнінде айтушылардың әңгімесінен аңғарғанымыздай қаза болғандардың қайсыбірінің денесі әр тұста шашылып жатқандығы, сол маңды аттың тұяғы мен айғыздағаны, адамның сорғалаған қан іздерінің жатқандығы дәлел.

Осындай жастығын ала кетпекке бел буып ұзақ алысқандардың бірі Әбдірахман Жүнісов екен. Оны тауып алғандардың айтуынша ол негізгі қырылған топтан екі-үш метрден аса жерден жатыпты. Іздеушілер оны сорғалаған қан ізімен барып тапқан.

Есіл ерлер қырғындалған жерлерде болып, олар жерленген жерде болып, рухтарына тағзым еткеннен кейін біздер бірге жүрген адамдармен бұл кезде наурыз тойын мерекелеуді бастап кеткен қарқаралылықтардың қатарына қосылдық. Майдың мамыражай күніндегі масатыдай құлпырған Қарқаралы қандай. Сол мерекелі Қарқаралыдағы мерейі өскен халықтың қуанышы тіптен ғажап.

Қаланың орталық стадионына бірнеше ақшаңқан қазақ үйлер тігіліпті. Сол ақбоз үйлердің әрқайсысы осы өңірден шыққан белгілі адамдарға арналыпты. Біздерді орта тұстағы сахнаға таяу жерге орналасқан Совет Одағының батыры Нүркен Әбдіров атындағы үйде құрметтеп күтті. Айтпақшы, Наурыз мерекесінің барысындағы салтанатты жиналыста алыстан келген қонақтардың атынан маған сөз берілді. Сол салтанатта мен қаламсап ұстап, қағазға шұқшимай-ақ көңілге құйылған мына өлең жолдарын қарқаралылық ағайындармен бөліскен едім.

Қиылған қыршынынан есіл ер-ай!

Биігі аумайтұғын Қарқарадан,
Таулары талай тарих арқалаған.
Армысың, қасиетті Қарқаралы,
Наурызың құтты болсын алқалаған!
Думанға міне осындай тап келгенде,
Толғанбай тұра алама арқалы адам.
Бұл өзі жақсылықтың белгісіндей,
Тойларың тойға ұлассын тарқамаған!

Білемін тарихыңды көнедегі,
Кітаптар сөйлейді оны сөредегі.
Тағылымы таусылмайтын қазынадай,
Өзіңде өтті жандар өнегелі.
Солардың рухы бір сәт қолдады ма,
Құйылған көңілге осы өлең еді.
Наурызың қайта оралған құтты болсын,
Көсегең жұртым енді көгереді!

Мәні зор өйткені бұл мерекенің,
Бастауы болсын алда берекенің.
Алаңға ақбоз үйлер тіккен мынау,
Ұйымшыл көрініп тұр ел екенің.
Жап – жасыл айналасы Қарқаралы,
Жаннаттай аңдатады жер екенін.
Ұрпағың өсіп – өнсін ағайындар,
Паш етіп бабалардай ер екенін.

Өзіңді ат терлетіп іздеп келдік,
Ағайын, Сіз деп келдік, біз деп келдік.
Шұбартау, Қарқаралы арасында,
Тарихи жолдар жатыр тізбектеліп.
Басыңнан қилы-қилы заман өтсе,

Оларды Сізбен бірге біз де өткердік.
Қадірін бұл күндердің білейікші,
Жүрмейік босқа біздер дүрмекке еріп.

Арайлап атқан күліп таңда мына,
Көз салсақ жасыл желек маңға мына.
Түседі осында өткен қанды оқиға,
Адамдар жете алмаған арманына.
Әбдірахман Жүнісов соның бірі,
Тап келген тайқы заман тарланыма.
Тік тұрып бір сәтке біз ағайыдар,
Етейік тағзым оның аруағына.

Сапарлас Самханның ол жақыны екен,
Бабасы Нұралыдай батыр екен.
Әбдірахман сол бабаға тартып туған,
Жасынан жанып тұрған батыл екен.
Жазылар өнегесі алда талай,
Көрмейді өйткені оны халқы бөтен.
Жерленген жетпіс сегіз адамның да,
Сақталар тасқа ойылған аты бекем.

Еске алып мен де алда отырамын.
Әрине өкінемін, опынамын.
Қиылған қыршынынан есіл ер-ай,
Ұмытылмас өзін жайлы оқығаным.
Қалдырмас менің жырым бей – жай сірә,
Ұрпақтың бойларында оты барын.
Қамқадай Қарқаралы жеріндегі,
Мақпалдай болсын мәңгі топырағың!

*Ақаш Көксеген,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі
Қазақстанның «Құрметті журналисі»,
Аягөз қаласы*

Халық игілігіне қызмет еткен күрескер

Әбдірахман Жүнісов 1897 – 1921

XX-ғасыр қазақ тарихындағы қилы кезең. Бұл дәуірде ұлт бүкіл болмысынан айырылып қала жаздады. Алаш зиялылардың арқасында мемлекетіміз сақталып қалды. Жеріміздің бір шама бөлігі өзгеге өтіп, тіліміз тілімделді. Қызыл қырғын халқымызға геноцид жасады. Оның басында жүріп отқа күйген ақсұңқардай ақындарымыз, большевик «батырларымыз» бар екені көпке аян. Баршаға белгілі еліміздің тарихында қилы кезеңдер аз болған жоқ. Соның бірі ақ қашиқан, қызыл қуған жылдардың зобалаңы. Бұлда бір ел басына күн туған, ер алдында сын тұрған аса бір ауыр кезең болатын. Сол жылдарда елің қоғап құрбан болған ерлер қаншама. Солардың бірі ақ банданың қолынан не бәрә 24 жасында қапылыста қаза болып қыршынынан қиылған асыл ер Әбдірахман Жүнісов еді.

Коммунистік партия мен Совет өкіметінің тарихында жол берген ағаттықтар мен өрескел бұрмалаушылықтар түбірінен әшкереленіп батыл айтылуда. Репрессия кезінде жазықсыз жапа шеккен көптеген асыл азаматтар ақталып олардың партия мен үкіметімізге, туған елімізге сіңірген адал еңбектері әділ бағасын ала бастады. Міне осы орайда біздің Семей өңірінде әлі де болса халыққа еркін танылмай, ұмыт қалып келе жатқан адал азаматтар бар екені еске түседі. Ескерілмей келе жатқан осы бір қолайсыздық көңілге күдік ұялатып, еріксіз толғандырады. Бұл өңірде сонау Совет өкіметін орнату, коллективтендіру саясаты қиын-қыстау кезендерінде бүгінгі ұрпақтардың жарқын болашағы үшін құрбан болғандар аз емес. Біз олардың асқақ рухына әр кез тағзым етіп, бас июге, еңбегін дұрыс бағалап, қастер

тұтуға міндеттіміз. Өкінішке орай сондай еңіреп өткен ерлердің қайсы біреулерінің халқына сіңірген адал еңбегі мен ерлік істері әлі күнге дейін дұрыс ескерілмей, елеусіз қалып келеді. Сондай Отанына шын берілген ержүрек жерлестеріміздің бірі Қазақстанда Совет үкіметін орнату жолында аянбай еңбек еткен, алғашқы комсомол ячейкаларының бірін ұйымдастырып, оны басқарушылардың бірі болған Әбдірахман Жүнісов дер едім.

Семей губерниясы Қарқаралы уезіне қарасты Дағанды болысының «Қараапан» қыстауында дүниеге келген. Шыққан тегі Керейдің Нұралы – Жантемір атасынан, ал анасы Ақсары, Шақантай – Құлбарақ тегінен. Әбдірахманның әкесі Әлімхан 1908 жылы Мәмбетейұлы Қойгелді болыс болып тұрғанда, Дағанды болысының №3 ауылында ағасы Абылхан екеуі, Халық соты би болған. Алғашқы кезде болыс ауылындағы молдадан ескіше хат таныған елгезек бала, 1906 жылы үш жыл Қапал медресесінде және төрт кластық орыс мектебінде оқып оны үздік оқу мен бітіреді. Білімге құштар Әбдірахман, 1911 жылы Верный қаласындағы мұғалімдер даярлайтын семинарияда оқып білім алады. 1914 жылы Қарқаралы қаласындағы Реальный училищесінде оқып бітіреді. 1917 жылы Қарқаралы қаласында құрылған «Дала одағы» ұйымының мүшесі болады. Алаш қайраткерлері Нығымет Нұрмақов, Әбікей Сәтпаев т.б еліне танымал тұлғалар мен қарым қатынаста болған.

«Семей таңы» газетінің сенбілік номеріндегі «Естен кетпес есімдер» айдарымен 1988 жылғы 19 қарашасында жарияланған, «Асылымызды құрметтей білейік», - атты мақаласының авторы аяғөздік М.Бітімов Ержүрек жерлесіміз Әбдірахман Жүнісов (мақалада Қабдірахман деп аты сәл қате жазылыпты). Кәзір ел өмірінде болып жатқан қайта құру және бет бұрыс кезінде

демократияландыру мен жариялық кеңінен өріс алып, әділеттілік барынша үстемдік етіп келеді. Комунистік партия мен Совет үкіметінің тарихында жүз берген ағаттықтар мен өрескел бұрмалаушылықтар түбірінен әшкереленіп айтылуда репрецияның кезінде жазықсыз жапа шеккен көптеген асыл азаматтар ақталып олардың партия мен үкіметімізге, туған елімізге сіңірген адал еңбектері әділ бағасын ала бастады. Міне осы орайда біздің Семей өңірінде әлі де болса халқына еркін танымал, ұмыт қалып келе жатқан адал азаматтар бар екендігі еске түседі. Ескерілмей келе жатқан осы бір қолайсыздық көңілге күдік ұялатып, еріксіз толғандырады. Бұл өңірде сонау Совет үкіметін орнату, коллиktivтендіру сияқты қиын қыстау кезеңдерінде бүгінгі ұрпақтардың жарқын болашағы үшін құрбан болғандар аз емес. Біз олардың асқақ рухына әр кез тағзым етіп, бас июге, еңбегін дұрыс бағалап, қастер тұтуға міндеттіміз. Сондай отанына шын берілген ержүрек жерлестеріміздің бірі сонау 1921 жылы ақ бандалардың қолынан қаза тапқан, Қазақстанда Совет үкіметін орнату жолында аянбай еңбек еткен, обылысымыздағы алғашқы комсамол ячейкаларының бірін ұйымдастырып, оны басқарушылардың бірі болған Әбдірахман Жүнісов дер едім. Мен Әбдірахманды 1921 жылдың басында қантар айында тұнғыш, әрі ақырғы рет кездестірдім. Сол жылы біздің ауыл бұрынғы Абыралы ауданына қарасты Жылтың дейтін жерді қыстап отырған болатын. Бір күні өз ауылынан шығып, Қарқаралыға кетіп бара жатқан Әбдірахман кеш бата жол үстіндегі біздің үйге келіп қонды. Ол кезде мен 12 жаста едім, өз бетіммен ескіше және қазақша хат танып, кітап оқуға жараған кезім. Қазақ ертегілері мен хисаларын көп оқитынмын. Ұлы Абайдың өлеңдерін де жаттап алғам Әбдірахман менің бұл талабыма сүйсініп мектепке барып, оқуыма тілек білдірді. «Көп кешікпей Қарқаралыға кел. Мен сені мектепке оқуға

қабылдатамын. Мені Қарқаралының комсомол ұйымынан табасын» деді. Әкеме де «ұлыңызды оқуға жіберініз» деп қатты тапсырып кетті. Кім білсін, ол мені жаңа дәуірдің артықшылығын біліп өмірге көзін ашсын деді ме екен, бұрын естімеген көп жайларды айтып берді. Мен оның өмірі мен еңбек жолына шын мәнінде қатты қызықтым 18 – жастар шамасындағы жас жігіттің көп білетіндігіне, өжеттігіне таң қалдым. Сөйтіп совет мектебінде оқып білім алуға ынтықтым комсомол қатарына қабылдансамау деп армандадым. Әкем мені уәде бойынша 1923 жылдың қысына қарсы қарқаралыға алып келді. Бірден Әбдірахманды тауып алмақшы болып. Қарқаралыдағы комсомол ұйымына келдік. Сөйтсек бір жыл бұрын Генерал Дутов атаман Аненковтың қытайға қарай босып бара жатқан бандылары Қарқаралыны басып кіріп, уездік комитетті талқандайды. Қиян – кескі ұрыста қолға түскен коммунистер мен комсомолистерді аяусыз қырып салады. Сол жолы жау қолынан 120 адам қаза табады. Солардың бірі Әбдірахман екен. Біздің бүгінгі жарқын болашағымыз үшін тап жауларымен шайқаста қыршын кеткен – Әбдірахман сияқты ерлерімізді құрметтеп олардың асқақ рухына әркез тағзым етіп, бас июге, еңбегін дұрыс бағалап, қастер тұтуға міндеттіміз, – дейді М. Бітімов.

Таяуда Қарқаралы жерінде болған осы қанды оқиғаның 100 жылдығына орай Семей қаласындағы Шығыс Қазақстан облыстық Абай атындағы ғылыми әмбебап кітапхана ұжымы, «Ел үшін туған есіл ер» деген тақырыпта ғылыми теориялық конференция өткізген еді. Конференция жұмысына Нұрсұлтан қаласынан отставкадағы судия Марат Ақторғайұлы Азбанбаев, және Семей , Қарқаралы, Аягөз қалаларынан сондайақ Шұбартау өңірінен ақын жазушылар, журналистер және Аягөз ауданы білім басқармасының бір топ қызметкерлері қатысты. Қарқаралы тарихи – өлкетану

мұражайының қызметкерлері, Сәтбек Сіләмбеков және өлкетанушы Саят Қуанышбайұлы Оспанов пен Мейрхан Қасымжанұлы, өз ойларын ортаға салды. Баршатас, Бидайық, Малгелді ауылдарынан жергілікті ақын, шежірешілер Нәзір Қарабалин, Нәстілек Сәмембетов, Жәлел Кәрібаев. Аягөз қаласынан Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Қазақстанның «Құрметті журналисі», Ақаш Көксегенов, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Марат Жұмабайұлы, мектеп оқушылары қатысып өз ой – пікірлерімен бөлісті, және келешекте тағы осындай танымдық іс – шаралар өткізу туралы ойларын айтты. Алдымыздағы жылы атақты ревалюционер жерлесіміз Әбдірахман Жүнісовтың туғанына 125 жыл толғалы отыр.

Осы бір тарихи дата өзінің туған жері, Аягөз аудыны Шұбартау өңірінде аталып өтілсе, атамыздың атына берілген Бидайық ауылындағы есімі берілген орталық көше тиісті органдардан тіркеуден өткізіліп осы көшенің бойына ескерткіш тақта орнатылса нұр үстіне, нұр болар еді. Сөз реті келгенде айта кетекен жөн Бидайық ауылындағы орталық көшені Әбдірахман атамызға бергізуге әкеммен көп ақылдасып жүретін, бізге жақын туыс бір атаның баласы, ұзақ жылдар совхоз директорынан бастап аудандық мекемелерде түрлі қызметтер атқарған, марқұм Кәкіжанұлы Исатай аға болатын. Исатай аға сол кезде Бидайық ауылы советі болып қызмет атқаратын. ұмытпасам, 1990 – 1991 жылдар шамасы. Бұл күнде Қарқаралы қаласының орталығында сол есіл ерлерге биіктігі 10 метірлік обелиск орнатылған. Оның қасындағы арнаулы қоршау ішінде мәрмар плита тастары қойылған. Оның жетінші қатарында «Әбдірахман Жүнісовтың» есімі жазылған. «Алаш Орда» ұлт азаттық қоғалысының мүшесі болған Әбікей Сәтбаев 1919 жылы Семейдің мұғалімдер семинариясында білімін жетілдіру мақсатында оқып жүрген Әбдірахманды Қарқаралыдағы «Алаш Орда»

ұйымынын таянышы болуға үгіттейді. Бірақ оған Әбдірахман көнбей шеттеп кеткен екен. Әбікей бір әнгімесінде Әбдірахманды, – оның атының өзі асқақ қой, азамат қой, деген.

Ер есімі әр кез ел есінде болуы тиіс. Тарихымыздың «ақтандақ» беттерін қалпына келтіру жүріп жатқан кезде бұл қасиетті парыз әсіресе айқын танылып отыр. Заманынның ірі тұлғасы ревалюционер саяси қайраткер ағарту ісін ұйымдастырушы Әбдірахман Жүнісовтың есімі де өзінің лайықты бағасын алып, ардақталуы тиіс.

*Тұрсын Самханұлы
29.09.2021 жыл*

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	4
Автордан	8
1-ТАРАУ. Тегін білу тектілік	11
Ел билеудің жаңа кезеңінде	15
Үйсінбай билігі	23
Болыс сайлауы	26
Мұрағат құжаттары	29
22 тамыз 1846 жыл	34
23 тамыз	36
27 тамыз	39
3 қыркүйек	41
Бабалар өсиеті және бүгінгі ұрпақ	42
Үйсінбай бидің мөрі	45
Қарқаралы уезінде, мешіт құрлысын жүргізу жөнінде приказға берген акті	47
Аталар рухына тағзым	51
Бабалар басында	53
Тұлпардың тұяғы- Үйсінбай (толғау)	54
Үйсінбай би	58
2-ТАРАУ. Әлдеке (қажы) Күсенұлы	60
Формулярный список	61
Әлдеке қажы	64
Ыбырайша қарттың әңгімесі	66
Тағылым сөз (өлең)	69
«Әлдекенің заманы ай!»	70
3-ТАРАУ. Дағандел болысының басшылары мен билері	73
Мырзахан (қажы) Шегірұлы	81
Нұралы Мырзахан ауылында болған кезінде Әлихан Бөкейханұлының Шұбартау елінің тарихы жөнінде жазған қолжазбаларынан	82

Абай мен Мырзахан	85
Шолтанай (қажы) Шағыманұлы	86
Шолтанай қажының немересі: Нұрасыл Мәтішұлының Ізімхан Есімбековке жазған хатынан үзінді:	87
Қойгелді болыс	90
Қойгелді жайлы	92
Жобалай бидің кесенесіне қойылған құлпытастағы шағатай жазуының аудармасы	93
4-ТАРАУ. ТАРИХ ҚАСЫМЫЗДА. Әбдірахман Әлімхан (Зорбас) ұлы Жүнісов	99
Революциянын қыршын құрбаны	100
Қанды оқиға	108
Қарқаралы сапары қаһында	112
Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды	120
Қиылған қыршынынан есіл ер-ай!	125
Халық игілігіне қызмет еткен күрескер	127



«Жебе» баспа үйінде беттеліп, басылды.
Офсеттік басылым. Таралымы 30 дана.
Тапсырыс:426.

«Жебе» баспа үйі. Шымкент қаласы,
Т.Айбергенов көшесі №3, 1 үй.
8(7252) 56 69 66, 8(700) 068 70 00